

ҚАЗАҚ ТІЛІ

6-СЫНЫПҚА АРНАЛҒАН ОҚУЛЫҚ

*Өзбекстан Республикасы Халыққа білім беру
министрлігі бекіткен*

Төртінші басылымы



ТАШКЕНТ — «O‘ZBEKISTON» — 2013

УЎК 821. 512.133-512.122
КБК 81.2 Қаз-922
И 83

Авторлар тобы:

Ә. Исабаев, **С. Исаев**,

Ж. Дәулетбекова, Г. Нишанова

Пікір жазғандар: Педагогика ғылымдарының кандидаты,
профессор **А. Қалдыбекова**;
Педагогика ғылымдарының кандидаты,
доцент **Е. Абдувалитов**;
Ташкент облысы, Төменгі шыршық ауданына
карасты 40-мектептің мұғалімі **Х. Савдашева**.

Қоғамдық негізде арнаулы редакторы — **Жолдас Асабаев**, педа-
гогика ғылымдарының кандидаты, доцент.

Өзіндік (практикалық) тапсырмалар

Оқулықтағы шартты белгілер:

* — күрделі тапсырма

■ — шығармашылық тапсырма

§ — грамматикалық түсінік

**Республикалық мақсатты кітап қоры есебінен
жалға беру үшін басылды**

ISBN 978-9943-01-386-5

© «ЎЗБЕКИСТОН» баспасы, 2004
© «O'ZBEKISTON» БПШҮ, 2005
© «O'ZBEKISTON» БПШҮ, 2009
© «O'ZBEKISTON» БПШҮ, 2013

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ ҚҰТТЫ БОЛСЫН, БАЛАЛАР!



Оқысандар, балалар,
Шамнан шырақ жағылар.
Тілегенің алдыңнан,
Іздемей-ақ табылар.
Кел, балалар, оқылық!
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық!

(Ы. Алтынсарин)

§ 1. ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ТӨРКІНІ — ТҮРКІ ТІЛДЕР

Қазақ тілі — қазақ халқының ана тілі. Өз тілімізге «Ана» деген ардақты сөзді қосып, ана тілі деп атаймыз. Қазақ тілі түркі тілдері тобына жатады. Түркі тілдері тобына қазақ тілінен басқа қырғыз, қарақалпақ, өзбек, ұйғыр, түрікмен, әзербайжан, түрік, татар, башқұрт, тува, хакас, якут т.б. халық тілдері де енеді.

Бұл тілдердің ішінде қазақ тіліне ең жақындары — ноғай, қарақалпақ, татар, башқұрт, қарачай-балқар тілдері.

Қазақ тілі — Қазақстанда ғана емес, сондай-ақ Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Монғолия, Қытай, Ауғанстан, Иран, Түркия т.б. шетелдерде тұратын қазақтардың да ана тілі.

1-жаттығу. Оқып шығып, мәтіннің мазмұнын айтып беріңдер. Түркі тілдерінің туыс тіл екенін білдіретін мысалды (сөзді) айтыңдар.

Түркі тілінде сөйлейтін халықтар, еркін болмаса да, бірімен-бірі әңгімелескенде түсіне алады. Өйткені көптеген сөздердің дыбысталуы да, мағынасы да жақын. Мысалы: *адам, қол, көл, жер, үй, қара, ақ, қызыл, бір, екі, бес, жеті* т.б. сөздер ортақ айтылады. Бұндай ортақ сөздердің көптігі түркі тілдерінің туыс тіл екенін аңғартады.

2-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып, көшіріп жазыңдар. Сөйлемдердің мағынасын айтып беріңдер.

1. Кімде-кім қаз...ргі уақытта өзінің ана тілін, өзінің әдебиетін сыйламаса, бағаламаса, оны сауатты, м...дениетті адам деп санауға болмайды, ...йткені мұндай адам өзінің ой-өрісі және рухани санасы жағынан бір жақты болып қалады.

2. Қазақ халқының тілі — әрі бай, әрі көркем тіл. Сан алуан көрікті де қанатты сөздер, ше...ендік сөздер мен на...ыл сөздер халық тілінде. Көркемдеп бейнелеуші, өрнектеп мәнерлеуші тәс...лдер де сонда (*М. Әуезов*). 3. Тіл сөйлесу-сөйлеу, оқу-үйрену, жазу-сызу арқылы өседі. Бұл үшеуінің бірде-біріне көңіл аудармау — ең үлкен қылмыс (*Ғ. Мүсірепов*). Түрлі-түрлі байлық бар. Солардың таңдауын берсе, мен тіл байлығын алар едім. Өйткені тіл байлығы — бәрінен де сенімді байлық (*Ғ. Мұстафин*).

§ 2. АНА ТІЛІНІҢ ҚҰДІРЕТІ

Ес білген кезінен бастап адам баласы айнала-дағы жаңа ұғымдарды ана тілі арқылы қабылдап, олардың мәнін түсіне бастайды. Қоғамдық, әлеуметтік, мәдени, рухани байлықтарды адам ана сүтімен ұғынады, туған тілі арқылы игеріп, игілігіне жаратады. Өткеніне көз жіберіп, ой елегінен өткізіп, таразылайды, болашағын болжайды, келешегіне жоспар жасайды.

Ана тілі арқылы адамдар бір-бірімен сөйлесіп, ойын жеткізеді, пікір алысады. Ана тілі арқылы оқып, білім алады, өз отбасында тәрбиеленеді. Ана тілінде халқымыздың өрісін көрсететін әдеби, мәдени туындылар жасалады.

Өз ана тілін білмеген, қадірлемеген адам өзін дүниеге әкелген, мәпелеп өсірген анасын да, ел-жұртын да, Отанын да сүйе алмайды.

Тіл, ең алдымен, адамдар арасындағы қатынас құралы болғандықтан, ол белгілі бір адамдар арасында, қоғамда өмір сүреді де, сол ортада **қоғамдық қызмет** атқарады.

Қазақ тілінің қоғамдық қызметі үй ішінде отбасы мүшелерінің арасында бір-бірімен түсінісіп, сөйлесу үстінде, оқу орындарында білім алу, тәрбие беру істерінде, жұмыс орнында, ұжымда

адамдардың бір-бірімен қатынас жасауы кезінде байқалады. Осыған байланысты қазақ тілі оқу-ағарту, білім-тәрбие саласында, мәдени өмірде (мысалы: театр, концерт, ойын-сауық кештері және т.б.), қоғамдық-саяси өмірде (әр түрлі ресми жиындар, құрылтай, жиналыстар т.б.), ғылым саласында, іс-қағаздар ісінде т.б. өз міндетін атқарып, халқына қызмет істеп келеді.

Жастайынан қиялынды қияға өрлеткен ғажайып ертегілер, шыншыл да сыршыл аңыз-әңгімелер, ерлікті, елдікті дәріптеген батырлар жырлары, шынайы махаббатты мұрат еткен әсем де әсерлі ғашықтық, лиро-эпостық жырлар, береке мен бірлікті мақсат еткен өткір де өміршең шешендік сөздер, халық даналығы — мақал-мәтелдер ана тілінде дүниеге келіп, әрбір адамға сол ана тілінде жетіп отырады. Ана тілінде тараған осындай халық мұраларынан ғибрат аласың, оларды өміріңе өнеге етесің. Одан жақсы, жаманды танып әсерленесің, білуге, білім алуға деген құштарлығың артады. Абайдың даналығына, Махамбеттің батылдығына, Бұқардың ақылгөйлігі мен халқына деген жанашырлығына, Абылайдың данышпандығына, Бөгенбей мен Қабанбайдың ерліктеріне сүйсініп, рухани өміріңе азық етесің. Сондықтан ана тілінің қиын тағдыры үшін күйінуге де, өсіп өркендесе шаттануға да тиіс боласың.

Ана тілінің күші мен құдіретін туған халқымыз әуелден-ақ бағдарлап, сөз өнерін бар өнердің басы деп санады. Мысалы, «Өнер алды — қызыл тіл», «Тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады», «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы — Майқы би», «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар», «Андамай сөйлеген, ауырмай өледі», «Ердің құнын екі ауыз сөзбен бітірген» т.б. сөздер халқымыздың орынды сөзге қандай мән бергенін көрсетеді. Ата-бабаларымыз өзінің асыл мұрасы —

 тіл өнерін келер ұрпағына жеткізіп, оны аялап, қастерлеуді тапсырып отырған.

Оқушылар, сендер осы ата мұраның бүгінгі иесісіңдер. Сондықтан ана тілінде дұрыс сөйлеп, дұрыс жаза білу әр адамның азаматтық парызы болып саналады.

3-жаттығу. Ана тілі, сөз өнері туралы төмендегі мақал-мәтелдердің мәнін айтып беріңдер. Тіл жайында басқа тағы қандай мақал-мәтелдер білесіңдер?

1. Өнер алды — қызыл тіл.
2. Шебердің қолы ортақ,
Шешеннің тілі ортақ.
3. Тіл қылыштан өткір.
4. Бас кеспек болса да,
Тіл кеспек жоқ.
5. Сөз тапқанға қолқа¹ жоқ.
6. Аңдамай сөйлеген, ауырмай өледі.
7. Сөз сүйектен өтеді, таяқ еттен өтеді.

4-жаттығу. Тіл туралы айтқан ақын ойларын түсіндіріңдер.

Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.

* * *

Мақсатым — тіл ұстартып, өнер шашпақ,
Наданның көңлін қойып, көзін ашпақ.

¹Сұрақ, тілек деген мағынада.

* * *

Өлді деуге сыя ма, ойлаңдаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған?

* * *

Жұртым-ай, шалқақтамай, сөзге түсін,
Ойланшы сыртын қойып, сөздің ішін.

(Абай)

§ 3. ӘДЕБИ ТІЛ ЖӘНЕ ОНЫҢ НОРМАЛАРЫ

Тілді бір адам ғана жасамайды және әркім өз білгенінше сөйлей бермейді. Тіл өзі қызмет ететін адамдардың бәріне ортақ, түсінікті болуы керек. Ондай жалпыға ортақ тілді **әдеби тіл** дейді. **Әдеби тілдің** тұрақты **нормалары** болады. Сол нормалар арқылы да әдеби тіл көпшілікке түсінікті әрі бәріне ортақ болып келеді. Көркем әдебиет тілі, ғылыми әдебиеттер тілі, баспасөз тілі — бәрі де әдеби тілде жазылады. Тілді әдеби етіп тұратын нормалар әр түрлі. *Лексикалық норма* — сөзді мағыналарына сәйкес қолдану, *грамматикалық норма* — грамматикалық тұлғалардың орынды жұмсалуды, *фонетикалық норма* — дыбыстардың дұрыс қолданылуы.

Әдеби тіл екі түрде өмір сүреді. Оның бірі — ауызша тіл, екіншісі — жазбаша тіл. Ауызша тіл үй іші, отбасында ғана емес, телерадио хабарларында, жиын-жиналыстарда сөйлеу, адамдардың бір-бірімен бетпе-бет сөйлесуі, диалог арқылы, мұғалімнің сабақ түсіндіруі, оқушының жауабы және т.б. арқылы көрінеді. Жазбаша тіл ойды қағазға жазу арқылы көрінеді. Әр түрлі кітаптар, көркем шығармалар, оқулықтар, газет-журналдар, ғылыми еңбектер және т.б. жазбаша тіл арқылы беріледі. Ауызша, яғни сөйлеу тілінің өз норма-

лары болады. Ауызша тілдің нормалары *орфоэпиялық нормалар* деп аталады. Онда сөздердің бір-бірімен тіркесіп қолданылуындағы бірізділік, үндестік сақталып отырады. Мысалы, *Ақ үйден шыға келді әнші жігіт* деген сөйлем орфоэпиялық норма бойынша: *Ағ үйдөн шыға гелді әнші жігіт* болып айтылады. Екінші сөздегі бірінші ү дауысты дыбысының әсерінен алдыңғы **ақ** сөзінің соңғы қатаң **қ** дыбысы ұянданып, **ғ** болып, *үйден* деген сөздің бірінші буынындағы ү деген еріндік дауысты дыбыстың әсерінен шығыс септіктің жалғауындағы **(-ден)** езулік дауысты **е** еріндік **ө** дыбысына айналып, *үйдөн* болса, *келді* деген сөздің бірінші **к** дыбысы алдыңғы сөздің соңғы дауысты **а** дыбысының әсерінен ұянданып, **г** болып (*гелді*) айтылады. Ал жазуда олар ескерілмейді, орфографиялық норма негізінде жазылады. Сөздердің дұрыс айтылуы *орфоэпиялық сөздіктерде* беріледі де, дұрыс жазылуы *орфографиялық сөздіктерде* көрсетіледі.

5-жаттығу. Тіл туралы жазылған мәтінге мән беріп, ондағы мақалдарға талдау жасандар.

Тіл — адам ойының айнасы. Адамның тіл жұмсау дағдысынан, тіл мәдениетінен оның кім, қандай адам екенін аңғару да қиын емес. Әдетте ойы айқын кісінің сөзі де анық, дәл болады. Ойы таяз, пікірі күңгірт кісінің сөзі де берекесіз болады. Осыған қарап сөйлеу де ұшу сияқты демекпіз. Ұшудың да ұшуы бар: қыран да ұшады, шыбын да ұшады. Сөйлеудің де сөйлеуі бар, ойлы шешен көмекейі бүлкілдеп, көсіле, біліп сөйлейді, ойсыз шешен кібіртіктеп күңгірт сөйлейді. Мәдениетті, білімді азаматтар ана тілінің қыраны сияқты биікке самғайды. Жұрт оларды асқан шешен деп дәріптейді. Бірақ оның да сүрінетін жері болады. «Ине көзінен сынады, шешен сөзінен сынады» демекші,

алды-артын барламай, ойламай сөйлегендер сәтсіздікке ұшырайды. «Андамай сөйлеген ауырмай өледі», «Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле» деген мақалдар тегін айтылмаған.

М.Балақаев

6-жаттығу. Әдеби тіл туралы жазылған мәтіннің мазмұнына көңіл бөліндер. Ондағы сөздерге орфографиялық және орфоэпиялық нормалар бойынша талдау жасандар.

...Әдеби тіл өзіне керек сөздерді халықтың ауызекі тілінен екшеп алумен қатар, өзге тілдерден ауысқан сөздермен, әсіресе, термин сөздермен толықтырады; бұрын бар сөздерден және морфологиялық тұлғалар негізінде жаңа сөздер пайда болады. Егер сол процестер ауызекі не сөйлеу тілінде елеусіз болса, әдеби тілде олар ерекше күш алады. Мысалы, біріккен, кіріккен сөздердің саны бұрын ат төбеліндей аз болса, әдеби тілдің ерекше дамыған кезінде ол мүлде етек алып кетті; Қазаннан бұрынғы қазақ әдеби тіліне араб-парсы тілдерінен кітап, қалам, мектеп, уәде, өмір, отан, мәжіліс сияқты, шамамен айтқанда, екі мыңдай сөз енді, қазіргі әдеби тілде орыс тілінен, орыс тілі арқылы енген 20-30 мыңдай сөз бар. Солар да әдеби тілдің сөздік қорына айналды... .

(«Қазақ әдеби тілі» кітабынан)

Пысықтауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Баланың тілі, ең алдымен, ана тілінде шығады дейміз. Осының себебі туралы ойланып, пікірлеріңді айтыңдар. 2. Ана тілі деген ұғымды сен қалай түсінесің: ол сені дүниеге әкелген анаңның тілі ме, әлде өзің өкілі болып саналатын халқыңның тілі ме? Туған тіл дегенді қалай түсінесің? 3. Ана тілі арқылы нені үйреніп, білесіңдер? 4. Мәдени және рухани байлық дегенді қалай түсінесіңдер? 5. Ана тілінде білім, тәрбие алу дегенді қалай түсінесіңдер? 6. Ана тілін білмеген адам туған халқын, Отанын, елін сүйе ала ма? 7. Ана тілінде бізге көнеден жеткен даналық, шешендік, ерлік, елдік өнер, білім туралы қандай сөздерді (шығармаларды) білесіңдер? 8. Ана тілінің қадір-қасиеті туралы өз ойларыңды жазыңдар. 9. Қазақ тілінің қоғамдық қызметі дегенді қалай түсінесіңдер?

§ 4. ӘДЕБИ ТІЛ МЕН МӘТІННІҢ БАЙЛАНЫСЫ

Әдеби тілдің өмір сүріп, дамуы, қоғамдық қызметі, негізінен, жазба әдебиетпен байланысты. Әдеби тілдің әр түрлі қасиеттерін, мысалы, нормалық, жүйелік сипаттарын, дамуын, қоғамдық қызметтерінің алуан түрлі екенін танып-білу үшін жазба әдебиеттің әр түрінен мысалдар келтіріп отырамыз. Ол мысалдар жеке сөйлемде ғана емес, үлкен-үлкен үзінділер болып та келеді. Әдетте, ондай үзінділерді **мәтін** деп атайды. Яғни, **мәтін** деп **айтылған ой-пікірдің, белгілі бір шығармашылық жұмыстың, біреудің шығармасының не оның үзіндісінің қағазға түскен немесе ауызша айтылған түрін** айтады. Мәтін өзара байланысты бірнеше сөйлемнен тұрады да, олардағы ойлар жинақталып келіп, автордың (жазушының, ғалымның, зерттеушінің және т.б.) белгілі бір пікірін, көзқарасын білдіреді. Ол көркем шығарма да, публицистикалық шығарма да, ғылыми әдебиет те болуы мүмкін. Ғылыми әдебиет әр түрлі ғылым саласына, мысалы, биология, астрономия, экономика, медицина, химия, математика, тіл білімі, тарих, әдебиет, физика, техника және т.б. қатысты болып келеді.

Мәтіннен әдеби тілдің сөздік құрамын, сөз байлығын, сөз қолданылуының мағыналық ерекшеліктерін, арнайы сөздердің, терминдердің, жаңа сөздердің, жергілікті сөздердің, басқа тілден сөз алу, тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдердің қолданылу сипатын көріп, айқындаймыз.

Тілдің негізгі мағыналы бөлшегі сөздер (лексика) екені, ал оның өзі жеке дыбыстардан тұратыны белгілі. Дыбыстардың қолданылу ерекшеліктері мен сипаты да, дыбыстық (үндестік) заңдылықтарының қолданылу шеңбері де мәтін-

нен және содан алынған жеке сөйлемдер мен сөздердің қолданылуынан көрініп отырады.

Тіл ойды білдірумен байланысты болса, **ойды білдіре алатын ең кіші тілдік бөлшек — сөйлем.** Сөйлемнің құрылымы мен құрылысы, сөздердің бір-бірімен байланысқа түсіп барып сөйлем құрауы, жеке сөздердің сөйлем ішінде синтаксистік қызмет атқарып, сөйлем мүшесі болуы, сөйлемнің түрлері, төл сөз, сөздердің жасалуы мен оның жолдары және т.б. тілдік құбылыстар мәтін арқылы, мәтінді құрайтын жеке сөйлемдерден көрініп отырады да, солар арқылы түсініліп айқындалады.

Адамдар бір-бірімен тіл арқылы түсінісетін болса, сол тілдің басты құралы — сөз. Яғни, **сөз** дегеніміз — **заттың, түрлі құбылыстың, қимыл-әрекеттердің атауы.** Әрбір сөздің білдіретін жеке ұғымы болады. Мысалы, *қар* деген сөздің білдіретін ұғымы — түсі ақ, салқын, еріп, суға айналатын зат. *Парта* — ағаштан жасалған оқушының мектептегі құралы, отыратын орны.

7-жаттығу. Берілген сөздердің қандай ұғымды білдіретінін, яғни мағынасын анықтандар.

Қайырым, әділ, Отан, құсбегі, атбегі, шабандоз, нағашы, жиен, туыс, бөкен, қырық, алпыс, инабатты, міндет, құда, жеңге, құдаша, өкіл әке, жайылым, шабындық, егістік, атамекен, шапағат, сері, жомарт, сергек, сезімтал, көсем, шешен.

* Мағынасы жақын сөздерді іріктеп алып, солар бойынша бірнеше сөйлем не шағын мәтін құрандар.

8-жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқындар. Ауыспалы мағынаға ие болып тұрған сөздерді теріп жазындар.

САҒЫНДЫМ

Абақтыда айдан, күннен жаңылдым,
Сарғайдым ғой, сар даламды сағындым.

«Қарашығым, құлыным!» деп зарлаған,
Алыстағы сорлы анамды сағындым.

Алтын күнді, қара жерді сағындым,
Жан жолдасым — жүйрік желді сағындым.
Асау тайдай еркелетіп өсірген,
Ағайынды, туған жерді сағындым.

(М. Жұмабаев)

* Мәтіндегі орфоэпиялық нормаларға сай құбылысты айтындар.

* Мәтіндегі ақын сезімін өз сөздеріңмен әңгімелендер.

* Мәтіннің мазмұны мен тақырыбында үндестік бар ма?

9-жаттығу. Байырғы түбір сөздерді, жұрнақ арқылы жасалған сөздерді, сөздердің бірігуі, қосарлануы, тіркесуі арқылы жасалған сөздерді баған-баған бойынша бір-бірінен ажыратып жазындар.

Адал, әдепті, жігер, күш-қайрат, еңбекқор, өнерпаз, зейінді, кішіпейілділік, біл, айт, батылдық, көркем-деуші, ағайын-туған, жеті ата, тоңазытқыш, азамат, керек-жарак, керек құлаш, кемел, кемеліне келу, ән, әнші, дәрігер, орын, орындық, қаламұш, басқұр, желбау, тәлім-тәрбие, Қызылорда, Талдықорған, әрқашан, әжептәуір, темір жол, аяқ киім, құла жирен, теңбіл көк, лап қою, жәрдем етіп жіберу, көк тайғақ.

10-жаттығу. Мәтінді мәнерлеп оқып, ондағы орыс тілінен енген сөздерді атандар.

ОҚУМЕН, ҒЫЛЫММЕН ТАБЫЛҒАН

Орман төңірегі ор. «Окоп» дегені ор екен. Таң атса, жігіттер ор қазуға кетеді. Түсте бір тынығады. Күрс-күрс зеңбірек даусы естіліп жатады. Дүрілдеп автомобиль өтіп жатады. Қақ төбеден дарылдап аэроплан келіп қалады. «Қаш», жат!» деген айғай шығады. Жігіттер тым-тырақай жата қалады.

Қартқожаға «пароход, поезд, автомобиль, аэроплан, окоп, бомба, гранат, пулемёт, самолёт» деген сөздер

ауылдағы «Сәрсенбай, ала сырмақ, қара кебеже, торы байтал» дегенмен бірдей болып кетті. Бірақ аты таныс болғанмен, қандай тетікпен зымырап жүргеніне миы жетпейді. Машинамен, мотормен, бумен, бензинмен, спиртпен жүреді деп естиді. Қартқожа бұларды орыстың, татардың білетін оқыған кісілерінен сұрастырды. Олар «оқумен, ғылыммен табылған» деп түсіндіреді.

(Ж. Аймауытов)

* Мәтіндегі ой бөліктерін анықтандар.

* Мәтінде қай жылдардағы оқиға көрініс тапқан? Орыс сөздерінің ену себебін айтындар.

11-жаттығу. Басқа тілден енген мына сөздерді көшіріп жазып, олардың қалай жазылатынын ұғып алындар. Орфографиялық нормаға қатысын анықтандар.

Гидрология, **биология**, агроном, агротехника, педагог, медицина, спорт, хирург, плакат, **конституция**, радио, адвокат, геометрия, молекула, альбом, асфальт, **автомобиль**, терминал.

* Қарамен жазылған сөздерді қатыстырып шағын мәтін құрандар.

12-жаттығу. Мәтінді оқындар. Қарамен жазылған сөздерді сөздік дәптерлеріне көшіріп жазып, мағынасын түсініп алындар. Жылқы малына және оның ер-тұрманына қатысты сөздерді түгелдей атап шығындар.

ТОРЫ АТ

Торы ат екі күннен бері пайда болған үстіндегі адамды танымайды, түстеп те көрген жоқ. **Төрт-бақтау** келген **қапсағай** жігіт **үзеңгіге** аяқ артқан сайын, көзінің қиығымен осқырына қарап, шыр көбелек айналып, беліне сылқ етіп ауыр дене қонар-қонбаста жұлқа тартты.

Үйретілгелі жылқышылар бір-екі мінгені болмаса, жаздай **табында** да құр жүрген оқтаудай шайпау торы алақашпа **асаулығына** басып, оқтай атылар еді.

Бірақ үстіндегі адамның қарулы қолы тізгінді іле жинап алып, сірестіре тартқанда, еріксіз көндіріп, бұлкекке түседі.

(С. Жүнісов)

* Мәтіннің қай түрге жататынын анықтап, ойларыңды дәлелдендер.

13-жаттығу. Мәтінді рөлге бөліп оқыңдар. Шешендік сөздерге мән беріп, одан үлгі алыңдар. Сөздердің мағыналық топтарын саралап жазыңдар (синоним, омоним, антоним).

ШЕШЕН ҚЫЗ

Мыңғырған малға, сұлу табиғатқа қызыққан қалмақ басқыншылары қазақ жеріне шабуыл жасайды. Бірақ қазақтар бас қосып, басқыншыларға соққы береді, оларды жеңеді. Ұрыста көп олжамен бірге Қарқара деген қалмақтың батыр, шешен қызы қолға түседі. Қыздың сұлулығына әрі ұрыста көрсеткен ерлігіне тәнті болған қазақ батырлары ол үшін өзара таласып қалады. Мұны естіген Қарқара:

— Өзі көсем, өзі шешен,
Қазақ еді менің шешем.
Қолымды егер босатсандар,
Тағдырымды өзім шешем, —

деп бір ауыз өлең айтыпты.

Қолын шешкеннен кейін:

— Енді мені ру басына апарыңдар, — деп өтінеді ол.

Ру ақсақалының алдына келген соң:

— Уа, қазақ бабамыз,
Біз де сенің балаңыз.
Сенбесеңіз, айтайын:
Қазақ еді анамыз.
Қалмақ, қазақ соғысып,
Қанға бөкті далаңыз.

Қайтсек тату боламыз?!
Қара қалмақ қол жиып,
Қару-жарақ мол жиып,
Қайта келсе қыруға,
Қазақ, қандай шамаңыз? —

дейді қыз.

Мұны естіген ақсақал:

— Әйел заты болсаң да, еркекпен тең екенсің,
ақылға кен екенсің. Өзің не айтасың? — деп сұрақ
қояды.

Қыз бұған:

— Егер маған тең келер жігіт болса елінде,
қылыш болсын белінде, дулыға болсын басында,
шоқпар болсын қасында. Мен соған барамын, —
депті.

(«Ел аузынан» кітабынан)

* Мәтінді орфоэпиялық нормаларға сай оқуға көңіл бө-
ліндер.

14-жаттығу. Көшіріп жазып, омоним сөздердің астын сы-
зындар.

Тоқсанға келген жасым бар,
Көпті көрген басым бар...

* * *

Жасаулы жас қарағай —
Жас өспірім баладай.

(Жамбыл)

Көк ала бұлт сөгіліп,
Күн жауады кей шақта.
Өне бойың егіліп,
Жас ағады аулақта.

(Абай)

Қара түнде қара баспаса, Ертісті арлы-берлі
кезген қайықшыны қашан көрдің?

(М. Әуезов)

Қарсақ жортпас қара адыр,
Қарамай неге шабасың?

(Абай)

15-жаттығу. Мәтінді оқындар. Ондағы сөйлемдерден синоним сөздерді топ-тобымен бөліп жазындар. Синонимдердің ойды қалай әрлендіріп тұрғанын көрсетіндер.

ӘБІГЕР

Қартқожаның үйі жайрап жатыр, әбден бүлінген, шаруасы күйзелген. Туысқандарының, ауылдың түрі —мынау. Ағайыннан енді қайран жоқ. Бұрынғы сенімі, бұрынғы ынтасы, талабы, үміті — бәрі де жоққа шығып, қарусыз, құралсыз, жапан түзде жалғыз қалғандай көрінді. Ауыл кісілері шаңқылдап сөйлесіп, біреуді мінеп, біреуді шенеп жатты. Қартқожа ешкімге тіл қатпады.

(Ж. Аймауытов)

16-жаттығу. Олең шумақтарын көшіріп жазып, антоним сөздердің мағынасын түсіндіріңдер. Антонимнің сөйлемдегі ойды білдіру ерекшеліктеріне назар аударындар.

Дүниеде түрлі-түрлі адамдар бар,
Жақсы да, арасында жаман да бар...
Бір күні жарлы отырып ойға қалды,
Байларға ең бір сараң көзін салды.

(А. Байтұрсынов)

Саулық берсін жасыңа, кәріңе де,
Жазылмайтын дертім бар дәріңе де.
Сыртым бүтін болғанмен ішім түтін,
Төзіп келем әйтеуір бәріңе де.
Соңы қалды өмірдің басы кетіп,
Жаратқан ба табиғат жасық етіп?!

(Қ. Мырзалиев)

17-жаттығу. Мәтінді оқи отырып, көп нүктенің орнына тиісті термин сөзді қойындар. Төмендегі сұрақтарға жауап беріндер.

Сөздер өзінің мағынасынан басқа да мағынада қолданыла береді. Бірнеше мағынада қолданылатын сөздерді ... дейді. Көп мағыналы сөздер көркем шығармаларда жиі қолданылады. Ақын-жазушылар өздерінің шығармаларында кейбір сөзді екі не үш мағынада қатар алып жұмсай береді.

(С. Исаев)

Екі күймек бір жанға әділет пе,
Қаны қара бір жанмын, жаны жара.

* * *

Ашиды жаның, қайнайды қаның
Мінездерін көргенде.

(Абай)

* Көп мағыналы сөздер мен омонимдерді қалай ажыратуға болады? Олардың ойды білдірудегі ерекшеліктері қандай?

18-жаттығу. * Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін пайдалана отырып, бес көп мағыналы және бес омоним сөз теріп жазындар.

Пысықтауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Әдеби тіл мен мәтіннің қарым-қатынасы, байланысы қандай? 2. Мәтін дегенді қалай түсінесіндер? 3. Мәтіннің сөздік құрамға, сөз қолданысқа, сөзжасамға, сөйлемге қатысы қандай? Осылардың мәнін түсінбей, мәтіннің сипатын анықтау мүмкін бе?

19-жаттығу. Мәтіннен жалпылама қолданылатын қарапайым сөздер мен термин сөздерді ажыратындар. Терминдерді теріп жазып, ғылымның қай саласына қатысты екенін айтындар.

Үлгі: *органикалық заттар* — биология ғылымына қатысты термин.

К.А. Тимирязев органикалық заттар түзудегі күн жарығы мен хлорофилдің маңызды рөлін анықтап

берді. Қоректенген өсімдік өседі, гүлдейді, онда жеміс пен тұқым пісіп-жетіледі.

Бау-бақша, орман, жасыл саябақтар адамның тіршілігі үшін өте қажет. Өсімдіктер оттегін бөліп шығарып, көмір қышқыл газды бойына сіңіреді, ауаның ішіндегі тозаңды ұстап қалады, күшті жел мен боранға тосқауыл болады. Ағаш бұтағының көлденең кесіндісін микроскоппен қарасақ: тоз ұлпаларының қабаты өңнің астында орналасады. Өң мен тоз — жабын ұлпалар.

(«Биология» оқулығынан)

* Осы мәтінге ат қойындар. Сол тақырып пен мәтін мазмұнының байланысына назар аударындар. Терминдердің жазылуына мән беріндер.

20-жаттығу. Мәтіндегі көп нүктенің орнына төменде берілген қажетті терминдердің тиістісін қойып жазындар.

Үлгі: Сендер географияны оқуға кірістіңдер.

Сендер ... оқуға кірістіңдер. Ол ... география болып үлкен екі бөлікке бөлінеді. Жер шарын ... зерттейді. Жерді зерттеуде ... мен ... рөлі зор. Географияны оқуды ... және ... танысудан бастаймыз. Қазіргі кезде жердің планын ... арқылы жасайды.

(«География» оқулығынан)

Керекті сөздер: география, физикалық және экономикалық, ғалым-географтар, Жердің жасанды серіктері, ғарыш кемелері, план, карта, аэрофотосурет.

21-жаттығу. Орыс тілінен енген кейбір сөздердің қазақ тілі заңдылығына икемделіп өзгергеніне назар аударындар. Өздерің білетін осындай сөздерді еске түсіріп, дәптерлеріңе жазындар.

Сөмке, кереует, сот, кәмпит, кәрзенке, бәтеңке, пеш, төрелке, тұрба, самаурын, жәшік, доға, пұт.

22-жаттығу. Азық-түлік, тағам атауларына қатысты диалект сөздерді көшіріп жазыңдар.

Бодық (қарынға салып пісірген ет), бұрме (тұздап, қайырған ет), құлақ нан (етке салынған нан), әсел (бал), келімдәрі (қызыл бұрыш), төп (сөктен жасалған ботқа), қазанжаппай (қазанға жауып пісірілген нан), кісе нан (ішіне туралған ет салып табаға пісірілген нан).

* Мұғалімнің көмегімен тұрмыстық заттарға байланысты өздерің білетін диалектизмдерді естеріңе түсіріп айтыңдар.

23-жаттығу. Төмендегі сөздерді қандай кәсіпке, қандай мамандыққа байланысты қолданылатынын айтыңдар.

1) айыр, күрек, тырма, орақ, шалғы, соқа, кетпен, шот; 2) балға, төс, қайрақ, қалып, пышақ, таспа, тарамыс, біз, шеге; 3) ине, жіп, қайшы, мата, мақта, астар, тыс, жаға; 4) мектеп, оқушы, оқулық, қоңырау, дәріс, үзіліс; 5) жүген, үзенгі, ер, таға, шылбыр, құрық, тартпа.

24-жаттығу. Төмендегі көнерген сөздердің мағыналарын анықтап, бір бағанға архаизмдерді, екінші бағанға историзмдерді бөліп жазыңдар.

Болыс, ауылнай, сарбаз, атшабар, атқамінер, саратан, зауза, қауыс, сәуір, бастаңғы, отырмақ, бөстек, шекпен, хан, ханзада, би, сұлтан, дабыл, жадағай, жаппа, кәтеп, қосын, шеру, көбе, адырна, сүңгі, алаш, қорамса, ақырет, жатақ, желек.

25-жаттығу. Төмендегі сөздерді оқып, тілде мұндай сөздерді не деп атайтынын және оның себебін түсіндіріңдер.

Жасанды жер серігі, атом мұзжарғышы, ғарыш, ғарыш айлағы, ғарышкер, планетааралық станция, көрермен, оқырман, аялдама, жұлде, жұлдегер, орбита, отбасы, тілші.

26-жаттығу. Мәтінді оқып, неологизмдерді теріп жазындар.

I. Біз ғарышты меңгеру ғасырының бас кезінде — ғарыш кемелерінің Жерді айнала ұшып шығу кезеңінде өмір сүріп отырмыз. Жер серігі және оның ішінде барлық денелер ғарышкермен бірге Жерді айнала еркін ұшқанда салмақсызданады. Жер серігі ішіндегі бекітіліп қойылмаған заттар еркін қалықтап жүреді. Ғарышкер аяғын немесе қолын көлбете созып тұру үшін ешқандай күш жұмсамайды.

(«Физика» оқулығынан)

27-жаттығу. Берілген неологизмдерді қатыстырып сөйлем құрастырып жазындар.

Үлгі: *Ауыл шаруашылығында жаңашылдардың бастамасы қолдау тапты.*

Жаңашылдар, атом энергиясы, өндіріс салалары, өнертапқыштар, жүлдегер, көрермен, оқырман, аялдама.

28-жаттығу. Өздерің білетін тұрақты сөз тіркестерін дәптерлеріңе жазып, олардың білдіретін мағынасын айтындар.

29-жаттығу. * Мәтінді оқындар. Мәтіннің қай ғылым саласына қатысты екенін ажыратындар. Ойларыңды дәлелдендер.

Мақал-мәтелдер — халық даналығының, көрегендігінің айнасы, тіл байлығының алтын қазынасы.

Мақалдарда ой түйінді пікір, өсиет, ереже тәрізді болып, көбіне ауыспалы, астарлы мәнде тұжырымдалып айтылады. Мысалы:

1. Ер жігіттің екі сөйлегені — өлгені,
Еменнің иілгені — сынғаны.
2. Жақсыдан — шарапат, жаманнан — кесепат.
3. Өз басыңды дауға берсең де,
Жолдасыңды жауға берме.

Мәтелдерде айтылатын негізгі ой жанамаланып, сілтеме-ишара түрінде беріледі. Мысалы:

1. Күш атасын танымас.
2. Айласыз батыр алдырар.
3. Нар тәуекел — ер ісі.
4. Ер есімі — ел есінде.

Мақал-мәтелдердің көпшілігі ауыспалы, келтірінді мағынамен беріледі. Мысалы:


1. Әркімнің өзі шығар биігі бар.
2. Кісінің шырайына қарама, райына қара.
3. Оқ жетпес жерге қылышынды суырма.

30-жаттығу. Мақалдарды бір бөлек, мәтелдерді бір бөлек көшіріп жазыңдар.

1. Ер қаруы бес қару.
2. Күш атасын танымас.
3. Бөріктің намысы бір.
4. Көз қорқақ, қол батыр.
5. Жауды басындырма,
Жақынды ашындырма.
6. Батыр болсаң, жауды қайтар,
Шешен болсаң, дауды қайтар.
7. Достан сырынды жасырма,
Дұшпанды басыңнан асырма.
8. Ер намысы — ел намысы.
9. Жығылған күреске тоймайды.
10. Жылы киім тәнді жылытар,
Жылы сөз жанды жылытар.

31-жаттығу. Оқу мен білімге, тәрбиеге, халықты, елді, Отанды, ата-ананы сүюге, ерлікпен ел қорғауға, достыққа, жақсылық пен жамандыққа байланысты өздерің білетін мақал-мәтелдерді дәптерлеріңе жазыңдар.

32-жаттығу. Суреттегі заттардың аттарын анықтандар. Алпамыс, Қобыланды, Ер Тарғын, Ер Төстік сияқты батырлардың бірін кейіпкер етіп алып, оның соғысып жүрген сәтін көздеріне елестете отырып мәтін құрандар. Мәтінге суреттегі заттардың атауларын кіргізіндер. «Ер қаруы — бес қару» деген сөзге мән беріндер.



Пысықтауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Сөздік құрам дегенді қалай түсінесіндер? 2. Жалпылама сөздер деген не? 3. Термин сөздердің ерекшелігі неде? 4. Қазақ тіліне басқа тілден енген қандай сөздерді білесіндер және олар қай тілден енген? 5. Кәсіби сөздер мен диалектизмдер деген не? Қазақстанның жекелеген аймағындағы жергілікті тіл ерекшеліктеріне ғана тән қандай сөздерді білесіндер? 6. Көнерген сөздердің ерекшелігі неде және оның қандай түрлері бар? 7. Неологизмдердің мәні неде және оның терминдермен байланысы қандай? 8. Тұрақты тіркестердің мәні мен ерекшелігі неде және оның еркін сөз тіркесінен айырмашылығы қандай? 9. Мақал-мәтелдердің өзіндік ерекшеліктері неде? Тұрақты тіркестермен ұқсастығы қандай?

ОРФОЭПИЯ ЖӘНЕ ОРФОГРАФИЯ

Сөздер қалай жазылса, солай оқыла және айтыла бермейді. Олар қалыптасқан орфоэпиялық нормаға сәйкес оқылады. Орфоэпиялық сөздік орфографиялық сөздіктің негізінде құрастырылып, сөздердің дұрыс айтылу ерекшеліктерін танытады.

Бұл сөздіктегі сөздер де, тәжірибеде қолданылып жүрген басқа сөздер сияқты, алфавит тәртібімен беріледі. Сөздікке жазылуы мен айтылуы арасында айырмашылығы бар түбір сөздер, туынды сөздер мен күрделі сөздер, сөз тіркестері, қосымша жалғанғанда өзгеріске ұшырайтын кейбір тұлғалар енгізіледі. Сөздікке енген сөздер екі баған етіп беріледі. Бірінші бағанда сөздердің емлесі бойынша жазылуы, екіншісінде қалай айтылатындығы көрсетіледі. Мысалы:

Жазылуы:

еркін күш
жирен көк
қырын кету
құлан құрық
жасырын хат
жирен қасқа
Иманбек

Айтылуы:

еркін гүш
жирен гөк
қырың гету
құлан ғұрық
жасырың ғат
жирен ғасқа
Имамбек

Сөздерді орфоэпиялық норма бойынша айтуда дыбыстардың үндесу заңдылығы ерекше орын алады. Сөйлеу кезінде сөз бен сөздің, дыбыс пен дыбыстың, түбір мен қосымшаның аралығында болатын мұндай құбылыс орфоэпиялық сөздікке арқау болады. Осы заңдылықты толық меңгерген адам сөзді дұрыс айтып, тілдің үнділік, көркемдік қасиетін сақтай алады.

(С. Исаев)

33-жаттығу. Берілген сөздер мен тіркестерді оқып, жазылуы мен айтылуын салыстырындар.

Жазылуы:

жұмысшы
сөзсіз

Айтылуы:

жұмышшы
сөссіз

газ жолы
көз жазбау
боз жорға
салт басты
күш-жігер

гаж жолы
көж жазбау
бож жорға
салт пасты
күш-шігер

34-жаттығу. Төмендегі сөздерді орфографиялық норма бойынша жазыңдар.

Үлгі: *енгізу, бұрынғы, ...*

Енгізу, бұрынғы, түнге ғарай, күнге ғарай, күнге, көг лақ, жоғ іздеу, жатағ үй, қақпаң ғұру, башшы, көг өгіз.

35-жаттығу. Берілген сөздердің мағыналарын анықтап, түсіндірме сөздіктің үлгісімен жазыңдар.

Үлгі: Құнт — *ұқыптылық*. Хат жазуға да құнт керек.

Құнт, қыркүйек, етікші, көлеңке, қырка, күту, қолдаушы, ақпан, перзент, ағайын, құда, иманды, жомарт.

Пысықтауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Жалпылама қолданылатын сөздердің ерекшелігін еске түсіріп, түсініктерінді мысалдармен дәлелдеп айтыңдар. 2. Диалектизм дегеніміз не? Оларға мысалдар келтіріп, диалектілік ерекшеліктерді дәлелдендер. 3. Көнерген сөздердің ерекшеліктері қандай? Олардың түрлеріне мысалдар келтіріңдер. 4. Термин сөздердің ерекшелігі мен қызметін еске түсіріңдер. Қандай терминдерді білесіңдер және олар ғылымның қандай салаларына қатысты? Ғылымның әр түрлі саласына қатысты терминдерге мысал келтіріңдер. 5. Тұрақты тіркес пен сөз тіркесінің айырмашылығын және олардың өзіне тән ерекшелігін мысалдар арқылы салыстырып айтыңдар. 6. Сөздіктердің мақсаты мен міндетін, сөздікте сөздердің берілу тәртібін еске түсіріңдер.

36-жаттығу. Әңгімені өз беттеріңмен 1-2 рет оқып шығып, ІІІ жақтан баяндап, мазмұндама етіп жазыңдар.

...Мен тұра қаштым. Апам:

— Қымызы да өлсін. Қымыз деп баламды өлтір-мекшісіз бе, дәдәсі? — деген ащы даусын естідім.

Апамның айтуына қарағанда, әкем кейін бұл қылығына өзі өкінген екен. Кім білсін, басына ауыр күн туатынын сезіп жүргендіктен болар, бір мезет менің көңлімді ауыртқаны есіне түсіп, оны көңлімнен шығармақшы болған шығар, әйтеуір, өмірімде бірінші рет басымнан сипап, балмұздақ алып беруге ант етті.

Көшенің арғы бетінде қаланың саябағы болатын. Сол саябаққа кіре берісте әр түрлі су, жеміс шырындары, балмұздақ сататын кішкентай-кішкентай дүкеншелер бар еді. Қарасақ, дүкендер жабылып қалған екен. Әкем қатты ренжіді:

— Өмірімде бір рет саған балмұздақ әпермекші едім, ол да бұйырмады-ау, балам! — деді ол өкінішпен терең күрсініп.

(Адил Яқубов)


37-жаттығу. Өленді мәнерлеп оқып, Абылай туралы не білетіндеріңді айтыңдар. Ақынның сөз қолдану шеберлігіне назар аударыңдар.

Ай, Абылай, сен он бір жасыңда
Әшейін-ақ ұл едің.
Он бес жасқа келгенде,
Арқада Әбілмәмбет төренің
Түйесін баққан құл едің.
Абылай атың жоқ еді,
Сабалақ атпен жүр едің.
Оны да көрген жерім бар,
Жаныс Қарабайдың қолында
Түнде туған құл едің.
Жиырма беске келгенде,
Бақыт берді басыңа,

Тақыт берді астына.
Отыз жасқа келгенде,
Дүниеге кең едің.
Отыз беске келгенде,
Қара судың бетінде
Шайқалып аққан сең едің.
Қырық жасқа келгенде,
Алтын тонның жеңі едің.
Қырық беске келгенде,
Жақсы-жаман демедің.
Елу жасқа келгенде,
Үш жүздің баласының
Атының басын бір кезеңге тіредің...

(Бұқар жырау)

38-жаттығу. Суреттегі қайың мен теректі айтыстырып, диалог түріндегі мәтін құрандар. Қай сөздерде үндестік заңы байқалады екен, соны анықтаңдар.



39-жаттығу. Өлең мәтініндегі сөздердің түбірі мен қосымшаларын дефис (-) арқылы бөліп жазып, буын үндестігін естеріңе түсіріңдер.

Үлгі: *Жер жүз-і-не ер атақ-ым жай-ыл-ған,*

Жер жүзіне ер атағым жайылған,
Жан емеспін оттан, судан тайынған.

Қайраты мол қандыбалақ қыранмын,
Күн болған жоқ жаудан жүрек шайылған.

Еркін ырғып шыққан асқар Алтайға,
Қырда тұрып садақ тартқан Қытайға.
Талай тайғақ тар кешуде таймаған
Батыр жүрек, қайрат енді алдай ма?

(М. Жұмабаев)

40-жаттығу. Өлең жолдарын буынға бөліп, қалай тасымалданатынын түсіндіріңдер.

Үлгі: *Жа-сым-да ғы-лым бар деп ес-кер-ме-дім,*

Жасымда ғылым бар деп ескермедім.
Пайдасын көре тұра тексермедім.
Ер жеткен соң түспеді уысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім.

(Абай)

Білдірдік елдің сырын, ердің құнын,
Еліріп ерегіске екі-үш күндік.
Кіреді тентек есі түстен кейін,
Мүшкілін халіміздің жаңа білдік.

(А. Байтұрсынов)

Пысықтауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Үндестік заңы дегеніміз не? 2. Үндестік заңы сөздің қай жерінде болады? 3. Үндестік заңының қандай түрлері бар? 4. Буын үндестігінің ерекшелігі неде? 5. Буын үндестігіне бағынбайтын қандай қосымшаларды білесіңдер? 6. Дыбыс үндестігі деген не? 7. Дыбыс үндестігі бойынша қандай дыбыстар қандай дыбыстарға әсер етеді? 8. Ілгерінді ықпал мен кейінді ықпалдың мәні неде? 9. Тасымалдың мәнін мысалмен түсіндіріңдер. 10. Қандай буынды тасымалдауға болмайды? Оған мысал келтіріңдер.

41-жаттығу. Мәтінді оқыңдар. Мәтіндегі ой қандай ғылым саласына қатысты айтылған деп ойлайсыңдар?

Қоғамдағы адамдар бір-бірімен тіл арқылы қатынас жасап, сөз бен сөз тіркестерінен сөйлем құрап,

өз ойын басқаларға жеткізетіні белгілі. Әрине, айтылмақ ой анық, айқын болу үшін сол ойды білдіріп тұрған сөйлем жинақы әрі түсінікті болып, дұрыс құрылуы керек. Сөйлемді құрап тұрған сөздер бір-бірімен дұрыс, табиғи қалыптасқан түрде байланысқа түсуі тиіс. Мағыналық және тұлғалық жағынан дұрыс байланысқан сөздер ғана сөйлемді құрастыруға негіз болады. Сөйтіп, сөйлем ойды білдіреді және белгілі бір тәсілдер арқылы бір-бірімен байланысқан сөздер мен сөз тіркестерінен құралады. Ал сөз тіркесі ойды білдіре алмайды, тек, кем дегенде, екі ұғымның атауы болып тұрады.

(С. Исаев)

* Мәтіндегі өздерің қалаған сөйлемдегі сөз тіркестерін табындар.

42-жаттығу. Сөз тіркестерін, тұрақты тіркестерді және күрделі сөздерді бөлек-бөлек топтап жазындар.

Туған жер, ардақты кісі, қой аузынан шөп алмас, жылқы мінезді, көркем дүние, мәдениет сарайы, мектепке арнау, комбайнмен ору, ауыл жастары, ит тұмсығы өтпейтін, бір жүз елу сегіз, торы ала, қара торы, қабырғамен кеңес, озат оқушы, таза үй.

43-жаттығу. Мәтінді мәнерлеп оқып, тыныс белгілерінін қойылу себебін түсіндіріңдер.

НАҒАШЫ

Ілияс нағашым мені танымады. Оңашада тез танысып, жөнімді айтып алайын деп ойладым.

— Мені танысыз ба?

— Шырағым, жаңылып қалмасам, таныңқырамадым.

— Шын танымадыңыз ба?

— Жоқ, танымадым.

— Сәкенді білуші ме едіңіз?

— Қай Сәкен? Сейфолланың Сәкенін бе? Білем.

— Ендеше, сол Сәкен — менмін, — дедім.

Нағашым селк ете түскендей болды, көздері шеңбердей болды. Танымады, нанбады.

Ішімнен: «Апырым-ай, сонша өзгеріп, түсімнің сонша бұзылып кеткені ме!» деп ойладым. Он шақты айдың ішінде түріме он жылдық өзгеріс енгенін сонда ғана білдім. Менің Сәкен екенімді білген соң, нағашым байғұс жылады.

— Қарағым-ай, қандай халге түскенсің? — деді.

(С. Сейфуллин)

44-жаттығу. Оқыған, естіген әңгімелерінді, ондағы өздеріңе ұнаған кейіпкерлерді естеріңе түсіріңдер. Жазғы демалыста өздеріңе әсер еткен іс-оқиғаларды еске алыңдар. Солармен байланыстырып, «Ауылға барғанда», «Жайлауда», «Маған ұнаған шығарма» деген тақырыптардың бірін тандап алып, шығарма жазыңдар. Құраған сөйлемдерің түсінікті, көркем болуын ескеріңдер. Суретке қарап, табиғат туралы шағын мәтін құраңдар.



Пысықтауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Сөйлем нені білдіреді? Сөз нені білдіреді? 2. Не себепті сөздер сөйлем ішінде байланысқа түсуі керек? 3. Сөз тіркесі мен сөйлемнің арақатынасы қандай? 4. Сөз тіркесінің күрделі сөздер мен тұрақты тіркестерден айрмашылықтары қандай? 5. Бір-бірімен байланысқа түспеген сөздер тіркесе ме? Оның сыры неде? 6. Сөздердің сөйлем ішінде байланысқа түсуінің себебін түсіндіріңдер.

45-жаттығу. Мәтінді оқындар. Мәтін мазмұнына сүйеніп сурет салындар.

Күн қабағы түйілді. Аспанды жапқан қара бұлт қоюланды. Болмашы жел бар. Алыстағы қара түнектің ішінде найзағай жарқылдайды. Ауыл қобалжи бастады. Біреулер үйлерінің бауын тартып байлады. Біреулер арқанмен бастырып жатыр. Әр үйден тоқпақ даусы естіледі. Жұрт қазық қағып жатса керек.

Аман осының бәрін сырттай байқап тұрды. Есік алдында байлаулы жатқан қасқыр күшігіне де көз жіберді.

(Ғ. Мұстафин)

46-жаттығу. Мәтінді көру диктаны етіп жазындар. Тыныс белгілерінің қойылу себептерін айтып беріндер.

ЫНТЫМАҚ

— Адам баласы үшін дүниедегі ең қымбат нәрсе: достық, жолдастық қой, — деп бастады Кәткен әңгімесін. — «Бірлік болмай, тірлік болмас» деген сөзді қазақ халқы тегін айтпаған. Біз бұны соғыста аңғардық. Біздің взводқа қойылған міндет өте үлкен еді. Біз жаудың бетін, назарын өзімізге аудармақ болдық. Ал қалған взвод, роталар барлау міндетін орындау тиісті болды. Тәуекелге бел байлап, іске кірістік. Бәріміз бір кісідей ілгері ұмтылдық.

Фашистер бізді көріп қалды да, атқылай бастады. Бізге қарай автоматтың да, пулемёттің де оғы қардай борады. Мина, снарядтар да жарылып жатыр. Сонда да бар күшімізді салып, ілгері жылжыдық.

(М. Ғабдуллин)

47-жаттығу. Мәтінді оқып, ат қойындар.

Көксерек арлан еді. Сондықтан бұның бойы биіктей берді. Атылып келе жатқан садақ оғындай үнгілген, сүйірленген бір бітімі бар.

Өзі ешкімге ізденіп соқтықпайды. Ит баласына жібімейді. Әлі күнге бір рет жадырап ойнап көрген емес. Әйтеуір атын біледі. Құрмаш пен әжесі шақырса, келеді.

Онда да жүгіріп келмейді. Құйрығын сөлектетіп, бүкендеп қана келеді. Көбінесе анадай жерде көзінің астымен жалт-жұлт қарап жатып алады. Өскен сайын сызданып, суықтанып келеді.

(М. Әуезов)

48-жаттығу. Мақалдарды оқып, сөздердің арасына сызықша қойылу себебін естеріңе түсіріңдер.

1. Ер қанаты — өнер.
2. Ата қоныс — алтын мекен.
3. Ынтымақты ел — сарқылмас көл.
4. Атаның өнері — балаға мұра.
5. Баланың бас ұстазы — ата-анасы.
6. Жақсы жігіт — елдің көркі.
7. Ер намысы — ел намысы.

49-жаттығу. Мәтінді оқып, туынды сөздерді теріп жазындар, олардың қалай жасалып тұрғанын айтындар.

АУЫЛҒА ҚАЙТАРДА

Тінібек үйінің ендігі қонағы: Ұлжан мен Абай, Тәкежан және оның қасындағы үш-төрт жігіттер. Үлкен ағаш үйдің бар бөлмесі көп жасаумен құлпырғандай. Кілем, алаша, сырмақ, түскиіздер қайта тазартылып, қайта жайылған. Елін, аулын сағынумен жүретін Мәкіш шешесін көпке дейін жібермеді. Тінібек құдасы да Ұлжанға «қайтпаңыз, асықпаңыз» деп тілек еткен.

(М. Әуезов)

* Мәтінде қандай ұлттық үрдіс байқалады? Өз сөздеріңмен таратып айтыңдар.

50-жаттығу. Мәтінді оқып, мазмұнына мән беріңдер.

ӘСИЯ

Қыс өтіп, жылы жаз келді. Күн күлімдеп, дүние жасарып, жан-жануар ұйқыдан оянгандай. Әжесінің жұмысы көбейген сайын, тоғыз жасар Әсияның да міндеті арта бермек: кішкентай Өміртайды жұбатады, таңертең үлкен қыздармен бірге суға барады, кейде жамырап бара жатқан бұзауға жүгіреді.



Әсия әжесімен екеуі таңертеңнен кешке дейін бәйбішенің көз алдында жүреді, оларды бәйбіше титтей де бос жүргізгісі келмейді. Бәйбішенің бұйрықтары жаздың ұзақ күнінде құлақтан кетпейді.

(С. Мұқанов)

* Мәтіндегі абзацтардың арасындағы байланысты байқандар. Әсияға мінездеме жазыңдар.

51-жаттығу. Мәтіндегі ойды негізге ала отырып, шығармашылық диктант етіп жазыңдар. Қажетті тыныс белгілерін қойыңдар.

ӨМІР СҮРГІМ КЕЛЕДІ

Мен өмірімде бірінші рет ай жарығында отырып хат жазып отырмын қағазға түскен жолдарды қайта оқып шығу қиын қатесін түзеуге болар емес. Қатем болса өкпелемей олпы-солпысын өздерің түзетерсіңдер деп ойлаймын.

Таң ата айқас басталады фашистер алып отырған қалаға біз шабуыл жасаймыз. Айқасқа кірер

алдында ұйқың келмейді бірдеме істегің келеді сондықтан мен хат жазып отырмын.

Мен өмірді қатты сүйемін менің өмір сүргім келеді деп, бар даусыммен айқайлағым келеді.

(Б. Бұлқышев)

52-жаттығу. ■ Төмендегі тірек сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып, «Сынып міндеттемесі» деген атпен шығарма жазыңдар.

Сынып жиыны, сыныптың төрағасы, біздің міндетіміз, оқушылар саны, өткен жылы, міндеттеме, қаулы, шешім, орындалуы, мақтау қағазы, алғыс, темір және қағаз қалдықтары, қоғамдық жұмыстар, мектеп өмірі, сыныптан тыс жұмыстар.

53-жаттығу. Мәтінді оқып, 5-сыныпта алған білімдерінді естеріңе түсіріңдер. Өздерің мысал келтіріп жазыңдар.

Қоғамдық өмірдің дамуына байланысты жаңа ұғымдарды білдіретін жаңа сөздер пайда болады. Сөздердің пайда болуы мен жасалуының белгілі заңдылықтары бар. Мысалы, *оқушы, оқулық, аялдама, тоқсан, жеті, өнеркәсіп, бүгін, аяқ-табақ* т.б. сөздер әр түрлі тәсілдермен жасалған.

Сөздердің жасалуының бірнеше жолы болады. Мысалы:

- 1) түбірге қосымша (сөз тудырушы жұрнақ) жалғану арқылы;
- 2) сөздердің бірігуі арқылы;
- 3) сөздердің қосарлануы арқылы.

Түбірге қосымша жалғану арқылы жасалған сөздер *туынды түбір* деп, сөздердің бірігуі арқылы жасалған сөздер *біріккен сөздер* деп, ал сөздердің қосарлануы арқылы жасалған сөздер *қос сөздер* деп аталады.

Қазақ тілінің сөздік құрамы *қысқарған сөздер* арқылы да, сөздердің мағына өзгерісі арқылы да толығып, байып отырады.

(С. Исаев)

СӨЗЖАСАМ МОРФОЛОГИЯСЫ

§ 5. СӨЗ ТҮЛҒАСЫ

Сөз түрлі бөлшектерден тұрады. Сөз бөлшектерінің өзіне тән белгілі бір мағынасы және қызметі болады. Мысалы, *жолдастыққа* деген сөз мынадай төрт бөлшектен тұрады: *жол-дас-тық-қа*. Бірінші *жол* бөлшегі «салған із» немесе «сапар» деген мағынаны білдірсе, оған *-дас* қосымшасы қосылған *жолдас* сөзі «серік» деген мағынаны беріп тұр. Бұл сөзге *-тық* қосымшасы жалғанып, адамдар арасындағы қатынас мағынасын білдіретін сөз жасалған. Соңғы *-қа* бөлшегі бұл сөзге жаңа мағына үстеп тұрған жоқ, басқа сөзбен байланыстыру қызметін атқарып тұр.

Сөйтіп, сөздің тұлғасы деген ұғымға **түбір** және **қосымша** деп аталатын бөлшектер кіреді. Сөз жалғыз бір түбірден де (мысалы, *үй, әке, бала* т.б.), қосымшалы түбірден де (мысалы, *маңдайша, өнер-паз, біл-ім* т.б.), екі түбірден де (мысалы, *некен-саяқ, жақсы-жаман, аққу, Марқакөл* т.б.) құралады.

54-жаттығу. Суретке қарап, күз көрінісін бейнелеп жазындар.



■ Сөздерге қосылған қосымшалардың астын сызындар.

55-жаттығу. Сөздерді оқып, олардың құрамын ауызша ажыратындар.

Үлгі: күзетшілік: **күзет** — түбір; **оған** -**ші** жұрнағы қосылғанда, кісі мағынасын білдіреді; **-лік** жұрнағы қосылғанда, қызмет түрін білдіреді.

Күзетшілік, адамшылық, сәнқой, аспаз, бақташы, білімпаз, беделді, ақылды, білгіш, сулық, ақтау, ынталы, жүгіргіш, балықшы, жазушы, күзем, белдік, сенімді.

56-жаттығу. Мақал-мәтелдердегі қосымшалардың түрлерін ажыратындар.

Үлгі: Ел ағасыз болмас: **аға** түбіріне жалғанған **-сыз** қосымшасы — жұрнақ.

1. Ел ағасыз болмас,
Тон жағасыз болмас.
2. Ақылды адам елге қарайды,
Ақылсыз адам өрге қарайды.
3. Берекелі елдің бетін ешкім қақпайды.
4. Жолдасын таппаған ер азады.

§ 6. ТҮБІР МЕН ҚОСЫМША

Сөздің бастапқы мағыналы бөлшегін **түбір** дейді. Мысалы: *жолдастық, сауыншылар, мектептердің, көрінген* деген сөздердің түбірлері — *жол, сау, мектеп, көр*. Себебі бұлар қосымшасыз тұрып та белгілі бір мағынаны білдіреді: *жол* — із немесе сапар, *сау* — сүт алу, *мектеп* — оқитын орын, *көр* — көзбен байқау.

Осы түбірлерге жалғанған **-дас, -тық** (*жолдастық* деген сөзде), **-ын, -шы** (*сауыншы* деген сөзде), **-тер, -дің** (*мектептердің* деген сөзде), **-ін, -ген** (*көрінген* деген сөзде) бөлшектері **қосымша** деп аталады. Қосымша жеке тұрғанда ешбір

мағына білдіре алмайды. Жоғарыдағы **-дас, -тық, -ын** т.б. қосымшаларда ешбір мағына жоқ. Кей қосымша түбірге қосылғанда сөзге жаңа мағына қосады. Мысалы, *жол* — із я сапар болса, *жол-дас* — жолға бірге шығатын адам я серік дегенді білдіретін жаңа мәнге ие болған сөз; *мектеп* — оқу оқитын орын болса, **-тер** деген қосымша сол мектептің біреу емес, көп екенін ғана білдіреді.

Қосымша екі түрлі: **жұрнақ** және **жалғау**. Жұрнақ өзі жалғанған сөздің мағынасын өзгертеді, ол сөзді басқа сөзбен байланыстырмайды. Жұрнақтың өзі екі түрге бөлінеді: **сөз тудырушы жұрнақтар** және **сөз түрлендіруші жұрнақтар**. Түбірдің негізгі мағынасын өзгертіп, оған жаңа мағына беретін жұрнақты сөз тудырушы жұрнақтар дейді. Мысалы: *жол-дас-тық, сау-ын-шы* деген сөздердегі **-дас** пен **-тық** және **-ын** мен **-шы** жұрнақтары жаңа сөз тудырып тұр.

Осындай жұрнақтар арқылы жасалған сөздер **туынды түбір** немесе **туынды сөз** деп аталады. Сөйтіп, *жол, сау* деген сөздер — **негізгі түбірлер** де, *жолдас, жолдастық, сауын, сауыншы* деген сөздер — **туынды түбірлер**.

Бір сөзге бірнеше жұрнақ жалғана береді. Бір түбірден жасалған әр түрлі сөздер **түбірлес сөздер** деп аталады. Мысалы, *өнім, өндіріс, өніс, өнгіш* сияқты сөздердің негізгі түбірі — *өн*.

57-жаттығу. Оқып шығып, сөйлемдердегі қарамен жазылған сөздерді құрамына қарай талдандар. Қосымшалардың түрін (жұрнақ па, жалғау ма) ажыратындар.

Үлгі: адамға: **адам** — негізгі түбір, **-ға** — барыс септігінің жалғауы.

Адамға өмір бойы естен кетпейтін **жақсылық** істеу — екінің бірінің **қолынан** келе бермейді. Құл-нияз ағам мен Кәмила апам маған арнап үй салып, **әкемнің құлаған шаңырағын** көтеріп берді. Мұның

өзі **сыртқы елге** пәлендей бір керемет болып көрінбес те. Бірақ бұл **оқиғаға** мен ерекше қараймын. Осы бір ересен жақсылықтың **түпкі төркінін ағам** мен **апамның адамгершілік асыл қасиеттерінен, биік ақыл-парасаттарынан** іздеймін.

(С. Омаров)

58-жаттығу. Берілген сөздерден жұрнақ арқылы туынды түбір жасап, дәптерлеріңе жазыңдар.

Үлгі: *ой-лы, ...*

Ой, пайда, жаз, оқу, күз, өктем, сый, сықақ, сылдыр, үйір, іс, үлгі, жүз, тәрбие, тәлім, тежеу.

59-жаттығу. Сөздердің түбірі мен қосымшаларын дефис арқылы ажыратып жазыңдар.

Үлгі: *айбын-ды-лық-тан, ...*

Айбындылықтан, әділеттілікті, шаруашылықтар, білгіштік, имандылық, сыйлағыш, кішіпейілділік, тартыншақ, ұрыншақ, тасымалданғандары.

60-жаттығу. Төмендегі сөздерге қосымшалар жалғап, сөйлем құрап жазыңдар.

Үлгі: *Өнерлі жігіт өрге озар.*

Өнер, ақыл, дала, бала, тату, үлгі, тәртіп, таза, оқу.

61-жаттығу. Төмендегі сөздерді үлгіде көрсетілгендей етіп үш бағанға бөліп жазыңдар.

Үлгі:	түбір	туынды	жалғаулы
	сөздер:	сөздер:	сөздер:
	<i>кітап</i>	<i>тасымал</i>	<i>мектепте</i>

Мектепте, тасымал, кітап, даңқ, дана, даналық, ауылға, Отанды, өміршең, айшықты, әсемпаз, елі-

мізден, арқаулы, арқала, қалам, сарай, әуес, басқар, бәйге, баяу, дағды, жидек, жетілгіш, жетілік, сиыршы, құрбысы, дәптерге, үйден, қаланың, түндік, терезе, әңгіме, балажан, әкесі, бақ, кенші, мұнай, құлынның, ағасымен, ыдыс, балалық, мұғалім, өнегелі.

Пысықтауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Сөздердің жасалуы мен сөздік құрамының арасында қандай байланыс бар? 2. Түбірге қосымша қосылу арқылы қандай сөздер жасалады? 3. Түбірдің негізгі белгісі қандай? 4. Түбір мен қосымшаның айырмашылығы қандай? 5. Қосымшаның қандай түрлері бар? Олардың бір-бірінен айырмашылығы неде? 6. Туынды түбір деген не? 7. Туынды түбір мен негізгі түбірдің айырмашылығы қандай? 8. Түбірлес сөздер деген не?

§ 7. ДАРА СӨЗДЕР МЕН КҮРДЕЛІ СӨЗДЕР

Сөздер құрамы жағынан **дара** және **күрделі** болып екіге бөлінеді. Бір ғана түбірден тұратын негізгі және туынды түбір сөзді **дара сөз** дейді. Мысалы: *әке, жолдас, ауыл, аялдама* сияқты сөздер дара болып есептеледі. Себебі бұл сөздер бір ғана негізгі (әке, ауыл) немесе туынды түбірден (*жол-дас*: түбірі — *жол*, *-дас* — жұрнақ; *аялдама*: түбірі — *аялда*, *-ма* — жұрнақ) тұрады.

Екі немесе одан да көп түбірден құралған сөзді **күрделі сөз** дейді. Мысалы, *әке-шеше, ауыл-аймақ, ашудас, бесжылдық, боз торғай, қара торы, он үш* сияқты сөздер күрделі сөздер болып табылады. Себебі бұлар кемінде екі түбірден құралған: *әке-шеше* (әке және шеше), *ауыл-аймақ* (ауыл және аймақ), *ашудас* (ашу немесе ащы және тас), *бесжылдық* (бес және жылдық), *бозторғай* (боз және торғай) *қара торы* (қара және торы), *он үш* (он және үш).

Күрделі сөздер жасалу жолына қарай төрт түрлі болады: **біріккен сөздер** (бүгін, жаздығүні), **қос сөздер** (үлкен-кіші, аяқ-табақ), **қысқарған сөздер** (АҚШ, БҰҰ), **тіркесті сөздер** (шұбар ат, қара көк, жүз бес).

Сөйтіп күрделі сөздер, бір жағынан, сөз тудырудың (сөзжасамның) белгілі жолдары (біріктіру, қосарлау, тіркестіру) арқылы жасалған жаңа сөздер болса, екінші жағынан, күрделі түбір, яғни түбірдің өзінше бір түрі болып табылады.

62-жаттығу. Төмендегі сөздердің қайсысы дара, қайсысы күрделі сөздер екенін ажыратып айтындар.

Арқар, арқан, арқар мүйіз, аспан, аспаз, аспан көк, асқазан, асығып-аптығу, астан-кестен, дәреже, дәнекер, жақсыатты (болу), жол сілтеуші, жомарт, жоңышқа, жолсерік, жылы ұшырау, жылы шырай, көркемөнерпаз, көркем фильм, қарақалпақтар, қарабүлдірген, қара күрең, қара торы.

63-жаттығу. Күрделі сөз түрлеріне мысалдар тауып жазындар.

Үлгі: Біріккен сөздер:	Қос сөздер:
<i>Жезқазған</i>	<i>оңды-солды</i>

Қысқарған сөздер:	Тіркесті сөздер:
<i>АлМУ</i>	<i>қара жұрт</i>

64-жаттығу. Берілген күрделі сөздерді қатыстырып, сөйлем құрап жазындар.

Үлгі: *Балғожа немересі Ыбырайды оқу-өнерге баулыды.*

Балғожа, Құнанбай, Ақтөбе, астан-кестен, ата-ана, он екі, отыз бес, Сарыөзек, қара торы, бірқатар, бірлі-жарым, біраздан соң, бір сарынды, еңбекақы, шаңсорғыш, өнертапқыш, АлМУ.

§ 8. БІРІККЕН СӨЗДЕР

Екі я одан да көп түбірден бірігіп, тұтас бір ұғымды білдіретін күрделі сөздер **біріккен сөздер** деп аталады. Мысалы, *белбеу, баспасөз, ашудас, өнеркәсіп, тоқсан* деген сөздер екі сөзден құралып (*бел* және *бау*, *баспа* және *сөз*, *ашу* немесе *ащы* және *тас* (кейінді ықпал заңы бойынша **т** дыбысы **д**-ға айналып, *тас* сөзі *дас* болған), *өнер* және *кәсіп*, *тоғыз* — *тоқс* және *он-ан*), бір ұғымның ғана атауы болып тұр.

Қазақ тілінде біріккен сөз екі түрлі болады. Бірінде құрамына енген түбірлердің тұлғалары сақталып отырады. Мысалы: *түйеқұс* (түйе + құс), *бұзаубас* (бұзау + бас), *қарақұрт* (қара + құрт), *басмақала* (бас + мақала) т.б. Екіншісінде құрамына енген түбірлердің тұлғалары сақталмай, кейбір дыбыстық өзгерістерге ұшырайды. Мысалы: *биыл* (бұл және *жылы*: бірінші сөздегі **л** дыбысы түсіп қалған, екінші сөздің басындағы **ж** дыбысы **и**-ға айналған), *жаздыкүні* (*жаздың* және *күні*: бірінші сөздері соңғы **ң** дыбысы түсіп қалған, екінші сөздің басындағы **к** дыбысы ілгерінді ықпал заңы бойынша **г**-ге айналған), *түрегелді* (*тұра* және *келді*: бірінші сөздегі дауысты дыбыстар екінші сөздің әсерінен жіңішкеріп **ұ** дыбысы **ү**-ге, **а** дыбысы **е**-ге айналған, екінші сөздің басындағы **к** дыбысы **г**-ге айналған). Бұлар ғылым тілінде **кіріккен сөздер** деп аталады.

Біріккен сөздерге көбіне мынадай атаулар жатады:

1) аң, құс, жәндік, өсімдік атаулары: *қосаяқ, тасбақа, егеуқұйрық, жолбарыс, көкқұтан, теке-сақал, алабота, аққу, қарақұрт, итмұрын, саңырау-құлақ, бәйтерек, бәйшешек* т.б.;

2) географиялық атаулар (жер, су, планета аттары): *Жетіқарақшы, Темірқазық, Ақбозат, Көк-бозат, Сарысу, Қызылорда, Әулиеата, Алакөл* т.б.;

3) кісі аттары: *Орынбасар, Сейілбек, Мұхамет-жан, Қойбағар, Жаңбырбай, Есенәлі, Бейсенбай*, т.б.;

4) дене мүшелері (анатомиялық атаулар): *асқазан, тоқішек, ұлтабар, мойыномыртқа, сегізкөз, тазқарын* т.б.;

5) ауру атаулары: *алаөкпе, көкжөтел, қылтамақ, қарасан* т.б.;

6) ойын атаулары: *алтыбақан, ақсүйек, балтамап, донтаяқ, орынсатпақ* т.б.;

7) ән, күй, өлең аттары: *Сарыжайлау, Сарыарқа, Қараторғай, Кісенашқан, Сегізаяқ* т.б.;

8) қоғамдық өмірге, күнделікті тұрмысқа байланысты әр түрлі атаулар: *баспасөз, қолбасшы, кәсіпорын, шекара, еңбеккүн, отағасы, ақсақал* т.б.;

9) мезгілге байланысты атаулар: *биыл, бүгін, қыстыгүні, жазғытұрым, күздігүні, өнеугүні* т.б.;

10) белгісіздік, болымсыздық мәндегі атаулар: *ешкім, ештеңе, қайсыбіреу, әлдекім, әрқайсысы, ешқашан, кейбір, әрбіреу, әлдеқашан* т.б.

65-жаттығу. Берілген біріккен сөздердің қандай түбірлерден біріккенін көрсетіндер. Біріккен мағыналарын айтындар.

Үлгі: Қаптесер — **қап** және **тесер** сөздерінен біріккен, *тышқанның бір түрі*.

Қаптесер, Темірқазық, Сейсенбай, күркетауық, әлдебір, Қолғанат, Көкбозат, Сатыбалды, Жанбота, Құлагер, Жансүгір, соқырішек, Омарханұлы, Сәтбайқызы, Сейітқұл, Айтқожа.

66-жаттығу. Түбірлері өзгермей біріккен сөздерді бір бөлек, түбірлері дыбыстық өзгеріске ұшыраған кіріккен сөздерді бір бөлек және қандай түбірлерден біріккенін көрсетіп көшіріп жазындар.

Көкшетау. Алтыбақан. Жаздыгүні. Қосаяқ. Қазанғап. Өнеугүні. Белбеу. Айнамкөз. Желмая. Тайбурыл.

Өмірзақ. Бегәлі. Кемпірқосақ. Есенгелді. Екібастұз. Қызылжарқұдық. Қартбай. Нұргелді. Нұрғожа. Нұрғиса. Есенғұл. Қарагөз. Айғыз. Әбілқайыр. Қаламқас. Әбдіқадыр.

67-жаттығу. Берілген сөздерді қатыстырып сөйлем құрап айтындар. Дыбыстық өзгеріске ұшыраған түбірлерге назар аударындар.

Күсепқали, Қоскелді, Дәметкен, Торайғыр, Амангелді, Ұлбосын, Мергенбай, Қандыағаш, Өтепберген, мысыққұйрық, қолғанат, ешқашан, кейбіреу, ақсүйек, өнеркәсіп.

§ 9. БІРІККЕН СӨЗДЕРДІҢ ЕМЛЕСІ

1. Біріккен сөздер әрқашан бірге жазылады. Мысалы: *баспасөз, шекара, қарақұс, әлденеше, әркім, Ақтөбе, Талдықорған, бесжылдық.*

2. Біріккен сөздердің әрбір тұлғасы дыбыстық өзгеріске түскен қалыпта жазылады. Мысалы: *ашудас (ашутас немесе ащы тас емес), ендігәрі (ендігіден әрі емес), сөйтіп (солай етіп емес), Бегәлі (бекәлі емес, бүгін (бұлкүн емес).*

3. *Еш, бір, әр, кей, әлде* деген сөздер есімдермен (мысалы, *еш* сөзі *кім, бір, қандай, қайда, қашан, теңе* сөздерімен, *бір* сөзі *неше, талай, аз, ыңғай, келкі, жола, жолата, қыдыру* сөздерімен, *әр* сөзі *кім, қашан, қайсы, дайым, бір, қалай* сөздерімен, *кей* сөзі *бір, біреу* сөздерімен, *әлде* сөзі *кім, қашан, қалай, қайда* сөздерімен) бірігіп жазылады. Ал жеке тұрып зат есімдердің анықтауышы ретінде жұмсалғанда, бұл сөздер олардан бөлек жазылады. Мысалы: *еш бала, еш жерде, бір мектепте, әр оқушы, кей адам* т.б.

68-жаттығу. Берілген біріккен сөздердің жазылуына назар аударындар. Қандай түбірлерден тұрғанын анықтандар.

Қараөткел. Жаубасар, Жолдыөзек. Сәрсенбек. Есілкөл. Екібастұз. Онкүндік. Итбалық. Түйекұс. Оқжетпес. Жекебатыр. Жезтырнақ. Шотаяқ. Жұмабай. Майбасар. Құнанбай.

69-жаттығу. Төмендегі сөздерді қатыстырып сөйлем құрап жазындар.

Үлгі: Беташар — *әдет-ғұрыпқа байланысты туған жыр.*

Беташар, тоқымқағар, тоғызқұмалақ, асатаяқ, теміржолшы, жанкүйер, шаңсорғыш, алыпсатар, атқамінер, атөкелер.

70-жаттығу. Сөздерді көшіріп жазып, қандай түбірлерден бірігіп жасалғанын үлгідегідей дефиспен бөліп көрсетіндер.

Үлгі: *халық-аралық, ...*

Халықаралық, ауданаралық, пәнаралық, жаратылыстану, шығыстану, абайтану, фотосурет, электрұстара, радиоқабылдағыш, киноқондырғы, ақсақал, Ешкіөлмес, ешқашан, ешкім, ешбір, әлдекім, әркім.

71-жаттығу. Мәтінді оқып шығып, күрделі сөздерді табындар. Олар күрделі сөздің қай түрі екенін айтындар.

ҚИССАЛАР

Қысқы ұзақ түнде ауыл үлкендері жиналып, мектеп балаларына қисса оқытады.

Қазанда басылып шыққан кітаптар Сібірдің жүз он сегіз базары арқылы қазақ еліне тарай берді. «Сал-сал», «Зарқұм», «Рүстем-Дастан», «Бәдіғұл-Жамал» сияқты қиссалар кей ауылдарда бір қыстың

ішінде жиырма-отыз рет оқылып шығады. Бұл кезде Қазанда он төрт кітап баспасы болды. «Ер Тарғын», «Бекет», «Көрұғлы», «Қыз Жібек», «Айман — Шолпан», «Сұлушаш» поэмалары, «Біржан — Сара», «Князь бен Зағипа қыз» айтыстары қайталанып басылды.



(*Ф. Мүсірепов*)

72-жаттығу. Үйде өздерің оқып жүрген көркем әдебиеттерді пайдаланып, күрделі сөздердің әрқайсысына бес-бестен мысал тауып жазыңдар. Сыныпта оларға мағыналық талдау жасандар.

§ 10. ҚОС СӨЗДЕР

Сөздердің қосарланып немесе қайталанып айтылуынан жасалған сөздерді қос сөз деп атайды. Сөздерді қосарлап немесе қайталап қолдану жаңа сөз жасаудың бір жолы болып табылады. Мысалы: *Жан-жануар, адамзат анталаса, Ата-анадай елжірер күннің көзі* (Абай). Бұл сөйлемде *жан-жануар, ата-анадай* деген сөздер — қос сөздер, олар жаңа мағына білдіріп тұр: *жан-жануар* —бүкіл айналадағы, табиғаттағы жанды заттар; *ата-анадай* ең жақын туғандар ата мен анадай деген мағынада, яғни шынайы мейірімділік деген мәнде қолданылған.

Қос сөздер екі түрлі болады: **қайталама қос сөздер** және **қосарлама қос сөздер**.

73-жаттығу. Берілген сөйлемдерден қос сөздерді табыңдар. Қос сөздердің мағынасына көңіл бөліндер.

1. Дәмежан ашық жауап беріп амандығын айтып, Абайдың үй-жайын, ауыл-аймақ, ел-жұртының амандығын байыптап сұрады. 2. Қораның сол жа-

ғында, аласа кірпіш оттықта шөп жеп тұрған екі-үш ат көкшіл бау шөпті күтір-күтір шайнай түсіп, пысқырып қойысады. 3. Қоңыр сұр жүзі қып-қызыл бола күледі. 4. Әуелі Абайдың бұл екеуінен сұрағаны қазіргі тұрмыс жайлары, кәсіп-қарекеті, әлауқаты туралы еді. 5. Үш баласының бөгде кісіге сүйенбей, біріне-бірі ілесіп, енді өз беттерімен күн-көргіш табуға шыққандарын Дәмежан мен Жәбікен көп жұбаныш етеді. 6. Оның үстіне күнбе-күн табыс болмаса да, оқта-текте азын-аулақ кірісті Дәмежан мен Жәбікен де табады екен.

(М. Әуезов. Абай жолы.)

74-жаттығу. Мәтіннен қос сөздерді тауып, сол сөз қатысқан сөйлемдердің мәніне көңіл аударындар. Қос сөздің қалай жасалғандығын айтындар.

...Әмір Темір тағы да: «Жақсыны — жаман күнде сына. Қайсы уәзір ғибат-өсек сөздерді айтса, өсек сөзге құлақ салса, зәбір-зұлымдық қылса, өзіне жақпаған кісілердің көзін жоғалту соңына түссе, оны уәзірліктен түсіру керек. Нәсілі жаман, өсекші, кек сақтаушы, қара көңіл, заты төмен, білімсіз, ақылсыз адам уәзірлік қылса, мемлекет салтанаты тез арада құлайды» — дей отырып, одан әрі: «Әділет-адалдық есігін аштым, зұлым-қиянат жолын тостым, парақорларды, заң қағидасын аяқасты қылушыларды аяусыз әшкереледім» — деп аса ойлы, даналы пікірлерді алға тартады... .

(Қ. Сейданов. Дархан дарындар.)

75-жаттығу. Берілген жұмбақтардың жауабын табындар. Содан соң ондағы қос сөздердің мағынасын анықтаңдар.

1. Қырық екі ұл-қыздың,
Тіршілігі әр басқа.
Шоғырындай жұлдыздың,
Бірліктері бар баста.

(Алфавит, әріп)

2. Қатар-қатар тұрағы,
Ыдыс-аяқ тұрады. (Сөре)
3. Қорытуға табылмай азық тіптен,
Бұл сегіз көз емес қой азып біткен.
Көбелек пен шыбынды, бітені де,
Орап-орап тастайды нәзік «жіппен».
(Шаршылы өрмекші)
4. Аяғы жоқ жүретұғын ұйып қап,
Сонда да ол тал-ағашты иықтап,
Оятады жатқандарды ұйықтап. (Жел.)

§ 11. ҚАЙТАЛАМА ҚОС СӨЗДЕР

Бір түбірдің екі рет қайталануынан жасалған қос сөздер **қайталама қос сөздер** деп аталады. Олардың жасалу жолдары мынадай:

1) қосымшасыз және қосымшалы түбірдің түгелдей қайталануы, мысалы **тау-тау** астық, **көре-көре** көсем болады, **сөйлей-сөйлей** шешен болады, **үйдей-үйдей** боп жатыр, **алпамсадай-алпамсадай** жігіттер т.б.;

2) бір сыңары қосымшалы, бір сыңары қосымшасыз бір түбірдің қайталануы, мысалы: **көз-бе-көз** айтты, **ауыл-ауылды** аралады, **өз-өзінен** қысылды, **жүзбе-жүз** көрісті т.б.;

3) бір түбірдің әр түрлі қосымша жалғанып қайталануы, мысалы: **өзді-өзіне** айтты, **қолды-қолымен** кетті, **ерні-ерніне** жұқпады, **айтып-айтпай** не керек, **орынды-орынсыз** күлме, **барар-бармасымды** Құртқа біледі т.б.;

4) екінші сыңары бірінші сыңарына еліктеу мәнінде келіп, дауыссыз дыбыстан басталатын сөздің бірінші дауыссыз дыбысының орнына және дауысты дыбыстан басталатын сөздің алдына **м, п** дыбыстары қосылып жасалуы, мысалы: **ет-мет**, **шай-пай**, **түйе-мүйе**, **ат-мат** т. б.;

5) еліктеуіш сөздің екінші сыңары кейбір дыбыстық өзгерістерге ұшырап қайталануы, мысалы: **тарс-тұрс** дыбыс шықты, **жалт-жұлт** етті, **найзағай жарқ-жұрқ** етті т.б.;

6) түбір сөздің алдынан күшейткіш буын қосылып айтылуы, мысалы: **ұп-ұлкен**, **қып-қызыл** т.б.

76-жаттығу. Қайталама қос сөздерді оқып, олардың қалай жасалғанын айтыңдар.

Дүркін-дүркін, қолма-қол, көзбе-көз, қолды-қолына, жалт-жұлт, өзінен-өзі, қараптан-қарап, жымың-жымың, жік-жік, имек-имек, қараң-қараң, мөлт-мөлт, тарс-тарс.

* Қалаған үш сөзді қатыстырып сөйлем құрғандар.



77-жаттығу. Суретке қарап, мәтін құрғандар. Заттарға сипаттама бергенде қос сөздерді пайдаланыңдар. Сол қос сөздердің қалай жасалып тұрғанын түсіндіріңдер.

78-жаттығу. Төмендегі қайталама қос сөздермен мағыналық жағынан байланысатын сөздерді тауып, сөз тіркесі етіп жазыңдар.

Үлгі: *жақын-жақын ағайындар, ...*

Жақын-жақын, алуан-алуан, ауызба-ауыз, әрең-әрең, әп-әдемі, үйді-үйіне, орынды-орынсыз, қора-қора, мая-мая, сыбыр-сыбыр, бас-басына, тұс-тұсына, бума-бума.

79-жаттығу. Қос сөздерді қатыстырып сөйлем құрғандар.

Үлгі: *Балалар қатар-қатар тұрды.*

Қатар-қатар, жөн-жөніне, бет-бетімен, ауызба-ауыз, түп-түгел, еміс-еміс, дүркін-дүркін, күннен-күнге, бірте-бірте, екеу-екеуден, жап-жақын, жап-жасыл, жарқ-жұрқ, биік-биік.

80-жаттығу. Мәтінді оқып шығып, қос сөздерді табыңдар.

Бекабад бұрын кішкентай қыстақ еді. Көшелері қисық-қисық, үйлері де төбесі биік емес кіші-гірім болатын. Күндер, айлар, жылдар өтті. Табиғат адамға мойнын иді. Каналдар қазылды. Далалар мен шөлдер жайқалған егістік алқабына айналды. Қала мен қыстақтарға электр желісі жүргізілді. Бекабад өнеркәсіп қаласына айналды. Бұл қала металл, цемент және электр қуатының кені болып қалды. Күнделікті тұрмыста қолданылатын ыдыс-аяқтардың көбісі Бекабадтағы металл зауытында дайындалады.

§ 12. ҚОСАРЛАМА ҚОС СӨЗДЕР

Екі түбірден қосарланып жасалған қос сөзді **қосарлама қос сөз** дейді. Әдетте мағыналары бір-біріне жақын синоним сөздер немесе мағыналары бір-біріне қарама-қайшы келетін антоним сөздер қосарланады. Мысалы: *аяқ-табақ, құрт-құмырсқа, құрбы-құрдас, әке-шеше* т.б. Мұнда *аяқ та, табақ та* — ыдыстар, *құрт та, құмырсқа да* — жәндіктер, *құрбы да, құрдас та* — замандастар, *әке де, шеше де* — ата-аналар. Ал *кәрі-жас, үлкен-кіші, ұзынды-қысқалы, қысы-жазы* деген қос сөздердің бірінші сыңары екіншісінің мағынасына қайшы келіп тұр. Осы қасиеті жағынан қосарлама қос сөздер сөйлемнің бірыңғай мүшелеріне ұқсас, жақын болып келеді, олардың сыңарлары тұлғалас болып отырады. Бұл тәрізді қос сөздерді кейде арасына жалғаулық шылауларды келтіріп, бірыңғай мүше етіп қолдануға болады. Мысалы: *кәрі-жас* түгел жиналды — *кәрі* мен *жас* түгел жиналды, *айқай-шу* тыйылды — *айқай* да, *шу* да тыйылды т.б.

Қосарлама қос сөздердің құрамы мынадай болады:

1. Мағынасы бір-біріне жақын (синоним) я қарама-қайшы (антоним) сөздер қосарланады. Мысалы: *аға-іні, үлкен-кіші, алыс-жақын, қысы-жазы, жата-жастана, ауыл-аймақ* т.б.

2. Бір сыңары мағыналы, екінші сыңары мағынасыз сөздер қосарланады. Мысалы: *бала-шаға, жүн-жұрқа, көйлек-көншек* т.б. Қазіргі кезде мағынасыз делінетін сыңарының ерте кезде мағынасы болған, тек кейін ұмытылып қалған. Ондай сөздердің көпшілігі көне сөз немесе басқа тілден енген сөз болып табылады. Мысалы *бала* сөзі түсінікті, ал *шаға* көне дәуірде «бала, кішкентай» деген ұғымды білдірген (*қызыл шақа* дегенге мән беріп көріндер). Сол мағына қазірге дейін кейбір түркі тілдерінде (мысалы, түрікмен тілінде) бар. *Жұрқа* сөзі көне монғол тілінде «жүн» деген мағынада қолданылған. Көне түркі тілінде *көншек* «іш киім» деген мағынада жұмсалған.

3. Екі сыңары да мағынасыз сөздер қосарланады. Мысалы: *ығы-жығы, оқта-текте, некен-саяқ* т.б. Бұл сияқты сөздер қазіргі кезде ешбір мағына білдірмесе де, бұрынғы кезде мағынасы болған. Мысалы: *ығы* сөзі де, *жығы* сөзі де көне түркі тілінде «жиын» деген мағынаны, монғол тілінде *некен-саяқ* «жеке, бөлек» деген мағынаны, *оқта-текте* «кейде» деген мағынаны білдірген.

4. Кейінгі кезде ғана қалыптаса бастаған бір топ қосарланған сөздер бар. Олардың сыңарлары кейде бір тұлғада, кейде әр түрлі тұлғада бола береді. Мысалы: *үгіт-насихат* бөлімі, *оқу-ағарту* саласы, *саяси-экономикалық* жағдай, *қоғамдық-саяси* әдебиет, *саяси-көпшілік* әдебиет, *оқу-әдістемелік* кабинеті, *қазақша-орысша* сөздік, *мәдени-ағарту* бөлімі т.б.

 Қос сөздердің қайталама түрі де, қосарлама түрі де әрқашан дефис арқылы жазылады. Қосымша сөйлем ішінде негізінен қос сөздің екінші сыңарына жалғанады. Мысалы: *Барар-бармасымды Құртқа біледі* деген сөйлемде 1-жақ тәуелдік жалғауы (-ым) мен табыс септік жалғауы (-ды) қос сөздің екінші сыңарына (*бармас*) жалғанған, бірақ бұл қосымшаның білдіретін мағынасы (1-жақ тәуелділік және объектілік) қос сөздің бірінші сыңарына да ортақ: *барар-ым-ды*.

81-жаттығу. Қосарлама қос сөздерді көшіріп жазып, олардың қалай жасалғанын айтындар, дефис арқылы жазылатынына көңіл аударындар.

Алыс-жақын, апалы-сіңлілі, аталы-балалы, ағалы-інілі, алым-берім, ыза-кек, бақ-береке, азды-көпті, арғы-бергі, сән-салтанат, артық-кем, айыл-тұрман, үйіліп-төгілу, ата-ене, ата-баба, үлкен-кіші, қыз-келіншек, қызылды-жасылды.

82-жаттығу. Қос сөздердің мағыналарын айқындап, жасалу жолына қарай топ-топқа бөліп жазындар.

Алпыс-жетпіс, тату-тәтті, құда-жекжат, ел-жұрт, ағайын-туған, сый-құрмет, апақ-сапақ, апай-топай, апыл-ғұпыл, апас-қапас, әуре-сарсаң, әлек-шәлек, алақ-жұлақ, сүйек-саяқ, аралас-құралас, апалаң-топалаң, аңғал-саңғал, окта-текте, қант-шай, сегіз-тоғыз, келін-кепшік.

83-жаттығу. Берілген қос сөздерді пайдаланып, сөз тіркесін жасаңдар.

Үлгі: *ойын-тойдың сәні, ...*

Ойын-той, оқ-дәрі, оқу-тәрбие, ән-күй, аяқ-қолы, бас-аяғы, артық-кем, азды-көпті, ат-арба, көші-қон, үлкен-кіші, талап-тілек, ойлы-қырлы, дабыр-дүбір, балдыр-бұлдыр, үш-төрт.

84-жаттығу. Жұмбақтарды оқып шығып, шешуін табындар.

Екі семсер айқасқан,
Оқта-текте шайқасқан.

(.....)

Таудан керуен құлап келеді,
Ағыл-тегіл жылап келеді.

(....)

Өркеш-өркеш түйені,
Тастапты атам шөгеріп,
Өркеші бұлтқа тиеді,
Сауыры жатыр көгеріп.

(...)

Сулы жерді мекендеп,
Құрлықта да секендеп,
Шыбын-шіркей аңдиды,
Жемге қашан жетем деп.

(....)

■ Қос сөздерді қатыстырып жұмбақ құраңдар.

85-жаттығу. Мәтінді мәнерлеп оқындар. Қос сөздің түрлерін анықтап, олардың қандай жолмен жасалғанын айтындар.

МАЙДАН ЖҰМЫСЫНА АТТАНУ

Жігіттер аттанғалы жатыр. Етіктерін ұлтартып, киім-кешектерін жаматып, ала қоржындарын аударып-төңкеріп абыржып жүр. Ауыл улаған-шулаған. Мал қараусыз, бағусыз, құдық басы опыр-топыр. Бұзау мөңірейді, ит ұлиды, азан-қазан. Күрсінген, жылаған шал-кемпір, апа-қарындас, шырылдаған жас бала. Төсек-орын, азық-түлігін арбаға таңысып, көліктерін қамдасып жатқан жігіттер. Әлден уақытта көлік даяр болды. Арты созалаңдап, ауылдан айналақтап әлі шыға алмай жүр.

(Ж. Аймауытов)

86-жаттығу. Берілген тірек сөздерді пайдаланып, «Күнделікті өмірден байқағаным» деген тақырыпта үйде шығарма жазып келіндер.

Ауыл-аймақ, көрші-көлем, үлкен-кіші, аралас-құралас, бірімен-бірі, үйді-үйге, ағайын-туған, қарым-қатынас, ата-ана, сый-құрмет, сәлем-сауқат, дәстүр, салт, халық, әдет-ғұрып, жарасымды, тату-тәтті.

§ 13. ҚЫСҚАРҒАН СӨЗДЕР

Кейбір күрделі атаулар, мемлекет, мекеме, ұйым аттары бірнеше сөздің тіркесінен құралып, кейде қысқартылып та қолданыла береді. Мысалы, *Америка Құрама Штаттары* деген *АҚШ* болып, *Біріккен Ұлттар Ұйымы* деген *БҰҰ* болып, *Алматы мемлекеттік университеті* деген *АлМУ* болып қысқарып та жұмсалады. Осындай күрделі атаулардың белгілі тәсілдермен қысқартылып алынуын **қысқарған сөздер** дейді.

Күрделі атаулар әр түрлі жолдармен қысқартылады.

1. Күрделі атау құрамындағы сөздердің бас әріптерінен құралады. Мысалы: *БҰҰ* — Біріккен Ұлттар Ұйымы, *ҚР ҰҒА* — Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы, *ХШЖК* — Халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесі т.б. Мұндай қысқарған сөздер бас әріппен жазылады да, қосымша дефис (-) арқылы жалғанады. Мысалы: *АҚШ-тың* (Америка Құрама Штаттарының).

2. Күрделі атау құрамындағы бірінші сөздің басқы буыны мен кейінгі сөздердің бас әріптерінен құралады. Мысалы: *ҚазМИ* — Қазақтың медицина институты т.б. Мұндай қысқарған сөздердің бірінші буынындағы бірінші әріп пен кейінгі сөздердің қысқартылып алынған бірінші әріптері бас әріппен жазылады да, оларға қосы-

латын қосымша дефис (-) арқылы жалғанады. Мысалы: АлМУ-дың (Алматы мемлекеттік университетінің) студенті, МАИ-дың (Мемлекеттік автомобиль инспекциясының) қызметкері.

3. Күрделі атаулардың құрамындағы сөздердің бірінші буындарынан немесе бірінші сөздің басқы буыны мен келесі сөз тұтас қалпында бірігіп құралады. Мұндай қысқарған сөздер кіші әріппен және оған қосымша дефиссіз қосылып жазылады. Мысалы: педколледжге (педагогтік колледжге) түсті, аткомге (атқару комитетіне) барды т.б.

4. ГАЗ-51, ТК-154, ИЛ-86, АН-24 тәрізді техника түрлерінің (ұшақ, машина, трактор т.б.) маркаларын көрсету үшін алынған шартты белгілер де қысқарған сөздер болып табылады. Мұндай қысқарған сөздер бас әріппен жазылады да, қосымша дефис (-) арқылы жалғанады. Мысалы: *ТУ-154-пен ұшып келеді.*

5. Әр түрлі өлшемнің атауы болып табылатын *м* (метр), *см* (сантиметр), *кг* (килограмм), *т* (тонна), *га* (гектар), *ц* (центнер) т.б. тәрізді белгілер де қысқарған сөздер болып табылады. Бұлар кіші әріппен жазылады да, оларға қосымша дефис (-) арқылы жалғанады.

87-жаттығу. Қысқарған сөздерге қосымша жалғап, сөз тіркесі мен сөйлемдер құрандар.

Үлгі: *Қазақстан Республикасы ҰҒА-ның (Ұлттық ғылым академиясы) жылдық жалпы жиналысы болады.*

ҚР ҰҒА, ГАЗ-69, ИЛ-62, АҚШ, МТС, БҰҰ, мм, км, пединститут.

88-жаттығу. Төмендегі қысқарған сөздерді қатыстырып, бірнеше сөйлем құрап айтындар. Қысқарған сөздердің толық атауын жазындар.

Үлгі: см — сантиметр, ...

см, км, кг, л, т, пединститут, педколледж, ҚарМУ, медпункт, ҚХР, ТУ-104, ТМПУ, ГүлМУ

89-жаттығу. Сөйлемдерде берілген қысқарған сөздерді теріп жазып, жақша ішіне қысқарған сөзді толық күйде жазындар.

1. ИМ-де үлкен мәжіліс болып өтті. 2. Біздің елімізде ГЭС-тер өте көп. 3. Ағам жұмыс істейтін өнеркәсіпте АҚ ұйымдастырылды. 4. Мен ТашМИ-де оқуды арман етемін. 5. МАИ қызметкері автомашинаны тоқтатты. 6. Жігіттер РФ-на барып жұмыс істеуден бас тартты.

§ 14. ТІРКЕСТІ СӨЗДЕР

Екі я одан да көп сөздер тіркесіп келіп бір ұғымды білдіретін күрделі сөздер **тіркесті сөздер** деп аталады. Бұлар мағынасы жағынан біріккен сөздер сияқты бір ұғымның атауы болып келеді, бірақ бір-бірінен бөлек жазылады. Мысалы: *боз торғай, сөз таптары, қара торы, үш жүз* т.б.

Тіркесті сөздерге күрделі зат есімдер (мәдениет сарайы, Алматы қаласы, ауыл шаруашылығы т.б.), күрделі сын есімдер (қара кер, бидай өңді, ат жақты, ұзын бойлы т.б.), күрделі сан есімдер (он үш, екі жүз сексен бес т.б.), күрделі үстеулер (күні бойы, ала жаздай, ертеден қара кешке дейін т.б.) жатады.

90-жаттығу. Араластырыла берілген түбір сөздерден біріккен сөз жасандар.

Үлгі: ақсақал, ...

Ақ, соқыр, тоғыз, ақ, қара, айыр, сақал, құмалақ, сүйек, теке, торғай, бас, әр, әлде, кей, бір, қайсы, кім, кезде, деме, келкі.

91-жаттығу. Берілген сөздердің мағыналарын анықтап, олардың қалай жасалғанын және емлесін айтыңдар.

Қолма-қол, жап-жақсы, алуан-алуан, ата-ана, жоғары-төмен, бала-шаға, ат-мат, шай-пай, төрт-бес, жеңіл-желпі, емін-еркін, ұшан-теңіз, ың-шың, қысы-жазы, тап-таза, бара-бара, онды-солды, жақсы-жаман, төсек-орын, ыдыс-аяқ.

92-жаттығу. Сөйлемдердегі қос сөздердің арасына дефис қойып көшіріңдер.

1. Қазы қарта, жал жая қазанда бұрқ бұрқ қайнайды. Оқ дәрімен, азық түлікпен, киім кешекпен қамтамасыз ету ауыр қиындықтар арқылы жүзеге асты.

(Ә. Әбішев)

2. Көші қон тағы да тауға бет алды. Өзен бойлай үйір үйір жылқы, отар отар қой, мөңіреген сиырлар кетіп барады. Жүк тиеген керуен. Адамдардың айқайы, кісінеген құлын тай, маңыраған қой қозы, бақылдаған бота түйе у да шу. Қызыл жасыл киінген қыз келіншек ән шырқайды.

(Ж. Аймауытов)

93-жаттығу. Сөйлемдерді оқып, ондағы қысқарған сөздерге назар аударыңдар. Олардың қалай қысқарғанын айтып беріңдер.

Қорғаныс кеңесі 1926 жылы Түркістан — Сібір темір жолын (Түріксіб) салу туралы қаулы қабылдады. Кеңес мемлекеті бұған арнап 200 млн. сом қаржы бөлді. Түрксіб құрылысына жәрдемдесу комитетін Т. Рысқұлов басқарды. 1940 жылы Қазақстан Республикасының егіс даласында 41 мыңнан астам трактор, 14 мыңдай жүк машинасы жұмыс істеді.

(Тарих оқулығынан)

94-жаттығу. Жаттығуды көшіріп жазындар. Мәтіндегі қарамен берілген сөздер тобының не күрделі сөз, не сөз тіркесі екенін анықтандар.

Ғасырлар бойы сахарада айтылып келген **ертегі-жырды**, аңызды, әңгімені ең алғаш шығарып таратқан — көшпелі **түркі тілдес** елдер. Олардың ішінде **жұртшылық жүрегінен** белгілі **орын алып**, тарихта көрнекті ат қалдырғандар үйсін мен қаңлылар, қырғыз бен ұйғырлар, одан бергі оғыз бен қыпшақтар, қарлұқ, керей, наймандар еді. Бұл елдердің ішінде ұйғыр мен қырғыз жұрты болмаса, өзгесінің барлығы тарихи дәуірлерде бүгінгі **қазақ даласында тіршілік жасап**, олардан тараған рулардың көпшілігі бері келе қазақ елінің **іргесін құрауға** негіз болды. Сондықтан бұл айтқан **ескі рулар** жасаған мәдениет бұйымының іздері де, оның ішінде, **халық жыры**, эпос, **ою-өрнек**, **сәулет өнері**, **жұртшылық салты**, **елдік заңы**, барлық **рухани тіршілігі**, сахараны үздіксіз қоныс еткен, олардың **түбегейлі мұрагері қазақ елінің тұрмысында** ашығырық сақталды.

(Ә. Марғұлан)

95-жаттығу. Өленді мәнерлеп оқып, құрамындағы күрделі сөздерді түріне қарай ажыратындар.

Бұл күнде **қырық тоғызда** менің жасым,
Қамалдың қырық бұзар тау мен тасын.
Кешегі қыркүйектің базарында
Көтердім **елу бір** пұт кірдің тасын.
Жиылып **орыс-қазақ** таң қалысты.

(Балуан Шолақ)

96-жаттығу. Берілген мақал-мәтел сөздерін сөз құрамына талдап, мағынасын түсіндіріндер.

1. Ұл баланың үйкүшік болғаны жараспайды,
Қыз баланың қыдырмашы болғаны жараспайды.
2. Қыздың аңқауынан сақта,
Ұлдың жалқауынан сақта.
3. Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келер.
4. Баланың бас ұстазы — ата-анасы.

97-жаттығу. Төмендегі қысқарған сөздердің толық мәнін біліп, есте сақтандар және қысқарған түріне қосымша жалғап, сөйлем құрандар.

БХР (Болгар Халық Республикасы). ВДР (Вьетнам Демократиялық Республикасы). АҚШ (Америка Құрама Штаттары). КХДР (Корей Халық Демократиялық Республикасы). ЙХДР (Йемен Халық Демократиялық Республикасы). ҚШТЖ (Қытай Шығыс темір жолы). ҰҒА (Ұлттық ғылым академиясы).

98-жаттығу. Өлең шумақтарын мәнерлеп оқып, қос сөздердің қалай жасалып тұрғанын айтып беріндер.

Ассалаумағалейкум, батыр Ерден!
Келіп тұр бақ-дәулетің тағы керден.
Ішінде топ қарғаның бір бүркіттей,
Көзіме көрінесің келген жерден.
Тілегім күннен-күнге артылады,
Қазынаң бермегенге тартылады.
Жар болған тар болғанда пірлерді айтып,
Күндіз-түн қызыл тілім шарқ ұрады.

(А. Байтұрсынов)

Он екі айдың еркетайы — Май келді!
Жұлдыздар да жымындайды, ай күлді.
Қалың қардың құшағынан құтылып,
Сылдыр-сылдыр сылдырлады, сай күлді.

(М. Жұмабаев)



99-жаттығу. Суретте берілген алма мен итмұрын жемістерінің адамға қандай пайдасы бар екенін тиісті әдебиеттерді пайдалана отырып анықтандар. Алған мәліметтеріңді кірістіріп мәтін құрастырындар. Қолданған күрделі сөздеріңнің түрін ажыратындар.

Пысықтауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Дара және күрделі сөздердің арақатынасы қандай?
2. Жасалу жолына қарай күрделі сөздердің қандай түрлері бар?
3. Күрделі сөздердің ерекшеліктері қандай?
4. Біріккен сөздер деген не?
5. Кіріккен сөздер деген не?
6. Біріккен сөздерге жататын қандай күрделі атауларды білесіңдер?
7. Біріккен сөздердің емлесі қандай?
8. Қос сөздің қандай түрлері бар?
9. Қайталама қос сөздердің жасалу жолдары қандай?
10. Қосарлама қос сөздердің құрамы қандай болады?
11. Қос сөздердің емлесін айтыңдар.
12. Қысқарған сөздердің емлесін түсіндіріңдер.
13. Тіркесті сөздердің емлесін айтыңдар.

МОРФОЛОГИЯ

§ 15. СӨЗДЕРДІҢ ТҮРЛЕРІ

АТАУЫШ, КӨМЕКШІ ЖӘНЕ ОДАҒАЙ СӨЗДЕР

Сөйлемде қолданылған сөздердің мағыналары бірдей бола бермейді. Сөздердің көпшілігі белгілі бір ұғымның атауы болады да, жеке тұрғанда белгілі бір лексикалық мағынаны білдіреді. Ал кейбір сөздер жеке тұрғанда ешбір мағына білдіре алмайды, сөйлемде басқа бір сөздің жетегінде қолданылып, сол сөздің мағынасын толықтырып, күшейтіп тұрады немесе сөздерді бір-бірімен байланыстыру қызметін атқарады. Мысалы: *Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін* (Абай). Бұл сөйлемдегі бес сөздің төртеуі жеке тұрып белгілі бір мағынаны білдіреді:

мен — айтушы адам;

жазбаймын — қағаз бетіне сөзді түсіру (түсірмеу);

өлеңді — белгілі бір ұйқаспен айтылатын сөз;

ермек — уақыт өткізу үшін жасалатын әрекет.

Ал *үшін* дегеннің мұндай мағынасы жоқ. Бұл сөйлемде *үшін* деген сөз *ермек* деген сөздің жетегінде тұрып, сол сөзге мақсаттық мән үстейді де, *ермек* сөзін *жазбаймын* дегенмен байланыстырады.

Сөйлемде белгілі бір мағынаны білдіретін, белгілі бір ұғымның атауы болып табылатын сөз-

дерді **атауыш сөздер** деп атайды. Ал ондай мағына білдіре алмайтын, тек басқа сөздердің жетегінде жұмсалатын сөздерді **көмекші сөздер** дейді. Атауыш сөздер өз бетімен белгілі бір мағынаны білдіретіндіктен, белгілі бір сұраққа жауап бере алады, сондықтан сөйлем ішінде оның белгілі бір мүшесі бола алады. Ал көмекші сөздер жеке тұрып белгілі бір мағынаны білдіре алмайтындықтан, белгілі бір сұраққа да жауап бере алмайды. Демек, сөйлем ішінде оның белгілі бір мүшесі бола алмайды.

Әдетте көмекші сөздер өзі жетегінде жұмсалған сөзбен қабаттасып қолданылады, сол сөзге қосымша мән үстейді немесе ол сөзді басқа сөзбен байланыстырып тұрады. Жоғарыдағы сөздерді талдасақ, былай болар еді:

Кім жазбаймын дейді? — **мен** — бастауыш.

Мен **не** істеймін? — **жазбаймын** — баяндауыш.

Нені жазбаймын? — **өлеңді** — толықтауыш.

Не үшін (мақсатпен) жазбаймын? — **ермек үшін** — пысықтауыш.

Үшін деген сөзге жеке сұрақ қоюға болмайды, сондықтан ол сөйлем мүшесі бола алмайды.

Одағай сөздер адамның әр түрлі көңіл күйін білдіреді немесе жан-жануарларды шақыру мәнінде қолданылады. Олар да сөйлем мүшесі бола алмайды. Толық мағынасы болмағандықтан, белгілі бір сұраққа да жауап бермейді. Мысалы: **Па, шіркін!** *Сөзің сөз-ақ екен!*

100-жаттығу. Сөйлемдерді оқып шығып, құрамындағы атауыш сөздер мен көмекші сөздерді ажыратындар.

Қырық үшінші жылдың бірінші түнінен бастап, дәл осы демалысымызға дейін әр кезде шабуылдың алдында келдік. Шегінген кезде артта болсақ, шабуыл кезінде ылғи алдамыз. Жаяу да жүрдік,

машинаға да міндік, танкіге де міндік, тіпті жау танкісіне де міндік.

(*Ғ. Мүсірепов*)

* Мәтіндегі антоним сөздерді табындар. Оның автор ойын білдірудегі мәні қандай екеніне назар аударындар.

101-жаттығу. Мәтінді оқи отырып, қарамен жазылған сөздердің атауыш сөз екендігін үлгідегідей етіп дәлелдендер.

Үлгі: **Қазыбектің — кімнің?** деген сұраққа жауап береді, толық мағыналы сөз, сөйлемде анықтауыш қызметін атқарады — өнердің кімдікі екендігін анықтап тұр. Олай болса, бұл сөз — атауыш сөз.

Қазыбектің қисса айтудан басқа да **өнері** көп. Ол, ең алдымен, екі аяқты пендеге жеткізбейтін жүйрік. Оның денесі **иіліп, бүгілгенде** сымдай **бұратылады**. Тік қойған **бақанға мысықтай** өрмелеп шығады. **Екі сырықты** аяқ қып жүргенде, **аяқты кісіге** жеткізбейді. **Суға малтуы** да, сүңгігіштігі де **үйрек** сияқты. Оның қарғыған жерінен **ешкім қарғи алмайды**. Ол **цирктің артистерінен** кем емес.

(*С. Мұқанов*)

102-жаттығу. Көшіріп жазып, көмекші сөздердің астын сызындар, олардың неліктен көмекші сөз делінетінін айтындар.

БАҚША АҒАШТАРЫ

Жаздың әдемі бір күнінде, таңертең бір төре өзінің баласымен бақшаға барып, екеуі де егілген ағаштары мен гүл жапырақтарын көріп жүрді.

— Мынау ағаш неліктен тіп-тік, ана біреуі неге қисық біткен? — деп сұрады баласы.

— Оның себебі, балам, анау ағашты бағу-қағумен өсірген, қисық бұтақтары болса кесіп. Мынау ағаш бағусыз, өз шығу қалыбымен өскен, — деді атасы.

— Олай болса, бағу-қағуда көп мағына бар екен ғой, — деді баласы.

— Бағу-қағуда көп мағына барында шек жоқ, шырағым; мұнан сен де өзіңе әбірет алсаң болады;

сен жас ағашсың, саған да күтім керек; мен сенің қате істеріңді түзеп, пайдалы іске үйретсем, сен менің айтқанымды ұғып, орнына келтірсең, жақсы, түзік кісі болып өсерсің, бағусыз бетімен кетсең, сен де мынау қисық біткен ағаштай қисық өсерсің, — деді.

(Ыбырай Алтынсарин.)

103-жаттығу. Мәтіннен одағай сөздерді тауып, қандай мақсатта қолданылып тұрғанын дәлелдендер.

ӘНШІ ӘЙГЕРІМ

Иіс кемпірден бастап барлық қартаң әйелдер:

— Айналайын, келінжан, өркенің өссін!

— Беу, дүние-ай, ән дегенің осындай-ақ болар!

— Осы әніңмен, осы сәніңмен өт жалғаннан! — десті.

Соңғы алғысты Иіс айтып еді. Абай елең етіп, Иіске қарады да:

— Апырмай, мына Иіс шешемнің алғысы қандай жақсы еді! Әумин деші, Әйгерім, осыған! — деді.

(М. Әуезов)

СӨЗ ТАПТАРЫ МОРФОЛОГИЯСЫ

Сөздердің білдіретін мағынасына, түрлену тұлғасына, қойылатын сұрағына, сөйлемде атқаратын қызметіне қарай топталуын **сөз таптары** деп атайды. Қазақ тілінде 9 түрлі сөз табы бар. Олар: зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, еліктеуіш сөздер, шылау, одағай.

§ 16. ЗАТ ЕСІМ


Заттың атын білдіріп, **кім?, не?** деген сұраққа жауап беретін сөздер **зат есім** деп аталады. Мысалы: *әке (кім?), оқушы (кім?), әнші (кім?), іні (кім?), тау (не?), ауыл (не?), ақыл (не?), мал (не?), құс (не?)* т.б.

Зат есім **жалпы есім** және **жалқы есім** болып екіге бөлінеді. Біркелкі заттардың жалпы атауы **жалпы есім** деп аталады. Заттардың ішіндегі бір түрінің өзіне ғана қойылған аты **жалқы есім** деп аталады. Мысалы: *кісі, адам* деген жалпы адам атаулыға тән ат болса, *Байжан, Гүлнар* дегендер адам атаулының бәріне емес, жеке кісілерге ғана қойылған. Жалқы есім, әдетте, жеке кісінің аты-жөні, мемлекет, республика, облыс, аудан, қала, көше, ұйым, мекеме, зауыт, фабриканың жеке аттары, географиялық (жер, су т.б.) атаулар, әр түрлі шығарма (газет, журнал, кітап, ән, күй, би т.б.) аттары, мал, құс, хайуанаттарға арнайы қойылған (Тайбурыл, Құлагер т.б.) аттар болып келеді. Жалқы есімдер бас әріптен басталып жазылады.

104-жаттығу. Сөзжұмбақты шешіндер.

Көлдененінен:

1. Ұлттың аты.
2. Сабыр деген сөздің синонимі.
3. Қатты заттың аты.
4. Батыр деген сөздің синонимі.
5. Ақыл деген сөздің синонимі.
6. Жабайы аңдардың жасайтын мекені.
7. Жануардың басқаша аталуы.



Тігінен:

1. Жылқы деген сөздің басқаша аты.
2. Сөз табының аты.
3. Іні деген сөздің антонимі.
4. Адам бетіндегі дене мүшесінің бірі.
5. Бидай ұнынан пісірілетін адамның негізгі асы.

105-жаттығу. Сөйлемдерді оқып, жалқы есімдерді теріп жазындар.

1. — Әй, Тайқарбай, Тайқарбай,
Қойынды Майқараға жай, Тайқарбай!
Тайқарбай, Майқарбайлар толып жатыр.
Әй, Тайқарбай, дегенің қай Тайқарбай? (*Жаңылтп.*)
2. Әнге Жүсіпбектің өзі де толқыды. (*І.Жақ.*)
3. Тағдыр мені Қиыр Шығысқа апарды. (*С.Сарғ.*)
4. Үсеннің жүзінде Исаға ұқсаған жерлері мол екен. (*М.Ә.*)
5. Мынау хатта жаңа Абай ағам мен, Әбіш туралы жазып еді. (*М.Ә.*)
6. Толғанбай Алакөлден Есік көліне келді. (*С.Бақб.*)
7. Күн көзі Сарықамыс үстінен жайлап көтеріліп келеді. (*З.Иманб.*)

106-жаттығу. Мәтінді көшіріп жазып, берілген сөйлемдерден зат есімдерді тауып, астын сызындар.

1. Үш жолаушы бір бұлақтың басында кез болыпты. (*Ы.А.*)
2. Опасызда Отан жоқ. (*Мақал*)
3. Еңбек өмірді ұзартады, ұят бетті қызартады. (*Мақал*)
4. Жалқау — жарты кісі. (*Мақал*)
5. Отан — елдің анасы, ел — ердің анасы.
6. Мейрам мен Жанәбіл көлдің жайын Майпаға түсіндіріп келеді. (*Ғ. Мұст.*)

§ 17. ЗАТ ЕСІМНІҢ ЖАСАЛУЫ

Зат есімдер негізгі, туынды және күрделі зат есім болып үшке бөлінеді. **Туынды зат есімдер** жұрнақтар арқылы жасалады. **Мысалы:** қой-шы, күй-ші, ай-лық, жақсы-лық, біл-ім, аялда-ма, бұрғы, айт-ыс, күре-к т.б.

Зат есімдер бірігу, қосарлану, тіркесу арқылы да жасалады. Олар **күрделі зат есімдер** деп аталады. **Мысалы:** өнеркәсіп, белбеу, ашудас, Көкшетау, Сарысу, аяқтабақ, азық-түлік, ауыл-аймақ, қант қызылшасы, Арал теңізі т.б.

107-жаттығу. Өлеңнен туынды зат есімдерді тауып, астын сызындар.

Жаудан қайтпас жүректі,
Батыр болғым келеді.
Қиындыққа бәрінен,
Жақын болғым келеді.

Адамдыққа әрқашан,
Сахи болғым келеді.
Ғылым менен өнерді,
Оқи бергім келеді.

Адам жанын тебірентер,
Ақын болғым келеді.
Азамат деген ең қымбат,
Атынды алғым келеді.

(Әбзәли Егізбаев)

108-жаттығу. Өлеңнен зат есімдерді тауып, негізгі және туынды зат есімдерге бөліп талдау жасаңдар.

ҰЛЫҚБЕК

Өмірлікті айырбастап ғылымға,
Төреліктің тағын теуіп тастадың.
Қиял құсын ұшырдың да Қырымға,
Оймен шолдың Самарқанның аспанын.

Фархат сынды сыбанып ау білекті,
Канал тарттың алыс аспан төріне.
Тас-талқан ғып надандықты, түнекті,
Жұлдыз болып тудың өзбек көгіне.

Бағалауға жетпей сені ақылы,
Қатал заман қанша торын құрмады?!
Арандатты-ау, андып жүріп ақыры,
Бруноша болдың ғылым құрбаны.

Өтті міне содан бері бес ғасыр,
Ізсіз кетті тарихтан да талайлар.

Тұр жарқырап, ақ алмастай бейне асыл,
Сен тұрғызған минареттер, сарайлар.

О, Ұлықбек! Өлген жоқсын, тірісің,
Ғалымдармен бір саптасың, сапар бір.
Орта Азия ғылымының Күнісің,
Коперникпен¹ ізгі есімің қатар тұр!

(Бүркіт Ысқақов)

109-жаттығу. Мәтіндегі сөйлемдерден күрделі зат есімдерді теріп жазып, олардың жасалуына талдау жасаңдар

1. Оларға менің сенімім мол. (Б.М.) 2. Жазғы демалыста оқушылар дем алды. 3. Аққулар суда жақсы жүзеді. (Ә.Ж.) 4. Әр ана өз баласының өнерлі ісін мақтан етеді. (Н.Ғабд.) 5. Адамдар естудің көмегімен өзара қарым-қатынас жасай алады. (Оқулықтан) 6. Ата-енен қартайса, тіреу болар бұл оқу! (Ы.А.) 7. Ар-ұят, намыс-кек ортақ болған әскер достығы терең мағына табады. (Ғ.М.) 8. Адамның адамшылығы істі бастағандығынан білінеді. 9. Надандық — білім-ғылымның жоқтығы. (А.) 10. Ұлықбек Көксарайдың бір бөлмесінде ішқұса болып жатыр. (Ә. Якубов)

§ 18. ДЕРЕКТІ ЖӘНЕ ДЕРЕКСІЗ ЗАТ ЕСІМДЕР

Айналадағы заттар мен құбылыстардың адамға танылуы әрқалай. Олардың бірін қолмен ұстап, көзбен көруге болады, ал енді бірін оймен, ақылмен ғана сезіп білеміз. Осындай ерекшелігіне байланысты олардың өзі **деректі** және **дерексіз** болып бөлінеді.

Нақтылы тануға болатын зат атаулары деректі зат есім деп аталады. Олар *мектеп, қағаз, ағаш, қалам* және т.б.

¹Джордано Бруно, Николай Коперник — ұлы астроном-ғалымдар.

Көзге көрінбегенмен, адамның ойлауы нәтижесінде ғана танылатын құбылыс, ұғым атаулары дерексіз зат есімдер деп аталады. Мысалы: *адамгершілік, ақыл, қуаныш, парасат, сезім* және т.б.

110-жаттығу. Мәтіндегі деректі, дерексіз зат есімдерді анықтап, ойларыңды дәлелдендер.

Сайыпқыран, тәкаппар Гүлсары көзі жайнап, бір бүйірлеп билей басып ортаға шықты. Ол өзінің құдіреттілігін, сұлулығын, даңқты екенін сезгендей еді. Алдына қара салмай бағы жанып тұрған кезде жүйріктің аты жер жарады. Десе де, кім біледі, күншілдік түрі тоқсан тарау: адамға қастандық істеймін деп аттың табанына шеге қағып жіберетіндер де бар.

(Ш. Айтматов)

* Мәтін қай шығармадан алынған?

* Өз ауылдарыңдағы қандай бәйге атын білесіңдер? Мәтінге не деп ат қояр едіңдер?

111-жаттығу. Суреттегі екі балаға мінездеме беріңдер. Олардың бойындағы қасиеттерді салыстырып жазыңдар. Қандай дерексіз зат есімдерді пайдаланғандарыңды айтыңдар.



Үлгі: *Жомарттың мінезі жайдары, ал Аслан ылғи да томаға-тұйық жүреді...*

112-жаттығу. Сөйлемдерді оқып, жалқы есімдерді табыңдар және емлесін естеріңе түсіріңдер. Олардың мағыналарына назар аударып, қандай ұғымдарды білдіріп тұрғанын айтыңдар.

Бурабайды бұрын көрмеген Жақып: «Кішкентай ғана түкпірге жиналған неткен осыншама ғажайып сұлулық!» — деп, танданғандай біресе көлге, біресе оның жағасындағы ғажайып бітісі бар Сиыртас пен



Шошқатасқа, біресе Оқжетпес пен Көкшеге қарайды. Ол ба-сында Біржан тұрып сан рет ән шырқапты десетін Бөлек-тауға телміре қарайды. Жақып бала болса да, сүйікті мекен-нің үйреншікті ғажайып тұл-ғасына тосын адамша тоймай қарайды.

(М. Иманжанов)

* Мәтінге ат қойындар.

113-жаттығу. Мәтіннен қайсысы жалпы есім, қайсысы жалқы есім екенін ажыратындар. Жалқы есімнің бас әріппен жазылатынын байқандар.

Мен Ташкент қаласы, Бектемір ауданындағы Бе-руни атындағы көшеде тұрамын. Айбек атындағы 115-мектепте оқимын. Әкем, апам, ағам, әпкем және інім бар. Әпкем мен Әлішер деген інім де сол мектепте оқиды. Ағам Ташкент облысы Бөке ауданындағы Хамза атындағы шіркет шаруашы-лығында агроном болып істейді.

Апам — дәрігер. Ол 6-балалар ауруханасында іс-тейді. Әкем — оқытушы. Ол Юнусабад ауданындағы 150-мектепте істейді.

114-жаттығу. Мәтінді оқып, әр сөздің мағынасына көңіл аударындар. Олардың қайсысы негізгі, қайсысы көмекші сөз екенін білiндер, зат есімдерді даралап айтындар.

Бауыржан жайында жазушы Александр Бек үш кітап жазды. Бұл кітаптар отыздан аса елдің тіліне аударылды. Міне, осының бәрі келіп, кешегі өткен сұрапыл соғыстың ардагеріне зор абырой, атақ берді. Ол туралы өлең, дастан және ән шықты.

Халық өзінің сүйген батыр ұлы жайында неше түрлі аңыз-әңгімелер шығарды. Сөйтіп, Бауыржан халықтың мақтанышына айналды.

(С. Бақбергенов)

115-жаттығу. Төмендегі туынды зат есімдердің қандай жолмен жасалып тұрғанын, мағыналарын түсіндіріңдер. Оларды қатыстырып сөйлем құраңдар.

Үлгі: *Қағазбай жаз бойы егін суарып, астық бастырды.*

Егін, көрме, айтыс, мақтаныш, сезім, тұсау, салмақтылық, ұғым, елдік, көрші.

116-жаттығу. Берілген мақалдардағы деректі, дерексіз зат есімдердің астын сызыңдар.

1. Ырыс алды — ынтымақ. 2. Күш — бірлікте. 3. Тайынбаған — тауды жығады, тайсалмаған — жауды жығады. 4. Ел үмітін ер ақтар. 5. Ізденген жетер мұратқа. 6. Ақиқат аз сөйлейді. 7. Шеберлік — шексіз байлық. 8. Дана сөз айту да даналық. 9. Тәрбие — баға жетпес байлық. 10. Жамансыз жақсы болмас.

Пысықтауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Мәтін дегеніміз не? 2. Мәтін мен сөйлемнің айырмашылығы қандай? 3. Мәтіндегі негізгі ойды қалай ажыратамыз? 4. Сөз таптарының реті қандай, ол нендей заңдылықтарға сүйенеді? 5. Зат есім дегеніміз не? Зат есімнің қандай түрлері бар?

СЫН ЕСІМ

§ 19. СЫН ЕСІМ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

 Қазақ тілі — өте бай тіл. Оның құрамында әлденеше мыңдаған сөз бар. Сол сөздер мағынасына, сұрағына, атқаратын қызметіне қарай тоғыз топқа бөлініп, соның бір тобы зат есім

деп аталса, келесі бір тобы **сын есім** деп аталады. Зат есім заттың, құбылыстың атын білдірсе, сын есім сол заттың, құбылыстың сын-сипатын, көлемін, түр-түсін, сапасын білдіреді. Сын есімнің мынадай маңызды белгілері болады:

1) заттың түрін, түсін білдіреді: *ақ* (қағаз), *көк* (сия), *қара* (көйлек), *сұр* (бұлт), *құла* (бие), *күрең* (ат), *қызыл* (сиыр), *жасыл* (жапырақ) т.б.;

2) заттың көлемдік, аумақтық, салмақтық белгісін, сынын білдіреді: *биік* (үй), *кіші* (інісі), *тар* (бөлме), *ұзын* (ағаш), *қысқа* (жіп), *жеңіл* (жүк) т.б.;

3) заттың сапалық белгісін, сипатын білдіреді: *жақсы* (сөз), *жаман* (ырым), *сараң* (адам), *тентек* (бала), *алғыр* (бала), *зерек* (оқушы), *жалқау* (кісі) т.б.;

4) заттың дәміне, иісіне және басқа сипаттарына байланысты белгілерін білдіреді: *ащы* (пияз), *тұщы* (ас), *қышқыл* (қымыз), *тәтті* (тағам), *жұмсақ* (төсек) т.б.;

5) затқа, қимыл, іс-әрекетке, мезгіл-мекенге қатысты сынды білдіреді: *тасты* (жер), *балалы* (үй), *білімді* (жігіт), *көтеріңкі* (көңіл), *сусыз* (арна), *қысқы* (демалыс), *аспалы* (шам), *жазғы* (демалыс), *төменгі* (ағыс) т.б.

Сын есім **қандай?**, **қай?** деген сұрақтарға жауап береді. Мысалы: **жақсы** (қандай?) бала, **таза** (қандай?) бөлме, **қызыл** (қандай?) орамал, **рүкен** (қай?) баласы, **кіші** (қай?) қызы.

Мысалы: *Желсіз түнде жарық ай Сәулесі суда дірілдеп...* (Абай) Осы сөйлемде *желсіз*, *жарық* сөздері *түн* және *ай* деген зат есімдердің сын-сапасын білдіріп тұр, **қандай?** деген сұраққа жауап береді: қандай түн? — *желсіз түн*, қандай ай? — *жарық ай*.

Сөйтіп, заттың сынын, сипатын, сапасын, түр-түсін, көлемін білдіріп, **қандай?**, **қай?** деген сұрақтарға жауап беретін сөз табы сын есім деп аталады.

117-жаттығу. Өзбекстан Республикасының Туы мен Елтаңбасын суреттеп жазындар. Мәтіндерінде сын есім болуын ескеріндер.

118-жаттығу. Төмендегі сын есімдерді мағыналық жағынан байланысатын зат есімдермен тіркестіріп жазындар.

Үлгі: *салқын су, салқын ауа, салқын түн, салқын күз, ...*

Салқын, терең, әдемі, жеңіл, ұзын, қатты, ақ, жасыл, күрең, әдепті, сабырлы.

119-жаттығу. Оқып шығып, өлең жолдарындағы сын есімдерді табындар, олардың мағыналық белгілерін ажыратындар.

Ауылдың жаны терең сай,
Тасыған өзен күрілдеп...

* * *

Қалың ағаш жапырағы,
Сыбырласып өзді-өзі,
Көрінбей жердің топырағы,
Құлпырған жасыл жер жүзі.

* * *

Сұр бұлт, түсі суық қаптайды аспан,
Күз болса, дымқыл тұман жерді басқан...

(Абай)

120-жаттығу. Мәтінді оқып, сын есімдерді табындар да, сұрақ қою арқылы қай сөзбен тіркесіп тұрғанын анықтаңдар.

Атбасар уезі мен Ақмоланың шекарасына келдік. Бір белеске шығып, аттарымыздың басын тартып, жан-жаққа қарап тұрдық. Төңірек ылғи бір белес, ылди, ойпаң. Тұтасқан қап-қара көк. Қалың көк шөп, көк шалғын тұтасып, жер-дүниені қаптаған

тәрізді. Күн еңкейген мезгіл еді. Алтын күн аспаннан сұлу жерге еңкейген тәрізді. Күннің алтын шұғыласы көк теңіздей тұнған төңіректі неше құбылтады. Ақырын ескен майда ескек тұтасқан көк теңізді ақырын ғана қозғайды. Қара жердің қиырсыз үсті тұтасымен ақырын ғана ырғалады. Төңірек тып-тыныш. Күнбатыста, Атбасарға қарайтын жақта, алыстан бұлдырап қатар жатқан екі көл көрінеді. Қара көк қамыстар мұнартады.

(С. Сейфуллин)

121-жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқып, құрамындағы сын есімдерді тіркескен сөзімен қоса теріп жазыңдар.

МЕНИҢ ӘЖЕМ

Менің әжем, ақ әжем,
Ұл мен қыздың бағы әжем.
Ертегі айтып бер десен,
Айтып берер тағы әжем.

Менің әжем, гүл әжем,
Алтын әжем, күн әжем.
Адам үшін, мен үшін
Нағыз ана тілі — әжем.

Менің әжем, нар әжем,
Көп жасаған кәрі әжем.
Ауырғанда мен үшін
Әр түйгені дәрі әжем.

Менің әжем, жыр әжем,
Шуағы мол нұр әжем.
Ақ таяққа сүйеніп,
Аман-есен жүр, әжем!

(К. Мырзалиев)

■ Өз әжелерің туралы шағын шығарма жазыңдар.

§ 20. СЫН ЕСІМНІҢ ЖАСАЛУЫ

Сын есім құрамы жағынан **негізгі сын есім** және **туынды сын есім** болып бөлінеді. Ешбір қосымшасыз негізгі түбір күйінде жұмсалатын сын есімді **негізгі сын есім** дейді. Мысалы: *қара, көк, биік, таза, жақсы, сары, терең* т.б. Бұл сияқты сөздер — әрі қарай бөлшектеуге келмейтін негізгі түбірлер.

Басқа сөз табынан жұрнақ арқылы жасалған сын есімді **туынды сын есім** дейді. Мысалы: *көш-пелі* (ел), *кеш-кі* (ауа), *өнер-лі* (жігіт), *аудандық* (комитет), *азамат-тық* (борыш), *тарих-и* (оқиға), *үрік-ек* (ат) т.б. Тұлғасы жағынан туынды сын есім негізгі түбір мен қосымшадан (жұрнақтан) тұрады. Демек, туынды сын есімдер дегеніміз — жұрнақтар арқылы жасалған сын есімдер. Туынды сын есімдер жұрнақтар арқылы есім сөздерден де, етістіктерден де жасалады. Мысалы: *қыс-қы* (күн), *су-сыз* (жер), *сөз-шең* (адам) т.б. сын есімдердің түбірі зат есімдер болса, *толық* (адам), *көтер-іңкі* (көңіл), *ауыс-палы* мағына, *үсте-ме* (ақы) т.б. сын есімдердің түбірі — етістіктер. Сондықтан да сын есім жасайтын жұрнақтар екі топқа бөлінеді: **есім сөзден сын есім тудыратын жұрнақтар** және **етістіктен сын есім тудыратын жұрнақтар**. Сын есімдер, сондай-ақ қосарлану және тіркесу арқылы да жасалады. Мысалы: *үлкен-кіші, апалы-сіңлілі, биік-биік, жақсы-жаман, балалы-шағалы* және *шұбар ала, қара көк, ақ сақалды, жирен қасқа* т.б. Бұлар құрамына қарай **күрделі сын есімдер** деп аталады. Ал бір ғана түбірден (негізгі немесе туынды түбірден) тұратын сын есімдер **дара сын есімдер** деп аталады.

Есім сөздерден сын есім тудыратын негізгі жұрнақтар мыналар:

1) **-лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті:** тау-лы, тас-ты, дене-лі, көрік-ті, өнер-лі т.б.

2) **-сыз, -сіз:** үй-сіз, жер-сіз, қызмет-сіз, жолдас-сыз, ағаш-сыз т.б.;

3) **-ғы, -гі, -қы, -кі:** жаз-ғы, іш-кі, сырт-қы, соң-ғы, күз-гі, түн-гі т.б.;

4) **-лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік:** азамат-тық, жыл-дық, көлем-дік, күн-дік, өлке-лік, көмелет-тік т.б.;

5) **-шыл, -шіл:** жер-шіл, ұйқы-шыл, күлкі-шіл, ұй-шіл, сыр-шыл т.б.;

6) **-шаң, -шең:** бой-шаң, сөз-шең, киім-шең, тер-шең т. б.;

7) **-дай, -дей, -тай, -тей:** үй-дей, қой-дай, арыстан-дай, ат-тай, түлкі-дей т.б.;

8) **-кер, -гер, -қой, -қор, -паз (-ымпаз, -імпаз):** табыс -кер, найза-гер, әуес-қой, бөле-қор, жем-қор, шай-қор, өнер-паз, жең-імпаз т.б.;

9) **-и, -ы, -і:** тарих-и, дін-и, әдеб-и, رسم-и, мәден-и, қазақ-ы, түрк-і, қалмақ-ы, алтай-ы, араб-ы т.б.

Етістіктен сын есім тудыратын негізгі жұрнақтар мыналар:

1) **-ғақ, -гек, -қақ, -кек, -ақ, -ек;** ұрыс-қақ, тай-ғақ, үр(і)к-ек, қор(ы)қ-ақ, бөл-ек т. б.;

2) **-ық, -ік, -қ, -к:** тол-ық, сын-ық, аш-ық, ақса-қ, сире-к, біт-ік т.б.

3) **-ғыш, -гіш, -қыш, -кіш:** білгіш, жаз-ғыш, көр-гіш, айт-қыш, бар-ғыш т.б.;

4) **-ғыр, -гір, -қыр, -кір:** өт-кір, ұш-қыр, ал-ғыр, тап-қыр, біл-гір т.б.;

5) **-шақ, -шек:** ұрын-шақ, жасқан-шақ, сүрін-шек, қызған-шақ, мақтан-шақ т.б.;

6) **-ыңқы, -іңкі, -ңқы, -ңкі:** бас-ыңқы, көтер-іңкі, шаш-ыңқы, салбыра-ңқы т.б.;

7) **-ынды, -інді, -нды, -нді:** жаса-нды, асыра-нды, құра-нды, түй-інді т.б.;

8) **-малы, -мелі, -балы, -белі, -палы, -пелі:** *көтер-мелі, таңда-малы, айны-малы, жылжы-малы, ауыс-палы, көш-пелі т.б.;*

9) **-ымды, -імді, -мды, -мді:** *жара-мды, шыда-мды, қон-ымды, келіс-імді т.б.;*

10) **-аған, -еген:** *қаш-аған, сүз-еген, теб(н)-еген, қаб(н)-аған т.б.;*

11) **-улы, -улі;** *қаңтар-улы, іл-улі, ая-улы, ас-улы т.б.;*

12) **-ма, -ме, -ба, -бе, -па, пе:** *қыз-ба, бұра-ма, ес-пе, боя-ма т.б.*

Ескерту.

1. Көрсетілген жұрнақтардың кейбірі басқа сөз табында да кездеседі. Мысалы: **-лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік** жұрнағы зат есім де жасайды: *жақсы-лық, жаман-дық, дос-тық, күнде-лік, орын-дық т.б. -сыз, -сіз, -дай, -дей, -тай, -тей, -шаң, -шең, т.б.* үстеуде де кездеседі. Мысалы: *ақы-сыз берді, ат-сыз келді, қыс-тай дайындалды, тоты-дай сайрады, көйлек-шең отырды т.б.* Мұндай сөздер сөйлемде білдіретін мағынасы мен қызметі арқылы ажыратылады.

2. Араб-иран тілдерінен енген **-кей, -қой, -қор, -паз** жұрнақтары үндестік заңына бағынбайды, өйткені бұл жұрнақтардың жуан және жіңішке сыңарлары жоқ.

122-жаттығу. Мақал-мәтелдердегі сын есімнің мағыналарын айқындап, негізгі және туынды сын есімдерді ажыратып айтыңдар.

1. **Мейірімі мол** ананың,
Жүрегі жылы, қолы кең.
Кеңпейілді атаның,
Жүзі жылы, жолы кең.

2. **Жақсы** бала қонаққа үйір,
Жақсы тай атқа үйір.
3. **Ұрысқақ** болса, ұлын жау,
Керіскек болса, келін жау.
4. **Айдалы** батыр алдырмас.
5. **Ақылды** кісі ісіне сенеді.
Ақымақ кісі күшіне сенеді.

123-жаттығу. Берілген сын есімдердің сындық белгілерін анықтандар. Негізгі сын есімдерді бір бөлек, туынды сын есімдерді бір бөлек көшіріп жазындар.

Үлгі: **негізгі сын есімдер:** *қысқа* **туынды сын есімдер:** *тоғайлы*

Қысқа, тоғайлы, жүйрік, қысқы, биік, үлкен, еңбекқор, өнерпаз, әдепті, аспалы, гүлді, өнерлі, сауықшыл, күзгі, аласа, қалалық, әшекейлі, жаман, сыпайы, білгіш, жалқау, алғыр, зейінді, зерек, өткір, көргіш, жүгіргіш, сөзшең, жеңіл, жұқа.

* Өздерің қалаған сын есімді қатыстырып, бес сөйлем құраңдар.

124-жаттығу. Көп нүктенің орнына төмендегі жақшада берілген сын есім жұрнақтарының тиістісін қойып, сөйлем құрап жазындар.

Үлгі: *әдепті бала — арлы бала.*

Әдеп... бала, өнер... қыз, қыр... қарындаш, жаз... демалыс, күз... суық, сауық... жігіт, аспа... шам, тау... жер, бала... үй, шаруа... адам, құм... жер, сүз... сиыр, біт... шөп, мақтан... бала, бой... кісі, кеш... мезгіл.

(-ті, -лі, -ғы, -лы, -шыл, -гі, -қор, -ды, -еген, -ік, -шақ, -шаң, -кі)

125-жаттығу. Өлең жолдарын оқып, құрамындағы туынды сын есімдердің қандай жолмен жасалғандығын түсіндіріңдер.

МӘҢГІ ЖАСТЫҚ

- I. Мәңгілік жастық,
Мәңгілік жасыл,
Көкпеңбек.
Алақай, біздің алаулы жастық өткен жоқ!
Қуарған күз де,
Бозарған қыс та, мінеки,
Майменен бірге оралды тағы көктем боп.

(М. Мақатаев)

- II. Кең даланы күңіrentіп,
Қатты айғайлап ән салдым.
Әніме қосылды кең дала,
Аққулы-қазды шалқар көл,
Қамысты-құрақты көк өзен.

(С. Сейфуллин)

126-жаттығу. Берілген сын есімдердің мағыналық белгілерін ескере отырып, жасалу жолын түсіндіріңдер. Оларды пайдаланып, адамның кескін-келбетін суреттейтін мәтін құраңдар.

Ақылды, қызыл шырайлы, қара сақалды, ат жақты, бөкен қабақты, қасқыр ішікті, жылы жүзді, кіші пейілді, өнерлі, өнерпаз, сөзшең, тұсаулы, айнадай, сазандай, еңбекқор, желсіз, сусыз, отынсыз, табысты, әнші.

127-жаттығу. Төмендегі зат есім сөздердің мағыналарын айқындандар. Оларға сын есім жұрнақтарын жалғап, туынды сын есім жасаңдар.

Үлгі: *жауырынды, ...*

Жауырын. Ұйқы. Қыс. Бой. Көрік. Тарих. Тау. Қала. Киім. Білім. Жол. Құм. Ән. Сурет. Әңгіме. Арыстан. Сүт.

128-жаттығу. Көп нүктенің орнына сын есімнің тиісті жұрнақтарын жалғап, сөйлемдерді көшіріп жазындар.

1. Төр алдында сақалы бурыл тартқан бір ажар... адам отыр. (*Ғ. Мүсірепов*) 2. Теріскейден соққан өкпек желдің екпіні әрі күш..., әрі суық. (*С. Мұқанов*) 3. Аса сыпайы қарайтын ой..., нұр... көзінде бір шұғыла бар. (*М. Әуезов*)

129-жаттығу. Берілген сөз тіркестерін қатыстырып, сөйлем құраңдар.

Үлгі: *Өнерлі кісінің өрісі кең.*

Өнерлі кісі. Сыншыл адам. Қайратты жігіт. Ақылды бала. Жеңімпаз топ. Үлгілі қыз. Әдеби мұра. Тарихи ескерткіш. Жершіл ат.

130-жаттығу. Туынды сын есімдердің ішінен етістіктен жұрнақ арқылы жасалған сын есімдерді теріп жазындар.

Желсіз, еріншек, даңқты, қарулы, көйлекшең, түнгі, қабаған, сүзеген, жылжымалы, көтеріңкі, ашық, түйінді, тұсаулы, тізбелі, сілтемелі, мақтаншақ, аққудай, ұмытшақ, ұнамды білгіш, көреген, айтқыш, тебеген, жүзгіш, толық.

131-жаттығу. Берілген туынды сын есімдерді қатыстырып, сөз тіркесін жасаңдар.

Үлгі: *үркек ат, ...*

Үркек, ұмытшақ, сүріншек, тізбелі, айтулы, тиімді, қонымды, шыдамды, төзімді, оқығыш, көргіш, көшпелі, таңдамалы, ерітінді, тындырымды, бытыраңқы, бітік, тайғақ, тұнық, жинақы.

132-жаттығу. Мақал-мәтелдерден туынды сын есімдерді тауып, олардың қай сөз табынан қандай жұрнақ арқылы жасалғанын байқандар.

1. Алаған қолым — береген.
2. Мәуелі ағаш — майысқақ.
3. Бай байыған сайын қалтырауық болады.
4. Жағымпаз адам жасқаншақ.
5. Қыдырымпаз адамда ұят болмайды,
Жел мінезді адамда мұрат болмайды.
6. Өнерлі жігіт — елдің көркі,
Үкілі қамыс — көлдің көркі.

133-жаттығу. Тірек сөздерді пайдаланып, үйде өз беттеріңмен адамның портретін жазыңдар.

Үлгі: *Ержан алтыншы сыныпта оқиды. Ол — ақылды оқушы. Мінезі бұйығылау болғанымен, қабағы ашыңқы, қайырымды...*

Бұйығы. Ашыңқы. Қайырымды. Бойшаң. Кеудесі көтеріңкі. Ашушаң емес. Байқағыш. Ат жақты. Ойлы көзді. Жақсы оқиды. Сабақ. Жолдас. Көмек.

134-жаттығу. Мәтіндегі сын есімдердің жасалуына мән беріңдер.

1. Мемлекетіміздің жалауы үш түстен: көгілдір, ақ және жасыл түстен тұрады. (*А. Рахманұлы*)
 2. Ежелгі түркілердің орталық қаласы Отырар болған. (*Оқулық*)
 3. Кісілік қымбат емес, кішілік қымбат. (*Мақал*)
 4. Әлішер Науаи туып-өскен жер Қырат әдеби, мәдени, ғылыми орталық болған. (*М. Омаров*)
 5. Менің әжем әңгімешіл кісі еді. (*Н. Қазыбеков*)
 6. Бұрын маған қыс айлары қызықсыз, сұрқай көрінетін. (*Оқулықтан*)

7. Жұмысшының шымыр қолы үнемі,
Май-май болып, күс-күс болып жүреді.
Байлар қолы үлбіреген жұп-жұмсақ,
Кір шалмаған ақша қардай білегі.

Дж.Родари

8. Ал, аяз көрсетпек боп зәрлі күйін,
Ауылдың аралап жүр барлық үйін.
Шаң қобыз — селеу тартса зарлы күйін,
Қағып ап кетіп жатыр қарлы қүйін.

Жон жатты жалт-жұлт етіп, күміс қырлы,
Түнгі шу көрінбей бір тыныс құрлы.
Бұл дала жайып тастап ақ парағын,
Мен үшін — жазбаған жыр, тың іс тұрды.

(Ө. Қожамұратов)

§ 21. СЫН ЕСІМНІҢ МАҒЫНАЛЫҚ ТҮРЛЕРІ

Мағынасына қарай сын есім **сапалық сын есім** және **қатыстық сын есім** болып екіге бөлінеді. Сапалық сын есім мен қатыстық сын есімнің айырмасы, ең алдымен, білдіретін мағынасына байланысты болады.

Негізгі түбір сын есімнің өзінен болып, заттың сынын, түр-түсін тікелей анықтайтын болса, ол **сапалық** сын есім болғаны. Мысалы: көк (шөп), қызыл (баяу), жақсы (сөз), ащы (су), көкшіл (мата), қызғылт (орамал), жақсырақ (орын), ащылау (қымыз), жап-жасыл (орман), түп-тұщы (су).

Сын есім басқа сөз табынан да жасала береді. Зат есім, есімдік, етістік, үстеу сөз таптарына сын есім тудыратын жұрнақтар жалғанып, туынды сын есім жасалады. Оны **қатыстық сын есім** дейді. Қатыстық сын есімнің мағынасы өзіне негіз болған түбір сөздің мағынасына байланысты болады. Мысалы: **өнерлі жігіт** — өнердің неше түрін білетін жігіт екенін немесе жігіттің өнерінің молдығын, **орманды алқап** дегенде алқапта орманның көптігін, ағашының молдығын көрсетеді.



Сонымен, **заттың түр-түсін, сын-сапасын тікелей анықтайтын сын есімді сапалық сын есім** дейміз. Сапалық сын есімдерге шырай жұрнақтары жалғана алады. Ал **заттың сын-сипатын, әр түрлі белгісін басқа сөз табының қатысы арқылы білдіретін сын есімді қатыстық сын есім** дейміз.

135-жаттығу. Сапалық сын есімдерді бір бөлек, қатыстық сын есімдерді бір бөлек, екі баған етіп жазыңдар.

Үлгі: **сапалық сын
есімдер:**
ақшыл

**қатыстық сын
есімдер:**
аттылы

Ақшыл, аттылы, сазды, жасыл, тәтті, балалы, үлкен, қымбат, жаман, жігерлі, отты, егінді, иманды, еріншек, айтқыш, көргіш, білгір, шексіз, жазғы, күзгі, былтырғы, жан-жақты, қызылды-жасылды, алғыр, мінезді, өнерлі, жүгіргіш, басыңқы, ұзын, жарық, кең, қысқа.

136-жаттығу. Жұмбақтарды оқып шығыңдар. Қатыстық сын есімдерді тауып, олардың қай сөз табынан жасалғанын айтыңдар.

Әрі шешен, әрі әнші, әрі күйші,
Әр үйде бар, тапқышым, кәне, білші.
(.....)

Темір қайшы — қос қайшы,
Шығыршықсыз бос қайшы.
Еңбеккерге дос қайшы,
Еріншекке қас қайшы.
(..... ..)

Ешбір тіреусіз күмбез,
Ешбір сүйеусіз күмбез.
Ешкім көтере алмайтын күмбез,
Ешкім төңкере алмайтын күмбез.
(.....)

137-жаттығу. Мәтінді оқып шығып, мазмұнын әңгімелеп айтып беріндер. Құрамындағы сапалық және қатыстық сын есімдерді ажыратып, әңгімеге өң беріп тұрғанын байқандар.

Баяғыда Қаратау алқабындағы жазық алқапта сабан төбелі ескі үй тұрды. Онда өзінің үш баласымен бір жесір әйел өмір сүрді. Жесір әйел керемет өнерлі, шебер кісі еді. Ол үнемі торқа орамалды жібекпен кестелеп күнелтті, шаршап-шалдығуды білмеді. Кестелі бұйымдарды базарға сатып, балаларын асырады.

Бір күні жібекпен кестеленген үлкен орамал дайын болды. Орамалдың бетіндегі суреттер шын өмір суреттері сияқты еді: көк шатырлы аспан түстес көгілдір қабырғалы әсем үй, кең дүниеге ұқсас кең аула. Аула қорғаны — қызыл кірпіш. Қызыл босағалы қақпа да алтын сырлы. Осының бәрі біріне-бірі үйлесімді, жарасымды. Аула ішінде бақ, гүл, жемісті ағаштар. Ағаш бұтақтарына әр түрлі әнші құстар қонып, өткеншек теуіп тұр. Ана өзі үш жыл кестелеген орамалын далаға алып шықты, балаларын шақырды. Орамалдағы өмір суретіне ананың үш ұлы таң-тамаша болды.

(М. Тиесов)

* Мәтінге ат қойындар. Өз қиялдарыңмен ертегіні ары қарай жалғастырып айтып көріңдер.

138-жаттығу. Мәтінді оқып, мазмұнын өз сөздеріңмен жазындар. Сын есімдерді орынды пайдаланындар.

Алыстан көрінетін қызыл қоңыр мұнара ханымның көзіне оттай басылды. Бұлар жақындай түскен сайын асқақ мұнара көкке өрмелей тым биіктеп барады. Түбіне келіп күймеден түскенде, қызыл қыш тастан оюланған тас бәйтерек ханымның таң-тамаша жанарынан жарық дүниені қалқалап тұрғандай болды. Енді ханым күннен-күнге өзгеріп келе жатқан

мұнараны нөкерімен бірге күнде қызықтайтын болды. Мұнара әуелі көгіс тартты. Көкпеңбек мұнара көк аспанның өзімен астасып кеткендей. Күні кеше қожырайып тұратын қып-қызыл тас діңгектің орнына аспанды тіреп тұрғандай жып-жылмағай, жіп-жіңішке көк сирақ шыға келіпті.

(Ә. Кекілбаев)

139-жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқындар. Құрамындағы сын есімдердің мағынасына көңіл бөліп, олардың өлеңге қандай мән беріп тұрғанын түсіндіріңдер.

ЖАЙЛАУ

Жайлау қандай тамаша!
Көзді тартар қараса.
Қызыл-жасыл төңірек,
Бейне жайған алаша.

(С. Мәметов)

140-жаттығу. Мәтінді дауыстап оқындар. Сын есімдерді тауып, өзінің тіркескен сөзімен бірге теріп жазындар, оларды сұрақ қою арқылы талдаңдар.

Үлгі: **қандай көгал?** — **кең** көгал. — **сапалық** **сын** **есім**, **түбір** **күйінде**.

ЖАЙЛАУДА

Кең көгалға жайыла қонған үлкен ауылдың оң жақ шеті өңшең үлкен ақ үйлер. Бұлар мал қотанынан, иіс-қоңыстан, мазасыздықтан әдейі қашып, шалқая қонған. Ауылдың екінші шеті мен мал иірілетін тұсында отырған өңшең қоңыр үй. Бұл шетте жыртық, шоқпыт лашықтар, құрым кара қостар, кішкене күркелер бар. Қойшы шал, қозышы бала, түйеші, сауыншы, жылқышы да осы жақтан шығады.

Қазір үлкен ауылдың бұл шетіндегі қолы бос желең де, шүйке есіп, ұршық иірген кексе қатын, кәрі кемпір де түгелімен ауылдың екінші жағына

кұлақ салады. Тегіс алаңдап, солай жүргілері келеді де тұрады. Олардың бәрін еліктіріп, қызықтырған — асқақ үн. Ол — ән. Ауыл үстінде шаңқай түсте, бұлтсыз аспанға шаншылып шырқалған әсем үн. Әйгерім әні.

(М. Әуезов)

* Мәтін мазмұнына сүйеніп сурет салындар.

141-жаттығу. Сөйлемдегі сын есімдерді сұрақ қою арқылы анықтандар.

КЕДЕЙ МҰҚАШ

Мен таңқы мұрын, бадырақ көз, шұнақ құлақтау, кірпі шаш, қыртыс маңдай, қара сұр жігітпін. Жасым отыз бесте. Әкем Тайбазар, өзім Мұқаш болғалы аузым асқа жарыған емес. Ес біле есікте жүрдім. Ә дегенде құнсыз, сараң, жаман Төлеубай дегеннің қозысын бақтым. Одан соң он беске келгенше Шаманбайдың қойын бақтым. Қалай Бадығұлдың жылқысын бақтым, солай көзім ашыла бастады. Қашаған жылқыны жалғыз ұстаймын. Асауды жалғыз үйретемін. Күзетке жалғыз барамын. Боранда асаумен, қараңғы ұзақ түнмен, ұрымен алыспаған жылқышы жылқышы емес.

(Ж. Аймауытов)

* Мәтіннен Мұқаштың бойындағы қасиетті танытатын сөйлемдерді тауып, өз пікірлерінді дәлелдендер.

■ Мәтінді басшылыққа ала отырып, өзің туралы жаз.

142-жаттығу. Әңгімені ойланып оқындар. «Зеректік» деген сөздің мағынасына мән беріндер. Мәтіндегі сын есімдердің синонимдерін үлгіде көрсетілгендей етіп жазындар.

Үлгі: *зерек — зейінді, аңғарымпаз, байқағыш, сезгіш, көргіш, білгіш.*

ЗЕРЕКТІК

Англия жұртында Броун деген білімді ұста судың үстіне бір қолайлы көпір салуды ойлапты.

Қалайша салсам қолайлы, берік болар екен деп ойға қалып келе жатса, жолдың үстіне кесе тартқан өрмекшінің өрмегіне көзі түсіпті. Ол тоқтай қалып, ойланады: «Өрмекші мынау жол арқылы көпір салыпты, астында тіреуі жоқ. Осындай көпір болса, қолайлы болар еді», — дейді. Ойланып-ойланып, су үстіне екі ұзын шынжыр тартып, ортасына тақтай салады. Екі жақ басын құрғақ жерден биік, мықты бағандарға бекітіп, көпір жасайды. Шынжырдан көпір салу содан қалған үлгі екен.

(Ы. Алтынсарин)

143-жаттығу. Мәтінді оқып, құрамындағы сын есімдердің жасалу жолын, мағынасын, қызметін айтындар.

Үлгі: *Үйі қандай? — кішкентай екен — сапалық сын есім, баяндауыш.*

Әмірхан — кісіге тез үйір болатын, жолдасқа жанын қиятын жігіт. Қайта-қайта шақырып, үйіне қонаққа апарды. Үйі кішкентай екен. Үйінде мәз төсеніші де жоқ. Бар асыл бұйымы — үкілі сары домбыра. Үйінің ар жағы жасыл дала. Қымыз ішіп алған соң, көгалға шығып, сейіл құрдық. Ән туралы әңгіме айттық.

— Менің жүрмеген жерім, көрмеген елім бар ма? — деп бастады әңгімесін Әмірхан. Жас кезімнен әкеме еріп, ел араладым. Әкем орасан әнші еді. Әкем қайтыс болған соң, жақсыларға еріп көп жүрдім. Маған ән үйреткен әуелі әкем еді. Содан соңғы үлгі берген кісі Жұмабек әнші болды. Уай, шіркін, Жұмабек жігіт еді! Ондай әншіні өмірі көргем жоқ. Өлеңші, әнші деген жігіттердің көбін естідік. Бірақ Жұмабекке жету қайда?!

(Ж. Аймауытов)

* Мәтінге ат қойып, жоспарын құрындар.

144-жаттығу. Мәтінді оқып, оның аты неге «Білгеннің пайдасы» деп аталғанын дәлелдендер. Сөйлемдердегі сапалық, қатыстық сын есімдерді ажыратындар.

БІЛГЕННІҢ ПАЙДАСЫ

Бір қарт ұста күні-түні тынбай іс соғып отырады екен. Оған көрші, заманындағы бір зор бай, Броун дегеннің баласы ойнап жүріп қызыққа күнде ұстаға келіп, іс соққанына қарап тұрады екен. Бір күні ұста мырзаға айтты:

— Төрем, қарап тұрғанша, тым болмаса, шеге соғуды үйренсейші, кім біледі, бір күндерде сол өнердің де керегі болар.

Бала нем кетеді деп, күнде мазаққа шеге соғып жүріп, бірнеше күнде жақсы соғуға үйреніпті.

Мұнан соң бірнеше жылдар өткен соң, жұртында қатты жаугершілік басталып, Броунның мал-жаны таланып бітіп, өзі қатын-баласымен қашып шығыпты. Сонымен, ішерге-жеуге, киюге де кем-тар соғып, бір қалада жүрген уақытта, қаланың әкімі бұйрық шашты: әскерге көп етік керек, жақын жердегі қалалардың сататын мығы таусылды, мық даярласын деп. Сонда манағы мырзаның мазаққа үйренген өнері есіне түсіп, патшалық етікшілерге хабар салды:

— Егер көп мық-шеге керек болса, мен пәдіретін аламын, — деп.

Етікшілер істеген мығын көріп ұнатқан соң, әскердің етегіне мық істеудің міндетін алып, көп мал тауып ақыр өміріне шейін кемдік көрмей өтіпті-міс.

(Ыбырай Алтынсарин)

САН ЕСІМ

§ 22. САН ЕСІМ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

 Алпыс бестен асқанда, Жетпіске қадам басқанда (Жамбыл), Атадан алтау, анадан төртеу Жалғыздық көрер жерім жоқ (Абай) деген сөйлем-

дердегі *алпыс бестен, жетпіске, алтау, төртеу* деген сөздер белгілі бір заттардың (жас, біз я адам) мөлшерін, санын білдіріп тұр. Осындай **заттың санын, мөлшерін, ретін білдіріп, қанша?, неше?, нешеу?, нешінші? тәрізді сұрақтарға жауап беретін сөз табын сан есім** дейді.

Сан есім заттың санын, мөлшерін, ретін білдіріп, тікелей зат есіммен тіркесіп қолданылады. Мысалы, *Бұл Жамбыл жасап отыр тоқсан жасты* (Жамбыл) деген сөйлемде *тоқсан* деген сан есім (неше?) *жас* деген зат атауының санын білдіріп тұр. Кейде сан есімдер зат есімсіз-ақ жұмсала береді. Ондайда сан есім әрі заттық мағынаны, әрі сол заттың санын, мөлшерін білдіріп тұрады. Мысалы, *Тоқсаннан әрі кетті, жүзге де асты* (Жамбыл) деген сөйлемде *тоқсаннан, жүзге* деген сан есімдер әрі заттық ұғымды (*тоқсан жастан және жүз жасқа*), әрі оның мөлшерін, санын білдіріп тұр.

145-жаттығу. Мәтінді оқып шығып, сан есімді мағыналық түріне қарай ажыратындар. II бөлімді цифрамен жазып, емлесін айтындар.

УАҚЫТ

I. Таң атады, күн батады. Арасында 24 сағат немесе 1440 минут немесе 86400 секунд өтеді. Күн де солай. Бұл уақыт — адамға бір тәулік ішінде кесіліп берілген мерзім. Біз соны қалай өткізіп жүргеніміз төңірегінде бірсыпыра ой жүгіртіп, ойлап көрдік пе? Тұтас өміріміздің шартты түрде бөлінген үзігі емес пе? (Ә. Марх.).

II. Он шақты, елу-алпыстай, жеті-сегіз, төрттің бір бөлігі, бір бүтін оннан үш, үш жарым, жетеу, жүз-жүзден, бес-бестен, жиырма үшінші, мың тоғыз жүз елу алтыншы, екінші топ, мың тоғыз

жүз жетпіс бесінші жыл, он-он бестей, он екіде, отыз жетіде, жүз шамалы, алпысқа таяу, он жетіден асты.

146-жаттығу. Жаңылтпашты оқып, айтып үйреніндер. Сан есімді қатыстырып, өздерің де осындай жаңылтпаш құрастырып көріндер.

Бес түп алма
«Бестік» алғандікі.
Төрт түп алма
«Төрттік» алғандікі.
«Төрттік» алған
Бес түп алма алмайды.
«Бестік» алған
Төрт түп алма алмайды.

(К. Мырзалиев)

147-жаттығу. Берілген тірек сөздерді қатыстырып, сан есімі бар сөйлемдерден тұратын мәтін құрандар.

Үлгі: *Атам мен әжемнің екі-үш сиыры, он-он бестей қойы бар.*

Атам мен әжем. Жеке меншік мал. Бақташы. Ұжым малы. Кезектесіп бағу. Малдың күтімі. Ауыл өмірі. Еңбек адамдары. Көңілді сәттер. Балалардың бірлігі.

§ 23. ДАРА ЖӘНЕ КҮРДЕЛІ САН ЕСІМДЕР

 Сан есімдер құрамына қарай **дара сан есім** және **күрделі сан есім** болып екіге бөлінеді. Бір түбірден құралған негізгі және туынды сан есім **дара сан есім** деп аталады. Мысалы: *он, үш, бес, мың, жүз, ондаған, сегізінші, жетеу*, т.б. Екі я одан да көп түбірдің тіркесінен немесе қосарлануынан жасалған сан есім **күрделі сан есім** деп аталады.

 Мысалы: *екі жүз, үш мың тоғыз жүз елу алты, жүз қаралы, оннан бір, үштен екі, бес ондық, бір-бірден, үш-төрт*, т.б. Сөздердің қосарлануы мен қайталануы арқылы жасалған күрделі сан есімдер дефис (-) арқылы жазылады. Мысалы: *қырық-елу, жетпіс-сексендей, бес-бестен, он-он бес*, т.б.

148-жаттығу. Өлең жолдарын оқып, сан есімдердің жазылуына мән беріндер.

Батырдың қырыққа таяу келген жасы,
Денесі биік жота, таудай басы...
Сексен көл Көкшетаудың саясында,
Әрқайсысы алтын кесе аясында...

(С. Сейфуллин)

Екеумізді қостасқан тілек қосты,
Айнымайтын сенімді жүрек қосты...

(С. Мұқанов)

Бес жаста безіп үйден тал ат мініп,
Он жаста жарға ойнаған лақтайсың.
Келгенде жиырмаға сазда өсетін.
Балауса бейне балғын курақтайсың.
Отызда өр қояндай аспанға атып.
Қырықта мүшеленген құр аттайсың.
Елуде ақыл-ойың тегіс толып,
Төскейден сарқыраған құлақтайсың.

(Балуан Шолақ)

149-жаттығу. Төмендегі сандарды сөзбен жазып, оларды дара және күрделі түріне ажыратындар.

Үлгі: **дара сан есімдер:** *үш*, ...

күрделі сан есімдер: *қырық бір*, ...

3, 41, 68, 7, 5-6, 50-60, 4, 27, 9, 1000, 50, 70, 1597,
789, 15257, $7\frac{1}{3}$, 5, 27, 20, 2012.

150-жаттығу. ■ Берілген сан есімдерді қатыстырып, «Біздің сынып» деген тақырыпта шағын шығарма құрастырып жазыңдар.

Жиырма, тоғыз, он, үш, бес, он бір, үш қатар, екі мың, екі-екіден, сегіз.

§ 24. САН ЕСІМНІҢ ТҮРЛЕРІ

Сан есімдер мағынасына (нені білдіруіне) қарай алты түрге бөлінеді: есептік сан есім, реттік сан есім, болжалдық сан есім, топтау сан есім, жинақтық сан есім, бөлшектік сан есім.

§ 25. ЕСЕПТІК САН ЕСІМ

Есептік сан есім заттың нақтылы санын білдіріп, **қанша?, неше?** деген сұрақтарға жауап береді. Мысалы: *бес, он екі, жүз, жиырма, сегіз, тоғыз жүз бір*, т.б. Есептік сан есімдер дара да, күрделі де болып, сан есімнің басқа түрлерін жасауға негіз болады.

151-жаттығу. Берілген жұмбақтардың шешімін тауып, есептік сан есімдерді теріп жазыңдар.

1. Бір ағаштың он екі бұтағы бар,
Әр бұтағында отыздан жапырағы бар.
Жапырақтарының бір жағы ақ.
Бір жағы қара.
2. Бір үйде тұрады екен елу батыр,
Үй сыртына сүйенсе-ақ, өліп жатыр.
3. Ақ шапанын үстінен
Алты ай бойы шешпейді.
Қара шапан үстінен
Алты ай бойы шешпейді.

4. Бір емен, жеті терек, алты қайың,
Бұтағы толып жатыр дайым, дайым.
Үшінде шынар терек үш қарағай,
Өңгесін айта беріп не қылайын.

Жұмбақтың жауаптары: «жыл, ай, күн мен түн, «Сіріңке», «Қара жер мен ақ қар», «Шолпан», Жеті Қарақшы, Үркер. Үш таразы»

152-жаттығу. Есептік сан есімдерді қатыстырып, сөзбен есеп құрастырындар.

Үлгі: *Жаңа оқу жылында кітапханашы мектепке 3000 оқулық әкелді. Оның 600-і математика, 351-і орыс тілі, 458-і қазақ тілі, 280-і қазақ әдебиеті пәндерінің оқулықтары.* Қалған оқулықтар бастауыш сыныптікі. Сонда бастауышқа қанша оқулық әкелінген?

153-жаттығу. Мәтіндегі сөзбен жазылған есептік сан есімдерді санмен, керісінше санмен жазылған есептік сан есімдерді сөзбен теріп жазындар.

1. Ересек адамның қаңқасы 220 сүйектен тұрады.
2. Бас сүйектің бет бөлімі 15 сүйектен құралады.
3. Екі жақсүйекте де тістер түбірі орналасатын ұяшықтар болады.
4. Омыртқа жотасы 33-34 қысқа сүйектерден тұрады.
5. Көкірек қуысы 12 жұп қабырға мен төссүйектен құралады.
6. Арқа омыртқаларының әрқайсысына он екі жұп қабырғаның бір жұбы жалғасады.
7. Бұлшықеттің өсіп жетілетін кезі — 14—17 жас аралығы.
8. Он сегіз жасқа қарай бұлшықет ересек адамдардағыдай болады.
9. Он сегіз жастан кейін адам сымбатындағы кемістіктерді түзету өте қиын.
10. Адам бойында шамамен 150 млрд. қан капилляры болады.

(«Адам анатомиясынан» кітабынан)

§ 26. РЕТТІК САН ЕСІМ

Реттік сан есім заттың саналу ретін (қатарын) білдіріп, **нешінші?** деген сұраққа жауап береді. Реттік сан есімдер есептік сан есімдерге, егер олар дауысты дыбысқа бітсе, **-ншы, -нші**, ал дауыссызға аяқталса, **-ыншы, інші** жұрнағы жалғану арқылы жасалады. Мысалы: *бір-інші, тоғыз-ыншы, екі-нші, алты-ншы, жүз отыз бес-інші* т.б.

Реттік сан есімдер кейде цифрмен де беріледі. Ондайда сан есімдердің жазылуы мына төмендегіше болады.

1. Реттік сан есімдер араб цифрымен берілсе, **-ыншы, -інші, -ншы, -нші** жұрнағының орнына дефис (-) қойылады. Мысалы: *Ол 6-қатардан орын алды. Біз 3-қабатта тұрамыз. Сен биыл 7-сыныпқа барасың* т.б.

2. Реттік сан есімдер рим цифрымен берілсе, жұрнақтың орнына дефис қойылмайды. Мысалы, *шығарманың II томы* т.б.

3. Жыл, ай аттарының алдынан келген сан есімдер араб цифрымен берілсе де, одан кейін дефис қойылмайды. Мысалы: *1961 жылы Ю.Гагарин ғарышқа ұшты. 1 қыркүйекте сабақ басталады* т.б.

154-жаттығу. Берілген есептік сан есімдерден реттік сан есім жасап, оларды сөзбен жазындар.

Үлгі: *жеті — жетінші, ...*

2013, 7, 10, 1, 3, 100, 28, 37, 695, 470, 259, 627, 1992, 187, 369, 2692, 2012.

155-жаттығу. Сөйлемдерді оқып, реттік сан есімдердің қалай жасалғанын және сұрақтарын айтындар.

1. Мың тоғыз жүз қырық үшінші жылы алтыншы қазанда жауды жайлап, Невельге алдымен

кірген жетпіс сегізінші атқыштар дивизиялары болды. Солармен ілесе отыз бірінші және жүзінші атқыштар бригадалары да қалаға кірді. Невель қаласын қайтарып алу үшін фашист ұшақтарының бізді үсті-үстіне бомбалағаны әлі көз алдымда. Сол шайқастардың бірінде, он бесінші қазанда Мәншүк қаза тапты.

(Ә. Нұршайықов)

2. Менің бабам Имаш мың тоғыз жүз он бірінші жылы тоқсан екі жасында дүние салған. Орта бойлы, орақ мұрынды, от жанарлы шымыр шалдың төртінші перзенті — менің әкем Момыналы екен. Оны жұрт Момыш деп кеткен.

(Б. Момышұлы)

156-жаттығу. Реттік сан есімдерді қатыстырып, берілген сұрақтарға жауап жазыңдар.

Үлгі: *Мың тоғыз жүз сексен сегізінші жылы, жетінші маусымда туғанмын.*

1. Нешінші жылы, қай айда туылдың?
2. Қай жылы бірінші сыныпқа оқуға бардың?
3. Ата-анаңның нешінші перзентісің?
4. Қазір нешінші сыныпта оқып жүрсің?
5. Сыныпта нешінші қатарда, қай орында отырасың?
6. Қандай жарыстарға қатыстың?
7. Нешінші орынға ие болдың?
8. Қандай мамандықты жақсы көресің?

§ 27. ЖИНАҚТЫҚ САН ЕСІМ

 **Жинақтық сан есім** заттың жинақталған санын білдіріп, **нешеу?** деген сұраққа жауап береді. Жинақтық сан есім бірден жетіге дейінгі есептік сан есімдерге **-ау, -еу** жұрнағы жалғану арқылы

жасалады. Мысалы: *біреу, екеу, үшеу, төртеу, бесеу, алтау, жетеу*. Дауысты дыбысқа бітетін *екі, алты, жеті* деген есептік сан есімдерге **-ау, -еу** жұрнағы жалғанғанда, түбірдің соңындағы **-ы, -і** дауысты дыбыстары түсіріліп қолданылады. Мысалы: *екі + еу = екеу, алты + ау = алтау, жеті + еу = жетеу*.

Жинақтық сан есімдер, әдетте, зат есімдермен тіркеспей, жеке қолданылады да, заттанып тұрады, яғни әрі сандық, әрі заттық мағынаны бірдей беріп тұрады. Мысалы, *Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, Төртеу түгел болса, төбедегі келеді* (мақал) деген сөйлемдегі *алтау, төртеу* деген жинақтық сан есімдер заттанып, әрі сандық мағынада (*алты және төрт*), әрі заттық мағынада (*алты адам, төрт адам*) бірдей жұмсалған.

157-жаттығу. Көшіріп жазып, жинақтық сан есімдердің астын сызындар.

1. Жасы қырықтың бесеулеріне келген. (*Ғ. Мұст.*)
2. Сәбең екеуміз сыртқа шықтық. (*С. Шайм.*)
3. Алтау ала болса — ауыздағы кетер, төртеу түгел болса — төбедегі келер. (*Мақал*)
4. Ертең мынаның біреуі өнбей қалса, ауыстыра саламыз. (*Т. Дәуренбеков*)
5. Аққу, Шортан, Шаян бір күн жұптасып, Үшеуі қатар жегілді. (*И. Кр.*)
6. Берерменге бесеу көп, Аларманға алтау аз.
7. Атадан туған алтау едік, өле-өле жетеу қалдық. (*Мақал*)
8. Жігіт жүзі — біреу, қанжар жүзі екеу. (*Мақал*)

158-жаттығу. Екеу, үшеу, төртеу боп ойнайтын ойын түрлерін естеріне түсіріңдер. Жинақтық сан есімді қатыстырып, өздерің білетін ойындар туралы сөйлем құрастырып жазындар.

Үлгі: *Күш сынасатын ежелгі халық ойындарының бірі — «Мойын арқан». Жігіттер екеу-екеуден ортаға*

белдеу сызыққа шығады. Ойын басқарушы тұйықталған арқанды олардың мойнына кигізіп, белгі береді. Күш сынасатын сайыскердің екеуі екі жаққа тартуы керек. Күші басым жігіт ұтады.

159-жаттығу. Ребусты шешіндер. Құрамында сан есімі бар не мақал, не мәтел, не нақыл сөз бойынша өздерің де ребус құрандар.



§ 28. БОЛЖАЛДЫҚ САН ЕСІМ

Болжалдық сан есімдер заттың санын дәл білдірмей, шамамен болжалдап көрсетеді де, **қанша?**, **неше?**, **қай шамалы?**, **қаншадан?** сияқты сұрақтарға жауап береді. Болжалдық сан есім бірнеше жолмен жасалады.

1. Есептік сан есімдерге: **-лаған (-леген)**, **-даған (деген)**, **-таған (-теген)**, **-лап (-леп)**, **-дап (-деп)**, **-тап (-теп)**, **-дай (-дей)**, **-тай (-тей)** жұрнақтар жалғану арқылы жасалады.

 Мысалы: жүздеген, отыздаған, қырықтаған, мыңдап, елулеп, жетпістей, тоқсандай т.б.

2. Есептік сан есімдерге әуелі көптік жалғауы, оның үстіне жатыс, барыс септік жалғауы жалғану арқылы жасалады. Мысалы: (жасы) елулерде, (сағат) ондарда, отыз бестерге (келген), т.б.

3. Есептік сан есімдердің қосарлануы арқылы жасалады. Мысалы: он-он бес, қырық-елу, жетпіс-сексен, қырық-елудей, елу-елу бестерде, жүз-жүздеген т.б.

4. Есептік сан есімдер шамалы, шақты, қаралы, таман, тарта, жуық, жақын сияқты сөздердің тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы: жүз шамалы, мыңға тарта, отызға жақын т.б.

160-жаттығу. Берілген есептік сан есімдерден болжалдық сан есімдер жасап, оларды сөзбен жазыңдар.

Үлгі: жүздеген, жүзге жуық, жүз шақты, жүздеп,

...

100, 60-70, 10, 150, 16-17, 2000, 15000.

161-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жазып, болжалдық сан есімдердің жасалу жолына көңіл бөліңдер, оларға сұрақ қойыңдар.

1. Бес-алты күн ішінде он шақты түлкі, бірер елік алған қос қыранға бұлар шыр айналдыра қарайды.

(Ә. Көшімов)

2. Кешегі екінші дүниежүзілік соғыста сан мыңдаған жауынгерлер тамаша ерлік жасап, жеңіп шықты.

(Ғ. Мұстафин)

3. Жиырма-отыздай жылқысы, екі-үш жүздей қойы, жиырма-отызға тарта сауын сиыры бар.

(С. Мұқанов)

162-жаттығу. Берілген сан есімдерді қатыстырып, ауызша сөйлемдер құрастырындар.

Үлгі: *бай аудандардың миллионнан астам малы бар.*

Миллионнан астам, жүз шақты, екі-үш жүздей, мыңдаған, ондаған, жеті-сегіз, он үштерде, жиырмаларда, қырыққа таяу, алпыстай, отыздарда.

§ 29. ТОПТАУ САН ЕСІМ

 **Топтау сан есімдер** заттың санын жекелеп емес, топтап көрсетеді де, **нешеден?, қаншадан?** деген сұрақтарға жауап береді. Топтау сан есімдер дара сан есімдер мен қосарланған сан есімдерге шығыс септік жалғауы жалғану арқылы жасалады. Мысалы: *екіден, жүзден, қырық-елуден, он-оннан, бес-алтыдан, үшеу-үшеуден* т.б. Сөйтіп топтау сан есімдер дара түрде де (*бестен, оннан* т.б.), күрделі түрде де (*жиырма бестен, жүз елуден* т.б.), қосарланған түрде де (*екі-екіден, он-он бестен* т.б.) қолданылады.

163-жаттығу. Берілген есептік сан есімдерден топтау сан есімдерін жасап, оларды дәптерлеріне сөзбен жазындар.

Үлгі: *үш-үштен, бес-бестен, ...*

3, 5, 10, 8, 6, 2, 40, 70, 80, 100, 1000.

164-жаттығу. Сөзбен берілген есептік сан есімдерден реттік, болжалдық және топтау сан есімдерін жасап жазындар.

Үлгі: **реттік сан есім:** *жүзінші, ...*

болжалдық сан есім: *жүздеген, жүз шамалы, жүзге тарта, жүздей, ...*

топтау сан есім: *жүз-жүзден, ...*

Жүз, елу, алпыс, тоқсан, мың.

165-жаттығу. Сөйлемдерді оқып, сан есімдерді мағыналық түрлеріне, жасалу жолына қарай ажыратындар.

Үлгі: қырық бестерге — *құрамы күрделі, болжал-дық сан есім.*

1. Ол сол кезде, шамасы, қырық бестерге, ал Мұқаметқали отыз бестерге келген жігіт. (*С. Мұқанов*) 2. Сексеннен асқан аңшы мен елуден асқан күзетшінің бас қосатын жері осы ұста дүкені болды. (*Ғ. Мұст.*) 3. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар. (*Мәтел*) 4. Жаңа салынып жатқан биік үйлердің айналасында мыңдаған адам, жүздеген машиналар құмырсқадай қайнайды. (*Ғ.М.*) 5. Қос қазық, екі желі, сегіз нокта. Сөйлейді шежіредей адам соқса. (*Жұмбақ: домбыра*)

§ 30. БӨЛШЕКТІК САН ЕСІМ

Бөлшектік сан есімдер заттың бөлшектік санын білдіреді. Бөлшектік сан есімдер **жай бөлшек** және **ондық бөлшек** болып екі түрде қолданылады. Жай бөлшек сандар екі есептік сан есімнің бөлімі шығыс я ілік септікте, алымы тәуелдік тұлғада жұмсалады, кейде тәуелдік жалғауы түсіріліп те айтылады. Мысалы: *екіден бірін* $\left(\frac{1}{2}\right)$ ал, *үштің бірі* $\left(\frac{1}{3}\right)$, *оннан екісі* немесе *оннан екі* $\left(\frac{2}{10}\right)$ т.б. Сол сияқты бөлшектік сан есімдер есептік сан есімге *жарты, жарым, ширек* сөздері тіркесіп келіп те жасалады. Мысалы: *екі жарым, үш ширек* т.б. Ондық бөлшектік сан есімнің бөлімі ондық, жүздік, мыңдық сияқты болып жасалады. Мысалы: *екі бүтін үш ондық* немесе *екі бүтін оннан үш* (2, 3), *бес бүтін төрт жүздік* немесе *бес бүтін жүзден төрт* (5,04), *он бүтін жүз елу бір мыңдық* немесе *он бүтін мыңнан жүз елу бір* (10,151) т.б.

166-жаттығу. Цифрмен берілген бөлшектік сан есімдерді сөзбен жазыңдар.

$$\frac{1}{2}; \frac{2}{3}; 2\frac{3}{5}; 12,5; 28\frac{1}{3}; \frac{2}{7}; \frac{3}{4}; 1\frac{1}{3}; 76,05.$$

167-жаттығу. Сөйлемдерді оқып, құрамындағы сан есімдерді мағыналық түріне қарай ажыратыңдар.

1. Өзгелердің жиырма-отыздай жылқысы, екі-үш жүз қой, жиырмаға тарта сауын сиыры бар.

(С. Мұқанов)

2. Екі достың бірі ыңғайлы,
Біреуінің ебі жоқ.
Екеуін де бірдей көрем,
Маған артық, кемі жоқ.

(Жұмбақ: оң қол мен сол қол)

3. Мың кісінің түсін білгенше, бір кісінің атын біл. *(Мақал)*

4. Қырық километрге төрт жүз шұңқыр керек. Жиырма адамның жетеуі үшеуден ғана қазып жатыр.

(Ғ. Мұстафин)

168-жаттығу. Мәтінде сөзбен берілген бөлшектік сан есімдерді санмен жазып, сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.

1. Егер жай бөлшектің алымы мен бөлімінен бірді азайтса, онда бөлшек алтыдан бірге артады.
2. Егер екі жұмысшы бір жұмысты үш күн істегенде, барлық жұмыстың алтыдан бір бөлігін бітіретін еді *(Оқулық)*.
3. Аршын — орыстың нөл бүтін жүзден жетпіс бір метрге тең ұзындық өлшемі.
5. Ватиканның жер көлемі нөл бүтін жүзден қырық төрт шаршы километр болған.
6. Нидерландтардың үш бүтін жүзден алпыс екі гильдені АҚШ-тың бір долларына тең болған.

(Оқулық)

§ 31. САН ЕСІМНІҢ ЕМЛЕСІ

1. Күрделі сан есімнің әр сыңары бөлек жазылады. Мысалы: *жүз бір, жиырма бесінші, бір мың тоғыз жүз сексен бес* т.б.

2. Цифрмен таңбаланатын дара және күрделі сан есімдерге жалғанатын жалғаулар дефис арқылы жазылады. Мысалы: *Ол 25-ке толды, мен 12-ден 13-ке шығамын* т.б.

3. Реттік сан есімдер араб цифрымен берілсе, **-ыншы, -інші, -ншы, -нші** жұрнағының орнына дефис (-) жазылады да, рим цифрымен берілсе, дефис қойылмайды. Мысалы: *5-сынып, 23-қатар, 105-мектеп, X сынып, XX ғасырдағы әдебиет, III том* т.б.

Күн, жыл аттарымен тіркесіп келген сан есімдер араб цифрымен берілсе де, дефис қойылмайды. Мысалы: *1992 жыл, 7 қазан, 8 наурыз, 1945 жыл* т.б.

4. *Екі, алты, жеті* деген сандарға болжалдық сан есімнің **-ау, -еу** жұрнағы жалғанғанда, түбірдің соңындағы қысаң **ы, і** дыбыстары түсіп қалады. Мысалы: *екі — екеу, алты — алтау, жеті — жетеу*.

5. Болжалдық сан есімдер цифрмен жазылғанда, оларға жалғанатын қосымшалар **дефис** арқылы жазылады. Мысалы: *100-деген, 1000-дан, сағат 5-терде* т.б.

Болжалдық сан есімдердің қосарлануы арқылы жасалған түбірлері сөзбен жазылса да, цифрмен жазылса да, арасына дефис қойылады. Мысалы: *қырық-елу үй, 40-50 үй* т.б.

Болжалдық сан есім жасайтын *шамалы, шақты, қаралы, тарта, жуық, таман, жақын*, сондай-ақ бөлшектік сан есім жасайтын *жарты, жарым, ширек* сөздері өздері тіркескен сандардан, сөзбен берілсе де, цифрмен берілсе де, бөлек жазылады.

 Мысалы: *мың қаралы, 100 шамалы, елуге тарта, 40-қа таман, он бір жарым, 2 жарты, бір ширек* т.б.

6. Қосарланып айтылған топтау сан есімдері сөзбен берілсе де, цифрмен берілсе де, дефис (-) арқылы жазылады. Мысалы: *он-оннан, 10-15-тен, 20-20-дан* т.б.

169-жаттығу. Мәтіндегі сан есімдердің жазылуына мән беріндер.

Адам баласы қазір терісі үшін питондарды аулап, тұқымын азайтуда. Соның салдарынан Оңтүстік Африкада өмір сүретін ұзындығы алты-жеті метр питондарды қазір таппайсыз. Үш-төрт метрлік питондардың өзі сирек кездеседі. Малайда 1959 жылы Тампени деревнясына жақын жерде питондардың ордасы табылған. Бұл хабарды естіген полиция пулемёт, автоматпен қаруланып барып, жарты сағаттың ішінде алпысын атып алғанына не дейміз?!

Жер шарындағы жыланның ішіндегі ең үлкені — ұзындығы он бес метрге дейін жететін анакондалар. Ал осындай питондар мен анакондалардың ең үлкен жауы — құмырсқа. Құмырсқалардың ортасына түсіп қалған питон мен анакондалардың бір-екі сағаттың ішінде арса-арсасы шығып, қураған қаңқасы ғана қалатыны даусыз.

(Т. Дәуренбеков)

170-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жазып, зат есімнің көптелу емлесін ұғып алындар.

Ташкент — Өзбекстанның астанасы.

Ташкентте көп қабатты ғимараттар, мектептер, мектеп-интернаттар, оқушылар сарайы, балалар бақшалары, кітапханалар, театрлар, мұражайлар, саябақтар көп. Ташкентте үлкен хайуанаттар бағы да бар. Ташкенттің көшелері кең, үлкен және әдемі.

Ташкентте зауыттар, фабрикалар және үлкен тоқыма комбинаты бар. Бұл жерлерде мындаған

жұмысшылар, инженерлер, маман қызметкерлер еңбек етеді.

Әр күні Ташкенттен басқа қалаларға поездар мен ұшақтар қатынайды.

171-жаттығу. Берілген сан есімдерді қатыстырып сөйлемдер құраңдар.

Үлгі: *балалар екі-екіден тұрып, «Үшінші артық» деген ойынды ойнады.*

Екі-екіден, бес-бестен, он-жиырмадан, отызға жуық, $\left(\frac{1}{2}\right)$, 1, 5, оныншы, жетеу, елу-алпыс.

172-жаттығу. Мәтінді оқып шығып, сан есімдерге толық талдау жасаңдар. Яғни құрамына, мағынасына, сұрағына, атқаратын қызметіне қарай талдаңдар.

Үлгі: *қанша жаз? — екі: құрамы дара, есептік сан есім, сөйлемде анықтауыш қызметін атқарып, жаз деген сөзбен тіркескен.*

Арада екі жаз, бір қыс өткен. Жаяу-жалпы келіп, Қызылжыңғылға құлаған үйлер үй басы төртеуден-бесеуден ірі қаралы болып қалған. Сондай қой-ешкілері тағы бар. Қырық үйдің ортасында жүз елудей жылқы, елу шамалы түйе, екі жүздей қой-ешкісі бар. Дүркімбайдың бір өзінде үш мың жылқы, жеті мың қой, жүз елудей түйе бар. Кедейлердің бір-екі жүз қарасын көргенде сол малы көзіне көрінбей кетті.

(С. Шәріпов)

САН ЕСІМДІ ҚАЙТАЛАУ

Пысықтауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Сан есім деген не? 2. Сан есім зат есімнің қандай мағыналық белгілерін білдіреді? 3. Күрделі сан есімдер қалай жасалады? Күрделі сан есімдер (тіркескен және қосарланған)

қалай жазылады? 5. Сан есім мағынасына қарай қандай түрлерге бөлінеді? 6. Есептік сан есімнің ерекшеліктері неде? 7. Реттік сан есім нені білдіреді және қалай жазылады? 8. Реттік сан есімнің емлесін айтыңдар. 9. Жинақтық сан есімнің ерекшелігі неде? 10. Болжалдық сан есім нені білдіреді және қалай жасалады? 11. Топтау сан есімнің ерекшелігі неде? 12. Бөлшектік сан есімнің ерекшелігі неде? Сан есімнің емлесін айтыңдар. 14. Сан есім сөйлемде қандай қызметтер атқарады? Мысалдар келтіріп дәлелдендер.

173-жаттығу. Берілген есептік сан есімдерден реттік, топтау, жинақтық, болжалдық сан есімдер жасап, сөзбен жазыңдар.

Үлгі: Есептік сан есім: *бес*, ...

Реттік сан есім: *бесінші*, ...

Жинақтық сан есім: *бесеу*, ...

Топтау сан есім: *бес-бестен*, ...

Болжалдық сан есім: *беске жуық*, ...

5, 7, 3, 20, 180, 1000, 34, 71, 82, 120.

174-жаттығу. Дара сан есімдерді бір бағанға, күрделі сан есімдерді екінші бағанға жазыңдар.

Үлгі: дара сан есімдер:	күрделі сан есімдер:
<i>отыз</i>	<i>жетпіс жеті</i>

Отыз, тоқсан, елу, жетпіс жеті, алпыс тоғыз, жүз елу үш, он сегіз, жиырма төрт, мың екі жүз елу сегіз, алты, үш, қырық екі, жиырма жеті, он үш, тоқсан, тоғыз, екі, алпыс, үш, төрт-бес, екіден бір, алпыс-жетпіс, бес-бестен, он-оннан, екі-үш, бір бүтін үштен екі.

175-жаттығу. Мәтінді оқып, үзіндінің қай ертегіден алынғанын айтыңдар. Сан есімнің сұрағына көңіл аударыңдар.

Бір күні хан ерігіп, уәзірлерімен аңға шықты. Аң іздеп келе жатып, таудың етегінде қой жайып жүрген бір шалға кездесіп сәлем беріп:

— Уа, ата, мына таудың басын қырау шалғалы неше жыл болды? — деп сұрады.

— Бір жиырма жыл болған шығар, — деді шал.

— Бұл таудың етегін қырау шалғалы неше жыл болды?

— Он бес жыл болды.

— Бұл таудың басынан бұлақ аққалы неше жыл болды?

— Оған да бір он жыл болған шығар.

Хан ойланып тұрып, тағы да:

— Ата, өзіңіз нешеуісіз? — деді.

— Ой, шырағым-ай, жатқанда екеуміз, тұрғанда төртеуміз.

— Баба, менің қырық асыранды қазым бар. Соны білдірмей жүнін жұлып, күйдірмей пісіріп, қан шығармай сойып беретін кісі бар ма? — деп сұрады хан. Сонда шал:

— Адамына тап болсаң, айтқаныңнан да артық етер, — дейді.

* Сұрақтардың шешуін естеріңе түсіріңдер.

176-жаттығу. Құрамындағы сан есімдерді цифрмен жазу арқылы мәтінді көшіріңдер.

САБЫР ШӘРІПОВ

Мың тоғыз жүз он сегізінші жылы жиырма бірінші мамырда Сабыр Шәріпов Омбыға келеді. Жиырма бесінші мамырдан алтыншы маусымға дейін Омбы қаласын қорғағандардың қақ ортасында болады... Мың тоғыз жүз жиырма сегізінші жылы Мәскеудегі «Эмбанефть» тресі басқарушысының орынбасарлығына тағайындалады. Мың тоғыз жүз отыз екінші жылдан мың тоғыз жүз отыз төртінші жылға дейін Иран жерінің мұнайлы аймақтарын айқындауда айрықша білімділік танытып, зор абыроймен елге қайтады. Содан соң әуелі

Құлсары, кейін Доссордың терең бұрғылау мекемесінің директоры болды. Мың тоғыз жүз қырқыншы жылдың он жетінші шілдесінде жарық дүниеден аттанады.

(Т. Кәкішев)

177-жаттығу. Сөйлемдерден сан есімдерді тіркескен сөзімен бірге теріп алып, сөзбен жазындар.

Үлгі: *қырқыншы-елуінші жылдар, ...*

40-50 жылдар қазақ тіл білімінің жаңа деңгейге көтерілу, өсу дәуірі болды. 1929 жылдан 1940 жылға дейін латын алфавитін қолданған қазақ халқы орыс графикасына негізделген жаңа алфавитті қабылдады. 1946 жылы Қазақстан Ғылым академиясының құрылуы ғылымның әр түрлі салаларының дамуы үшін зор рөл атқарды.

178-жаттығу. Мәтінді оқып, ат қойындар. Күрделі сан есімдердің емлесін естеріне түсіріңдер.

— Біздің астыртын ойластырған мақсатымыз орындалып келеді, — дейді Бас теледидар келесі жиналыста. — Балаларды алдап, байқатпай жасаған қастандығымыз жаман емес. Біз келгелі бұл елдегі көзі нашар көретіндер саны үш есе, жүрегі, басы ауыратындар төрт есе өсті. Соның бәрі — біздің қызықты хабарларымыздың әсері.

— Дұрыс. Олар қазір сабақты да тез ұмытып қалады. Балалардың денсаулығын құртатын тағы бір қуатты құрал қолдарында. Ол — рентген сәулелері. Қалыпты теледидар қалыпты жұмыс істеп тұрған кезде сағатына нөл бүтін мыңнан екі микро-рентген сәуле шығарады. Ал бала он жыл бойы үзбей теледидар көрсе ше? Бұл — ауруға апаратын тура жол. Олардың ешқайсысы алдымыздан сау кетпейді. Өмірлері қауіпке ұшырайды.

(Н. Ақышев)

179-жаттығу. Берілген дара және күрделі сан есімдерді қатыстырып, сөз тіркесін құрап жазындар.

Үлгі: *жиырма тонна астық, үш жүз елу жылқы, ...*

Жиырма, үш жүз елу, он екі, отыз үш, тоқсан, жетпіс, мың, сегіз жүз елу үш, жиырма алты, қырық бес, алты жүз отыз екі, жүз елу сегіз, жеті, он жеті, бес жүз тоқсан, алпыс.

180-жаттығу. Төмендегі сан есімді сөз тіркестерін қатыстырып, сөйлем құрастырындар. Сан есімдердің мағыналық, құрамдық ерекшелігін айтындар.

Үлгі: *Алтыншы сыныпқа мектептен алты жүз елу дәптер бөлінді. Сан есім — алты жүз елу, құрамы — күрделі, есептік сан есім, сұрағы — қанша?*

Алты жүз елу дәптер, бір мың екі жүз оқушы, жиырма төрт мектеп, сегіз жүз жетпіс оқулық, алты-жеті бала, жиырма-отыздаған адам, жүздеген-мындаған оқырмандар, жүзге таяу ағаш, балалардың бесеуі, үш-үштен бөлініп, екі-екіден жұптасып, екі жолаушы, жиырма бес ата-ана.

181-жаттығу. Мәтінде берілген сан есімдерді тіркескен сөзімен бірге теріп алып, сөзбен жазындар.

Мен 1895 жылы Семей облысы, Абай ауданы, Дегелең ауылында тудым.

Молдадан оқып, ескіше хат таныдым. Семейге келдім. Осы жерде еңбек жолым басталды. Приход мектебіне түстім. Оны 1915 жылы бітірдім.

1923 жылдан бастап, 1928 жылға дейін аудандық халық соты болдым.

Менің әдеби қызметім 1914 жылдан басталады. Қырқыншы жылдардың аяғында балалар әдебиетіне біржола бел бұрдым. Өзімнің өмір-тіршілігім жайлы ойларымды ортаға сала, балаларға арнап,

бірсыпыра шығармалар жазыппын. Олар — «Сәтжан», «Бала Шоқан».

(С. Бегалин)

182-жаттығу. Мәтінді оқып, мазмұнын айтып беріндер. Сан есімдерді құрамы мен мағынасына қарай ауызша талдандар.

ҚАЗ ДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК

1. Қазыбек — қазақ пен қалмақ арасындағы шапқыншылық кезінде аты шыққан бітімші, парасатты би. Қазыбек он төрт жасында қазақ елшілерінің құрамында қалмақ ханы Қонтажыға барып, батылдығымен, әрі шешендігімен көзге түскен. Қазыбектің тапқырлығы мен табандылығының арқасында қазақ елшілері қалмақ шапқыншыларының айдап әкеткен адамдары мен малдарын қайырып алып қайтады. Осы жолы Қазыбек «Қаз дауысты Қазыбек» деген құрметті атаққа ие болады.



Үш жүздің батырларынан сіз кімді артық көресіз? — деп Абылайдан сұрағанда, ол былай деп жауап беріпті. «Бізге дейінгі екі кісіге таң қалуға болады. Олар тоқсан туысын тұтқыннан құтқарып алған қаракесек Қазыбек және тағы да сондай өзінің тұтқында кеткен адамдарын босатып алған. Уақ Дербісәлі. Бірінші Қалданның өз аулында жатып дұшпанын қорқытып алдырған.

2. Атың жақсы болса,
Ер жігіттің пырағы.
Әйелің жақсы болса,
Бірінші — иманың,
Балаң жақсы болса,
Жан мен тәннің шырағы.
Екінші — жиғаның,
Үшінші — ырысыңның тұрағы.

(«Ел аузынан» кітабынан)

ЕСІМДІК

§ 32. ЕСІМДІК ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар. Оның тәтті оралған мәні оятар (Абай) деген сөйлемде *оның* деген сөз өлеңнің бірінші жолындағы *ән* деген зат есімнің орнына қолданылған. *Бір шалдың төрт ұлы болыпты. Бірде шал сол ұлдарын жинапты* (ертегіден) деген сөйлемдерде *сол* сөзі *төрт* деген сан есімнің орнына қолданылған: *төрт ұлын жинапты. Кімді айтса, сол келер* (мәтел) деген сөйлемде *сол* сөзі *кім* дегеннің орнына жұмсалған да, *кім* дегеннің өзі адам ұғымы атауының орнына қолданылған.

Сөйтіп, есімдіктер есім сөздердің (зат есім және сын есім, сан есімнің) атын да, белгісін де, санын да атамай, тек соларды нұсқап, меңзеп көрсетеді де, солардың орнына қолданылады. Сондықтан да кейде есімдіктерді орынбасар сөздер деп те атайды.

Есімдіктер мағынасына қарай жеті топқа бөлінеді: 1) жіктеу есімдігі; 2) сілтеу есімдігі; 3) сұрау есімдігі; 4) өздік есімдігі; 5) жалпылау есімдігі; 6) болымсыздық есімдігі; 7) белгісіздік есімдігі.

183-жаттығу. Мәтінді мәнерлеп оқыңдар. Сөйлемдегі есімдіктер қай сөздердің орнына жұмсалып тұрғанын айтыңдар.

Үлгі: *біз — сөйлеуші, айтушы адамдар дегеннің орнына, оның адамның деген сөздің орнына жұмсалып тұр.*

Біз адамды сүйеміз, оның өмірі ең қымбат өмір дейміз. Мен бір жас ақынның соғыста өлгенін көрдім. Ол соғыста батырларша алысты да, батырларша өлді. Өлер алдында жазу дәптерін бізге берді.

Ол өлендерінің өмір сүруін ойлады, соны үміт етті... Мен сендерге жеткім келеді. Бірақ дәл жолымда автоматын көлденең тосып фашист тұр. Олар мені өлтіргісі келеді. Менің өлгім келмейді. Өйткені туысқандарым өздерінің тағдырларын маған тапсырған. Олардың тағдырына мен жауаптымын. Біз күресте туғанбыз, сол күресте өлеміз!

(Б. Бұлқышев)

184-жаттығу. Берілген сөйлемдерден есімдіктерді тауып, оның қай сөздің орнына қолданылып тұрғандығын анықтандар.

1. Топтың алдыңғы қатарында Абай, Көкбай, Шұбар үшеуі өзгелерден озыңқырап, оңаша әңгімелесіп барады. 2. Артқы топ Ақылбай, Мағаш, Кәкітай, Дәрмен болатын, бұлардың артында Ербол мен Баймағамбет бір бөлек келеді. 3. Осы соңғы күндерде Ақылбай бір алуан жарыс үлгісін айтқан еді, ол төрттік жырды төрт ақын болып іліп-қағып айтатын бір дәстүр. 4. Ендігі кезекті Дәрмен айтуға бейімделді, ол — бұлардың ішіндегі ең шапшаңы және тапқыр, айтқышы. 5. Қатты күлкілерін естіген соң, топқа енді Баймағамбет пен Ербол кеп қосылды, оларға да Мағаш өзінің сөзін мақұлдатпақ. 6. Бірақ мен өлең сөзде әділ би болатұғынмын. 7. — Осы екеуін махаббат үшін өз елінің қатал үкімі, өз замандастарының қолымен, зорлықпен өлтірткен болады.

(М. Әуезов. Абай жолы)

185-жаттығу. Өленді оқып шығындар да, мазмұнын ұғып алындар. Өлең жолдарынан есімдіктерді тауып, астын сызындар.

ҰСТАЗЫМА

Ағатай, сізден мол сыр ұғындым,
Жырға толы жан дүниенің үнілдім.
Сол жырменен қалықтаған әсем ән,
Сым пернесін дөп басқандай көңілдің.

Жүзіңізде мол мейірім тұнып тұр,
Жүргендейсіз барша жанды ұғып бір.
Кең пейілмен, жарқын мінез, дархандық,
Қалай ғана өзіңізге сыйып тұр?!

(Жаңыл Ахметқызы)

§ 33. ЖІКТЕУ ЕСІМДІГІ

Белгілі бір заттық ұғыммен байланысты қолданылатын есімдіктің түрі **жіктеу есімдігі** деп аталады. Жіктеу есімдіктері *мен, сен, сіз, ол, біз (біздер), сендер, сіздер, олар*. Жіктеу есімдіктерінің үш жағы және жекеше, көпше түрі бар. Олар мынадай:

Жақ	Жекеше түрі	Көпше түрі
I	<i>мен</i>	<i>біз, біздер</i>
II	<i>сен (анайы)</i> <i>сіз (сыпайы)</i>	<i>сендер (анайы)</i> <i>сіздер (сыпайы)</i>
III	<i>ол</i>	<i>олар</i>

Бірінші жақ — айтушы, сөйлеуші жақ, екінші жақ — тыңдаушы жақ. Бұлар — адамға байланысты атаулар, сондықтан **кім?** деген сұраққа жауап береді. Үшінші жақ — бөгде жақ. Ол адамға, адамнан басқа да затқа байланысты бола береді. Сондықтан **кім?** немесе **не?** деген сұраққа жауап береді. Мысалы: *бір ағашта екі алма, мен (кім?) де алмайын, сен (кім?) де алма* (халық әні). *Ол (кім?) — оқыған азамат. Ол (не?) — биік тау* т.б.

186-жаттығу. Сөйлемдерді оқып, жіктеу есімдіктерін табындар.

Айғанша жұмыс аяқталса да, үйге қайтуға асықпайтын. Ол бүгін тіпті кеш шықты. Шыға бере, Кенжекейді көрді.

— Сен мұнда не қып тұрсың?

— Ағаң жіберді. Ертіп алып қайт дегенсін, сені күтіп тұрғаным ғой.

— Жеңеше, сен кете бер. Мен мына ауылға соғам.

— Қарағым-ау, бұның қалай болады? Ағаң білсе қайтеміз?

— Біле берсін, — деді де, Айғанша жүріп кетті.

(Ә. Нұрпейісов)

187-жаттығу. Мәтінді оқып шығып, ат қойындар. Жіктеу есімдіктерін теріп жазындар, қай септікте тұрғанын көрсетіндер.

Үлгі: сен — *жіктеу есімдігі, II жақта, атау септігінде тұр.*

Сен тұтас жер болып едің, жер ана. Біз сені метрлеп өлшегеніміз де жоқ еді.

Біздің мейірімді халық сені бөлшектемей-ақ, тұтасыңнан пайдаланбап па еді? Сен де бізді баурыңа тартып, алалап көрмеп едің? Сен бізге ұмытылмас тәтті өмір беріп едің.

Біз, жастар, тағдырымыз сенімен байланысты екенін білеміз, туған жер! Біз сенің топырағыңда ғана бақытқа бөленбекпіз. Біз сенің үстінде тудық, сенен өстік, керек болса, сенің үстінде өлеміз де. Бірақ жауға беріп қоймаймыз сені! Біз осыған ант етеміз, ізгі ана!

(Б. Бұлқышев)

188-жаттығу. Көшіріп жазып, жіктеу есімдіктерінің астын сызындар. Олардың қай жақта, қай септікте тұрғанын айтындар. Мәтіндегі негізгі ойды анықтандар.

— Қалқатайым, оқу оқы! Ала қағаздан басыңды алма! Сені бірдеңеге жеткізсе — сол жеткізеді. Әйтпесе, көремісін, міне, менің не болғанымды! — дегенде, бала жылап жіберді: — Кінәлі сен емессің, саған тиген олар! — деп, одан әрі тығылып сөйлей алмады.

— Оқысаң, маған тигендей, саған тие алмайды. Көзің ашылады. Апаңның да, інішектеріңнің де көзін ашасың. Барыңды ала қағазға сал! Менде осыдан әрі саған айтар ақыл да, өнер де жоқ.

(М. Әуезов)

§ 34. СІЛТЕУ ЕСІМДІГІ

 Сілтеу есімдіктері мегзеу, нұсқау, көрсету мағыналарын білдіреді. Сілтеу есімдіктеріне *бұл, сол, ол, осы, осынау, сонау, анау, ана, мына, мынау, өне, міне* деген сөздер жатады. Әдетте сілтеу есімдіктері сілтеу, мегзеу мәнін білдіріп, сын есімнің орнына жұмсалып, **қай?** деген сұраққа жауап беріп, анықтауыш қызметін атқарып тұрады. *Мысалы, Самғай бер асқардан асқарға мынау қырандай.* (Ә. Әбішев) *Бұл ұрыста біз жеңеміз.*

189-жаттығу. Мәтіннен жіктеу, сілтеу есімдіктерін табындар.

— Хамит, міне, бәріміздің досымыз, ер Қасымның қабірі осы. Сол өзіміз жерлеген жерде жатыр.

— Мыналарды біздің ауылдың балалары әкеліп қойған болу керек, — деді Байжан қабір үстіндегі гүлдерді нұсқап. Отанымыздың тәуелсіздігі үшін қаза тапқан досымыздың қабіріне біз де гүл қойдық.

(оқулықтан)

190-жаттығу. Құрамында сілтеу есімдігі бар сөйлемдерді көшіріп жазындар.

Бала осы кеште Бұғы ана туралы ғажайып ертегіні тағы бір тыңдағысы келіп еді. Бұл ертегіні айтуды Момын атаның өзі де жақсы көретін. Бірақ бала атасын мазалағысы келмеді. Бұл баяғыда болған хикая. Сол бір ерте заманда суы мұздай үлкен өзен жағасын қырғыздың бір тайпа елі жайлапты. Ол өзеннің атын Енесай дейді екен. Ол өзі бұдан алыста. Сібір дейтін жерде ағатын көрінеді. Осы жерден атты адамның өзі үш жыл, үш айда зорға жетеді. Қазір ол өзенді Енисей деп атайды, жағасын әр алуан ел жайлапты.

(Ш. Айтматов)

191-жаттығу. Сөйлемдердің құрамындағы сілтеу есімдіктерін теріп жазып, олардың қай септікте, қандай тұлғада тұрғанын айтындар.

Бақтығұл бұл уақыттағы партия жайы қалай төңкеріліп, қалайша құбылып жатқанын білмеді. Ұғынып алғаны: болыстың жауы — Қозыбақ аулы, Сәт болыс. Ал сол болыстың жауы — бұның да жауы...

Жұрт аттарын тұсап-тұсап қоя беріп, әр жерде топ-топ болып отырысқан. Шеткерірек отырған бір топтың ішінде Ораз аулының кісілері отыр екен. Бақтығұл тобы Қозыбақ жылқысы қолға ілінбегенде, бұлардан да бір-екі рет алғаны бар. Шақырған жұмыс ненің жайы екенін білмесе де, Бақтығұл ішінен «солардың сөзі болар ма?» деп күдік қылды. Ойлағандай, солай болып шықты.

— Әй, Бақтығұл, сен шек білмей, асып кетіпсің. Жамандықты жақтамас деп сенген бойда мен жүрсем, сыртымнан мені былғап жүріпсің, — деп болыс Бақтығұлды тұқырта бастады.

Бақтығұл бұл күнге шейін Жарасбайдың осылай сөйлеген түрін көрген жоқ-ты. Таңырқап сасып та калды. (М.Ә.)

§ 35. СҰРАУ ЕСІМДІГІ

Жауап алу мақсатымен сұрау мағынасында қойылған сұрақтар **сұрау есімдігі** деп аталады. Сұрау есімдіктері: *кім?, не?, қай?, қандай?, қанша?, неше?, нешеу?, нешінші?, қайда?, қайдан?, қалай?, қашан?, қайдағы?, қашанғы?* Зат есімге және зат есім орнына қолданылатын (заттанған) сөздерге қойылатын сұрақтарға көптік, тәуелдік, септік, жіктік жалғаулары қосылады. Мысалы: *кім?, кімім?, кімдер?, кімі?, кімдерің?, кімге?, неге?, қайсысы?, нешеуі?, кіммін?* т.б.

192-жаттығу. Өлендерді мәнерлеп оқындар. Дауыс сазына назар аударындар.

1. Ардақтаған жұртыңа,
Ақыл айтқан данасың.
Ерегеспен қызындың,
Енді неден бұзылдығың?!

(«Ер Тарғын» жырынан)

2. Ата-анаға көз қуаныш —
Алдына алған еркесі.
Көкірегіне көп жұбаныш,
Гүлденіп ой өлкесі.
Еркелік кетті,
Ер жетті.
Не бітті?

(Абай)

193-жаттығу. Берілген сұрау есімдіктерін қатыстырып, сөйлем құрастырып жазындар.

Қандай?, қалай?, қай?, қашаннан?, неше?, кімдер?,
не?, қашан?, қайда?

194-жаттығу. Диалогты ретімен оқып, сұрау есімдіктерін теріп жазындар.

—Шырағым, кімнің баласысың? — деді Амантай
жігіттің жүзін шырамытқандай.

—Тұяқтың, — деді жігіт.

—Атың кім?

—Темірбек.

—Алда шырағым-ай, жиенім екенсің ғой, — деп
Амантай қайта қолдасты.

—Қашан тұрып ең мұнда?

—Биыл бесінші жылға кетті.

—Жылына не аласың?

—Бір құнан өгіз.

—Арзан ғой оның.

—Арзан болғанда не істейсің? Басқа барар жер жоқ.

—Шанаға байланған жирен қасқа атты көрдің бе? — деп сұрады Амантай одан.

—Көрдім. Осы үйдің бір баласы мініп кетті.

—Қандай бала?

—Он жеті, он сегіздегі жігіт.

—Ол қайда кетті?

—Мына алдыңғы ауылға беттеп кетті.

—Есі дұрыс неме ме? О не қылғаны? Біреудің атын сұраусыз мініп. (С.М.)

§ 36. ӨЗДІК ЕСІМДІГІ

Өздік есімдігіне әрқандай тұлғадағы өз деген бір ғана сөз жатады. Өз есімдігі көбінесе тәуелдеулі, көптеулі, септеулі түрде қолданылады да, жіктеу есімдіктерінің немесе зат есімнің орнына қолданылады. Мысалы: менің *өзім*, сенің *өзің*, баланың (Асқардың) *өзі*, оқушылардың *өздері*, біздің *өзіміз*, сіздердің *өздеріңіз* т.б. Өздік есімдігі түбір тұлғада зат есімді анықтап тұрады. Мысалы: *өз баласы*, *өз ісім*, *өз жұмыстарын* т.б.

195-жаттығу. Мақал-мәтелдерді көшіріп жазыңдар. Өздік есімдігін тауып, олардың қандай тұлғада тұрғанын анықтандар.

Үлгі: *өзінің — өздік есімдігі, түбірі — өз, -і — 2-жасқ тәуелдік жалғауы, -нің — ілік септігінің жалғауы, бұл сөз анықтауыш қызметін атқарып тұр.*

1. Кісі елінде күркірегенше,
Өз елінде дүркіре.
2. Өз үйім — өлең төсегім.
3. Отанға опасыздық еткенің —
Өз түбіңе жеткенің.
4. Өз басыңды дауға берсең де,
Жолдасыңды жауға берме.

5. Хас сараң өз затын өзінен қызғанады.
6. Қорқақ өзінің көлеңкесінен де қорқады.

196-жаттығу. Сөйлемдерді оқып, өздік есімдігінің қандай сөзбен тіркесіп тұрғанын және мағыналық ерекшелігін айтындар. Қосымшалардың түрлерін ажыратындар.

Үлгі: табынамын өзіме: өз — *түбір*, -ім — *I жақ тәуелдік жалғауы*, -е — *барыс септігінің жалғауы*.

1. Өзім — тәңірі табынамын өзіме,
Сөзім — құран, бағынамын сөзіме!
Бұзушы да, түзеуші де өзіммін,
Енді, ескілік, келдің өлер кезіңе!

(М. Жұмабаев)

2. Мен де сені сырттан естіп едім, — деді Мадияр өзін Асқарға аға тұтып.

— Бір үйге түсіп жайланыңыз, — деді Асқар Мадиярға, — содан соң сөйлесерміз. Осы ауылда Итбай дейтін байымыз бар. Өзі болыс. Содан басқа үйге түссеңіз, жағдайыңыз келмес. Өзім де сол үйге түскен едім.

(С. Мұқанов)

197-жаттығу. Төмендегі мақалдарды көшіріп жазып, өздік есімдіктерді тауып астын сызындар.

1. Өзге үшін істе де, өзің үшін үйрен. 2. Өз анаңды сыйласаң — өзгенің анасын да сыйла. 3. Өзі қонақ болмаған адам — қонақ та сыйлай алмайды. 4. Өзіңнен бұрын жығылғанға күлме. 5. Өзі тоқ өзгені де тоқ деп ойлайды. 6. Өзің білмесең — өзгеден сұрауға арланба. 7. Өзі жығылған өкінбейді. 8. Өзі өтірікші шынға сенбейді. 9. Өзгеге өлім тілеген — өзі душар болады. 10. Надан — өзіне-өзі жау. 11. Өзің күн болсаң да, нұрың өзгеге түседі. 12. Ағаштың өз жемісі өзіне ауыр емес. 13. Өзің білмесең — білгеннің тілін ал.

§ 37. ЖАЛПЫЛАУ ЕСІМДІГІ

Жалпылау, жинақтау мағыналарын білдіретін есімдіктің түрі **жалпылау есімдігі** деп аталады. Жалпылау есімдігіне *бәрі, барлық, бар, барша, бүкіл, күллі, бүтін, түгел, тегіс* деген сөздер жатады. Мысалы: *Бар ойы — өлең айтып, ән салайық.* (Абай) *Түгел сөздің түбі бір, түп атасы — Майқы би.* (Мақал)

198-жаттығу. Оқып шығып, жалпылау есімдігін табындар.

1. Панасыз балалар үйін қазына түгел өз мойнына алады. Қазақ жерінде жатқан байлықтарға жеке-дара көңіл бөліп қалған Александр Рязанов та қайтыс болды. Енді ол үшін бүкіл дүние тас қараңғы, барлығы мәңгілік сөнді де тынды. Ол енді байлыққа да, кедейлікке де ортақ емес. Бүкіл тіршілікте жұмысы жоқ, үн-түнсіз жалғыз жататын болады.

(*Ғ. Мүсірепов*)

2. Бір ғылымнан басқаның,
Бәрі де кесел асқанға...

* * *

Жазасыз жақын елдің бәрін шапты,
Дарияның суындай қандар ақты.
Шапқан жердің бәрін де бодан қылып,
Өкіметпен қолына тартып апты.

* * *

Бірінді, қазақ, бірін дос,
Көрмесен, істің бәрі бос...

(*Абай*)

3. Смағұл өзінің барлық асықтарын төгіп, Оспанға жаңа боялған бір арқар асығы мен қызыл құлжасын көрсеткен болатын. Оспан осыны көргеннен-ақ Смағұлдың қасынан кете алмады. Кеш бата

үлкендердің бәрі мал жайлағалы кеткенде, екеуі сол үйде оңаша қалған.

(М. Әуезов)

199-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жазып, жалпылау есімдіктерінің астын сызындар. Оның қай сөзбен тіркесетінін айтындар.

Қаратемір көктем шығысымен Көкөзектің қанша жылдан келе жатқан ескі шеңгелдерін түгел қиратты. Қиратып қана қойған жоқ, сол шеңгелмен қауындық жердің бәрін қоршады. «Кәне, сізге көмектесейікші», — деп бір күні Нағиділлә шалға ере келіп, оның мына тірлігінен шошып кетті.

— Ойбай, көке, осынша жерді тегіс қоршайсыз ба?

— Енді қалай ойлайсың? Түгел қоршамаса несі қора?

— Көке-ай, бір қиын іске ұрынған екенсіз. Өзіңіздей шалдардың барлығы үйінде жатыр.

Әй, мен сені ақыл айтсын деп ертіп келгенім жоқ. Әкеңе жаның ашиды екен, айырмен шеңгел көтер. Іс тезірек тынсын.

(Т. Нұрмағамбетов)

200-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жазып, жалпылау есімдіктерінің астын сызындар. Оның қай сөзбен тіркесетінін айтындар.

1. Түйе шаруашылығының бар жайын бақташы үшке бөліп сөйлейді. (М.Ә.) 2. Кеше Мәдениет сарайын бәріміз көрдік. (С.Сарғ.) 3. Еріншектік — күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. (А.) 4. Бүкіл ұжымшардың малы сол құдықтан суарылады. (С.Сарғ.) 5. Бұған бәріміз де тәжірибе жасадық. (М.И.) 6. Еңбек бәрін жеңеді. (Қ.Қамб.) 7. Өзінің әсемдігімен жұртты таңқалдыратын аққу бүкіл елімізде қорғауға алынған. (Ә.Жұмаділов) 8. Бәрі де Барлыбайдың жүзіне барлай қарады. (Өрлеу) 9. Ол барлық шаруашылық орындарына телефон со-

ғып, сөйлесіп шықты. («Д.д.») 10. Барлық өмір, тіршілік — жастан оқуға, білімге талпынып оқығандық. (М.И.) 11. Әйел-ана — барлық қиындықты жеңетін сарқылмайтын күш, көзді бұлақ емес пе? (F.M.)

§ 38. БОЛЫМСЫЗДЫҚ ЕСІМДІГІ

Болымсыздық мағынаны білдіретін есімдіктің түрі **болымсыздық есімдігі** деп аталады. Болымсыздық есімдігі: *ештеңе, ештеме, ешкім, ешбір, ешқашан, ешқайдан, ешқайда, ешқайсысы, дәнеңе, дәнеме*. Мысалы: *Көнбеді ешкім сөзіме, Әдетіне қарысып*. (Абай) Болымсыздық есімдіктерінің *ешкім, ешқайсысы, дәнеңе, ештеңе* дегендері зат есімнің орнына, *ешқашан, ешқайдан* дегендері үстеу немесе мезгілдік, мекендік мағынаны білдіретін сөздердің орнына жұмсалады. Мысалы: *Бұл жерде ешкім сырымды білмейді, айтып не етейін?* (Абай) *Ашық мінез, ақ маңдай, менмендік жоқ ешқандай*. («Қазақ әндері» кітабынан) *Мылтық оқтағанда оның аузын ешқашан кісіге қаратпа, кісіге қаратып ойнап оқтама*. (Ш. Айманов) *Ешқайда болмай шықты, оған тең жер*. (С. Мұқанов) деген сөйлемдерде *ешкім* деген болымсыздық есімдігі **кім (білмейді)?** деген сұраққа жауап беріп, адам мәнінде қолданылған, сөйлемде бастауыш болып тұр; *ешқандай* болымсыздық есімдігі **қандай (менмендік)?** деген сұраққа жауап беріп, *менмендік* деген дерексіз мәндегі заттың сынын білдіріп, сөйлемнің анықтауышы болып тұр; *ешқашан* болымсыз есімдігі **қашан (қаратпа)?** деген сұраққа жауап беріп, *қаратпа* деген қимылдың мезгілін, *ешқайда* болымсыздық есімдігі **қайда (болмай шықты)?** деген сұраққа жауап беріп, *болмай шықты* деген қимылдың мекенін білдіріп, пысықтауыш қызметін атқарып тұр.

 Болымсыздық есімдіктері көбінесе *еш* сөзі мен *бір, кім, қашан, қандай, қайдан, қайсысы* тәрізді есімдіктердің бірігуі арқылы жасалған. Сондықтан да олар бірігіп жазылады. Ал *еш* сөзі басқа сөздермен (зат есімдермен) тіркесіп, бөлек жазылады. Мысалы: *Сенен басқа еш жерден, Таба алмадым орнымды.* (Абай)

201-жаттығу. Мәтінді оқып, мазмұнын айтып беріндер. Есімдіктерді мағыналық түріне қарай ажыратындар. Мәтіндегі негізгі ойды анықтандар.

Қасқыр, түлкі, есек үшеуі кеңесіпті. Түлкі бұлаңдап кеңесті қыздыра түсіпті.

— Қане, Қасеке, не істегендерінді ештеңесін қалдырмай, жасырмай айтшы, тыңдап көрелік.

— Оны айту да қиын-ау, — депті қасқыр.

— Ештеңе етпес, айтсаң, күнәң жеңілдейді.

— Аштық алды-артынды ойлата ма? Бір күні қарным ашып, көзім қарауытып келе жатып, қалың тоғайдың арасында жүрген бір доңызды жеп қойдым. Оның он екі торайы бар екен, барлығы жетім қалды. Енесі болмаған соң, көрген күні құрысын, аштан өлер деп, жаным ашып, бәрін де жей салдым. Міне, күні бүгінге дейін осы қылығым дұрыс па, бұрыс па деп қатты өкінемін.

— Ой, Қасеке-ай, өкінетін ештеңесі де жоқ. Өте дұрыс істеген екенсің, — деді қу түлкі күлімдеп. — Егер сен болмасаң, айдалада аштан өлер еді. Шіріген өлігі ештеңеге жарамас еді. Сондықтан оларды жетімсіретпей жеп қойғаның дұрыс, әрі сауап болған.

— Е, онда өкінетін ештеңесі жоқ екен ғой, — депті қасқыр езуін жалап қойып. (*Ертегі*)

202-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жазындар. Құрамындағы болымсыздық есімдіктерін тауып, астын сызындар.

Қала қараңғы, күңгірт тұманның ішінде. Көшеде ешбір дыбыс жоқ. Бізден басқа ешқандай қыбыр-

лаған қара көрінбейді. Қатарласқан бойымызбен жүріп келеміз. Ешкімде үн жоқ. Айналамызды қоршап, мылтықтарын даярлап, қылыштарын жалаңаш ұстап келе жатқан атты казак-орыстар. Олардың аттары ғана пысқырады, басқа ешкім дыбыс шығарып сөйлемейді.

(С. Сейфуллин)

203-жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқып, есімдіктердің мағынасына, тұлғасына көңіл аударындар. Қандай сөздердің орнына жұмсалып тұрғанын айтындар. Оларды мағыналық түрлеріне қарай ажыратындар.

«Бәрі де майдан үшін!» Осы ұранды,
Медет қып бүкіл қауым жосыған-ды.
Шабындықтар айрылып шалғышыдан,
Диқандардың еріксіз қосы қалды.
Кетіп жатыр біреудің бауырласы,
Біреудің бас иесі, ауылдасы.
Қаңырап, мелшиіп тек қарап тұрды,
Бітпеген мектептердің қабырғасы.
Жоқ болды жана мектеп енді бізге,
Бітпей қалды, қырсықты көрдіңіз бе?!
Сонда барып ойнаймыз соғыс ойын,
Сәбіміз, дәнеңе жоқ көңлімізде.

(М. Мақатаев)

§ 39. БЕЛГІСІЗДІК ЕСІМДІГІ

Затты, сындық белгіні, сан-мөлшерді белгісіз етіп жорамалдап, тұспалдап көрсету мәнін білдіретін есімдіктің түрі **белгісіздік есімдігі** деп аталады. Мысалы: *Бұлдайды біреу күшін, біреу түсін.* (Абай) *Адамның кейбір кездері, Көңілде алаң басылса.* (Абай) Бұл сөйлемдердегі *біреу* есімдігі «белгісіз бір адам» деген мағынада, *кейбір* есімдігі нақ мезгілді атамай, «белгісіз бір кездер» мәнінде қолданылған.

Белгісіздік есімдігіне *біреу, кейбіреу, бірдеме, әркім, әрне, әлдекім, әлдене, кімде-кім, бір, қайсыбір, кейбір, қайсыбіреу, әр, әрбір, бірнеше, әлденеше, біраз, әрқалай, әлдеқалай, әлдеқайда, әлдеқашан, әлдеқайдан, әрқашан* деген сөздер жатады.

Белгісіздік есімдіктерінің мынадай ерекшеліктері бар.

1. *Әлде, әр, кей, қай, бір* сөздері басқа есімдіктермен (*біреу, кім, не, бір, қашан, қалай, қайда, аз* т.б.) тіркескенде, бірге жазылады да, басқа сөз таптарымен (мысалы, зат есіммен) тіркескенде, бөлек жазылады. Мысалы: *Бізде ерік жоқ, бастай бер. Әлденеге бастайсыз. (Абай) Әлдеқайдан гармонь үні, ән сазы естіледі. (К. Тоқаев) Әрқашан күн сөнбесін. Директор біреумен сөйлесудің алдында көзінен көзілдірігін алып, әр уақытта да бір езу тартып, күлімсіреп алады. (С. Ерубаев) Кей құрбы бүгін тату, ертең бату. (Абай)*

2. *Біреу, кейбіреу, қайсыбіреу, бірдеме, әрне, кімде-кім, әлдекім, әркім, әлдене* тәрізді белгісіздік есімдіктер зат есім орнына жұмсалады. *Әсемпаз болма әрнеге. (Абай)*

3. *Қайсыбір, кейбір, әр, әрбір, қайбір* деген сөздер сын есім орнына жұмсалады. Мысалы: *Кейбір жігіт жүреді мақтан сөйлеп. (Абай) Иә, шынын айту керек, бір ерекшелігі мұндағы әрбір қызметкердің бір-бір көмекшісі бар екен. (Б. Қыдырбекұлы) Саяси сабақтан қолы бос кездерін пайдаланып, тағы да бірнеше модель жасады. (С. Шаймерденов) Мол күш тоғысқан майдан өмірінде өлім әр адамға әр түрлі жағдайда кездесіп жатады. (К. Тоқаев) Берілген сөйлемдерде белгісіздік есімдіктерге **қай жігіт?** (кейбір), **қай қызметкердің?** (әрбір), **қанша модель?** (бірнеше), **қай адамға?** (әр), **неше түрлі?** (әр) деген сұрақтарға жауап береді.*

4. *Әрқашан, әрқалай, әлдеқашан, әлдеқалай, әлдеқайда, әлдеқайдан* деген белгісіздік есімдіктері үстеу мәнінде мезгіл, мекен мағыналарын білдіріп, сөйлемде пысықтауыш қызметін атқарады. Мысалы: *Көкшетау, оның маңындағы қалың орман әлдеқашан артта қалған.* (С. Сейфуллин) *Ауылға жете берістегі ылдидан зырғыған шана екпінінен гулей соққан жел ару сөзін қағып алып, әлдеқайда алып кетті.* (Ж. Саин)

Берілген сөйлемдерде **әлдеқашан** (қашан артта қалған?), **әрқашан** (қашан қуанады, ренжиді?), **әлдеқайда** (қайда алып кетті?) деген белгісіздік есімдіктері үстеумен мәндес болып тұр.

204-жаттығу. Өлең шумақтарын мәнерлеп оқындар. Құрамындағы белгісіздік есімдіктерінің тұлғасына, қалай жасалғанына көңіл аударындар.

Кейбіреу тыңдар үйден шыққанынша,
Кейбіреу қояр көңіл ұққанынша.
Сөз мәнісін білерлік **кейбіреу** бар,
Абайлар **әрбір** сөзді өз халінше.
Керек іс бозбалаға — талаптылық,
Әр түрлі өнер, мінез жақсы қылық.
Кейбір жігіт жүреді мақтан сөйлеп,
Сыртқа пысық келеді, көзге сынық.
Кемді күн қызық дәурен тату өткіз.
Жетпесе, **біріндікін бірің** жеткіз!
Бір жерде бірге жүрсең басың қосып,
Біріңнің бірің сөйле сөзін тосып.
Бірін-бірі құшақтап шуылдасып,
Жас бала әуел тату бола қалар,
Ойын тарқар кезінде ұрыс салар.
Біреуі жылап барса үйге таман,
Ата-анасы бұрқылдар онан жаман.

(Абай)

205-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп, құрамындағы белгісіздік есімдіктері қай сөз табының орнына жұмсалғанын айтындар.

Әлдеқайда белес-белесте, сайдың жықпылдарында құлаған молаға ұқсап үңірейіп, түксиген, селеу басқан бірер ескі үйдің орны жатыр. Біріне-бірі сыбырлап, иек қағысып, ымдасып, әлдекімді тәлкек қылғандай. Әлдеқайдан күрілдеген трактордың даусы талып естілгендей болады. Әлдекімдердің әзіл-күлкісі еріксіз елендетеді. Кейбіреулер қомақты сайдың қабағының үлесін көбірек алып қалайын дегендей, кара балшықты үйе беріпті. Мұның иесі кім болды екен? Осынша жерді қорғандау себебі не? Берен осы жиылыста әлденеге аландап, ауыр ойға батқан адам секілденіп отырды.

(Б. Майлин)

206-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп, құрамындағы белгісіздік есімдіктері қай сөз табының орнына жұмсалғанын айтындар.

Бастаған ісін жалғайтын соңында шәкірті жоқғалым жапанда жалғыз өскен бәйтерек секілді. Әрине, менің жұмысымды бөтен біреулер аяқтайды, бірақ кей адамда көзі жұмылғанша ешқашан ешкімге айтпай көкірегінде сақтайтын армандары болады. Мен де талай жасты тәрбиеледім. Кейбіреулері үлкен оқымысты да болып кетті. Бірақ біреуі де жанымда қалмады. Қалулары да қиын еді, қазақтың ұшы-қиыры жоқ жалпақ даласын кезесің де жүресің, кім оған шыдасын?! *(І. Есенберлин)*

§ 40. ЕСІМДІКТЕРДІҢ ЕМЛЕСІ

 Жіктеу, сілтеу, өздік, жалпылау есімдіктері негізгі түбір сөздер болғандықтан, дара есімдіктер болып саналады. Мысалы: *мен, сен, сіз, ол, бұл, ана, сол, қанша?, қалай?, бәрі, түгел, өзім* т.б.

Еш, әлде, әр, кей, қайсы, бір сөздері мен басқа есімдіктердің бірігуі арқылы жасалған болымсыздық, белгісіздік есімдіктері күрделі есімдіктер болып есептеледі, олар бірге жазылады. Мысалы: *ешкім, ешқашан, ешбір, әлдекім, әрбір, кейбір, әрқалай, әрқашан* т.б.

Еш, әлде, әр, кей, бір, қай сөздері басқа сөз таптарымен (зат есім, кейде қатыстық сын есімдермен) тіркесіп қолданылады да, бөлек жазылады. Мысалы: *еш уақытта, әр адам, кей шақта, бір мезгілде, әр түрлі* т.б.

207-жаттығу. Өлендерді көшіріп жазып, құрамындағы күрделі есімдіктердің емлесін ұғып алыңдар.

ЖАЗУШЫНЫҢ ОЙЫ

Бұл сөзді біреу алмас, біреу алар,
Құлағын біреу салмас, біреу салар.
Теп-тегіс көпке ұнау оңай емес,
Кейіне жарамаса, кейіне жарар.
Қайсысы ықыласын салып тындап,
Жаратпай қайсыбірі теріс қарар.
Дүниеде сүйгенім бар, күйгенім бар,
Солардан аз да болса белгі қалар.

(А. Байтұрсынов)

208-жаттығу. Сөйлемдердің құрамындағы күрделі есімдіктерді теріп жазып, олардың қандай есімдіктерден бірігіп жасалғанын айтыңдар.

Үлгі: кейбір — **кей** және **бір** деген екі түбірден құралған, бірге жазылады.

1. Шалағай жыртылған кейбір жерлерді қайтадан жыртырған кездеріміз де болды. Әлденеге сүрлеумен ілгері жылжып келе жатқан машина бір сайдың сазына батып, тұрып қалды.

(С. Шаймерденов)

2. Митинг дегеннің не екенін Ботагөз сол күні ғана білді: қай жерге барса да, шоғырланған көпшілік, араларында әлдекім биікке шығып алып, әлденелерді сөйлеп, кеңірдегі қызарғанша айғайлайды.

(С. Мұқанов)

3. Гүлден ұшқан көбелектей көп бояулы, нешебір көріністер.

(М. Әуезов)

209-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жазып, *әлде, әр, қай, кей, бір, еш* сөздері басқа сөз таптарымен тіркесіп айтылса, бөлек жазылатынын ұғып алыңдар.

Кей құрбы бүгін тату ертең бату,
Тілеуі, жақындығы бәрі сату...

* * *

Оқыған білер әр сөзді,
Надандай болмас ақ көзді...

* * *

Еш нәрсе емес жұбанар,
Ақыл сөзбен баққанға...

* * *

Тындамаса еш адам,
Өз жүрегім толғансын.

* * *

Кей жігіт мақтан үшін қылық қылмай,
Бойына майдалықпен сыр сақтаған.

(Абай)

ЕСІМДІКТІ ҚАЙТАЛАУ

Пысықтауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Есімдіктің мағыналық ерекшелігі неде? 2. Не себепті орынбасар сөз табы деп атауға болады? 3. Есімдіктің қандай мағыналық түрлері бар? 4. Жіктеу есімдіктерінің негізгі ерекшеліктері қандай? Қандай сөз табының орнына жүреді? 5. Жіктеу есімдіктерінің жіктелу ерекшеліктері қандай? 6. Сілтеу есімдіктері қандай сөз таптарының орнына жүреді? 7. Сұрау есімдіктерінің ерекшеліктері неде? 8. Өздік есімдігінің қолдану ерекшеліктері қандай? 9. Жалпылау есімдігінің мағыналық ерекшелігі неде? 10. Болымсыздық есімдіктерінің мағыналық, құрамдық ерекшеліктері қандай? 11. Белгісіздік есімдіктерінің мағыналық, құрамдық ерекшеліктері қандай? 12. Есімдіктердің емлесін айтыңдар. Әсіресе, болымсыздық, белгісіздік есімдіктері қалай жазылады? Мысалдар келтіріңдер.

210-жаттығу. Мәтінді оқып шығып, құрамындағы есімдіктерді теріп жазыңдар және оларды мағынасына қарай ажыратып талдандар.

Үлгі: қандай? — *сұрау есімдігі. Күшті сөзін анықтап тұр.*

— Аспирантураға жаңа түскен кезде қандай күшті болғанымды сен жақсы білесің, — деп бастады Сембек өзінің әңгімесін. — Жұрттың бәрі менен үлкен іс күтті. Ғылым төріне жарқырап шығатыныма өзім де күмәнданғаным жоқ. Оған білімім де, қажыр-қайратым да жететін еді. Мен асықтым, қатты асықтым. Демалыс дегенді, кино, ойын-сауық, театр дегенді білмедім. Күніне он бес-он алты сағаттан жұмыс істедім. Басқа біреудің бес сағат, бес күн істейтін жұмысын мен бір сағатта тындыра алатын едім. Жазға салым менің жолыма гүл бітті. Архивтен әлі еш жерде басылмаған құнды документ таптым.

(М. Мағауин)

211-жаттығу. Мәтінді көшіріп жазып, есімдіктердің астын сызындар. Сұрау есімдіктерінің ерекшелігін айтындар.

КІМНІҢ БАЛАСЫ?



Үйінде ойнап жүрген баласының бақыр теңге тауып алғанын көрген Қожа оны көшеге алып шығып:

— Кімнің теңгесі екен, халықтан сұра, — деп бұйырыпты.

— Теңге тауып алдым, кімдікі? — деп баласы айқай салған кезде Қожа:

— Менікі, — деп қалтасына салып алыпты.

— Рақмет, қарағым. Мұны іздемеген жерім жоқ еді. Кімнің баласысың? Кімнің баласы болсаң да, әкең сияқты адал екенсің? — депті арқасынан қағып.

(«Ел аузынан» кітабынан)

212-жаттығу. Мәтінді көшіріп жазып, есімдіктерге талдау жасандар.

Үлгі: оны — *III жақтағы жіктеу есімдігі, табыс септігінде тұр, тура толықтауыш.*



ҚЫРЫҚ ЖАМАУ ЕТІК

Қожанасыр қырық жамау етік киіп, қалаға барыпты. Оны мұқатпақ болған бір бай:

— Қожа, етігіңді қашан жамап едің? — депті.

Сонда Қожа:

— Бұл етіктің бет-аузында не көп — жамау көп, — дейді. — Сонда сен қайсысын сұрап отырсың?

(«Ел аузынан» кітабынан)

213-жаттығу. Мәтінді оқып, құрамында есімдіктің қай түрлері бар екенін аңғарындар. Оларға мағыналық, тұлғалық жағынан талдау жасандар.

Үлгі: әрнеге — *белгісіздік есімдігі, екі түбірден біріккен* (әр + не), -ге — *барыс септігінің жалғауы*.

ӨЛЕН

Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсаң, арқалан.
Сен де бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та, бар, қалан!
Өзінде бармен көзге ұрып,
Артылам деме өзгеден, —

деген өленді Әйгерім Мәкенге қайтадан оқытты. Мәкеннің өзі де өлеңнің кейбір жолдарын ішінен қайталап оқып отыр еді. Бұған Әйгерім ақырын күліп алды.

— Ағаңның алғашқы сөздері бізге де айтылған сөз десек болатын-ау! Өзі ауызша да айтады ғой: «Кім де кім есі бар, қайраты бар, бойында жігер, талабы бар адам болса, еңбексіз өмір кешуге жол жоқ! — деп. — Маған десе патшаның қызы бол, арамтамақ болсаң, қор боласың», — дейді. Мынада айтып отырғаны да сол ғой.

(М. Әуезов)

214-жаттығу. Мәтінді оқып шығып, мазмұндама етіп жазындар.

ШІЛДЕХАНА

Ауылда шілдехана болды. Ойынға Шолақ та қатынасты. Қарағайдан қиған жалғыз бөлме еді бұл. Шілдеханаға жиналған жұрт әрең сыйған бөлме әбден ысып кетті.

— Тұншығып барамыз, — десті әркімдер, — есікті ашатын екен!

Біреулер ашайын десе, жас қарағайдан жасалған ауыр есік ісініп, тас боп бекіп қалыпты. Теп-кілейді — ашылмайды, балтамен ұрады — ашылмайды.

— Енді қайттік?! — деп үйдегілер әбден сасқанда: Жол беріндер маған, — деді біреу.

— Кімсің?

— Балуан Шолақпын. Есікті мен ашып берейін.

— Ал, аш! — деп есік жақтағылар ысырыла бастады. Қараңғы жолында әркімге соқтығып, жығыласүріне есікке жеткен Балуан қолымен толғап еді, есік болар емес, өкшемен теуіп еді, қозғалмайды. «Мынау қайтеді?!» деп ерегіскен ол шегіне беріп, төбесімен сүзіп қалды. Есік жалп етіп шалқасынан құлады. Жұрт далаға шығып қараса, есіктің топса темірі омырылып кеткен екен.

(С. Мұқанов)

ЕТІСТІК

§ 41. ЕТІСТІК ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Етістік — заттың қимылын, іс-әрекетін білдіретін сөз табы. Етістік **не істеді?, не қылды?, қайтті?** (немесе **не істеп?, қайтіп?, не істесе?** т.б.) деген сұрақтарға жауап береді. Мысалы: *Көп ойласаң, дана боласың, көп ойнасаң, бала боласың.* (Мақал) *Көкек көріп қарлығашты, Қиғаш келіп амандасты.* (Ш. Смаханұлы) *Бөкеннен сұлу аңды мен көрмедім, Басқаға жануарды теңгермедім.* (С. Сейфуллин) Берілген мысалдарда *ойласаң, ойнасаң* (сен не істесең?), *боласың* (сен не істейсің?), *көріп, келіп* (көкек не істеп?) *амандасты* (көкек не істеді?), *көрмедім, теңгермедім* (мен не істедім?) деген сөздер заттық ұғымдағы сөздердің (сен, көкек, мен) қимылын, іс-әрекетін білдіріп тұр. Мұндай сөздер **етістіктер** деп аталады.

Етістік құрамына қарай **негізгі түбір етістік** және **туынды түбір етістік** болып екіге бөлінеді. Сөздің **негізгі түбірі** етістік болса, ол **негізгі түбір** немесе **негізгі етістік** деп аталады. Мысалы: *кел, бар, жүр, көр, бер, ал, қойды, айтты, жайды, үйіп, көріп, алған, салған* т.б.

Басқа сөз таптарынан сөз тудырушы жұрнақ арқылы жасалған етістіктер **туынды түбір** немесе **туынды етістік** деп аталады. Мысалы: *ойна, шегеледі, қарайып, көгерген, басқарса, күшейіп* т.б. деген етістіктер *ойын, шеге, қара, көк, бас, күш* деген түбірлерге (есім сөздерге) *-а, -ле, -й, -ер, -қар, -ей* жұрнақтары жалғану арқылы етістік жасалған.

Туынды етістіктер басқа сөз таптарынан (есімдер мен еліктеуіш сөздерден) белгілі жұрнақтар арқылы жасалады. Ол жұрнақтар мыналар:

1) *-ла, -ле, -да, -де, -та, -те*: шеге-ле, таза-ла, тіс-те, бас-та т.б.;

2) *-а, -е*: ойн-а, бос-а, түн-е т.б.;

3) *-ай, -ей, -й*: мол-ай, аз-ай, көб-ей, қара-й т.б.;

4) *-ар, -ер, -р*: ағ-ар, көг-ер, қысқа-р т.б.;

5) *-ғар, -гер, -қар, -кер*: бас-қар, ес-кер, теңгер т.б.;

6) *-ық, -ік, -қ, -к*: кеш-ік, зар-ық, бір-ік т.б.;

7) *-ыра, -іре*: жарқ-ыра, желб-іре т.б.

215-жаттығу. Етістіктердің негізгі түбірін жазып көрсетіңдер.

Үлгі: негізгі түбір:	туынды етістік:	жұрнақ:
<i>аял</i>	<i>аялда</i>	<i>-да</i>
<i>аз</i>	<i>азай</i>	<i>-ай</i>

Аялда, азай, жасар, соққыла, ашыл, шуылда, тыныштал, отырғыз, жатпа, кеткен, байқаңқыра, білдір, көргіз, салдыр, кептірт, тергіз, оқыт, ағарт, алдыр, өңгерт, жүгірт, ақтарыл.

216-жаттығу. Берілген есім сөздерге жұрнақ жалғап, етістікке айналдырып жазыңдар.

Үлгі: *өшекейле, алаңдау, ...*

Өшекей, алаң, амал, ашу, әзіл, әсем, әсер, әрекет, аяқ, айшық, айқын, тамыр, әңгіме, сыр, адал, адым, аз, әжуа, ажар, азық, айбат.

217-жаттығу. Берілген мақал-мәтелдерден туынды етістіктерді тауып, олар қалай жасалғанын айтыңдар.

1. Сүйкімді сөз сүйек балқытар. 2. Ара бізімен шағады, Адам тілімен шағады. 3. Өтірік сөз ырыстан қағады. 4. Ұзын тіл өмірді қысқартады. 5. Оң сөз өзен тоқтатар. 6. Халық тілі сауда. 7. Сөзді сөз сүйейді. 8. Өсиет тыңдағаннан ешкім өлмейді. 9. Өтірік айтқан ұрлық та қылады. 10. Ауыр сөз айтқан дос емес. 11. Көз жетпеген жерге сөз жетеді. 12. Жаман сөз жатпайды. 13. Өтірік сөз өрге баспас. 14. Тілмен тікен де алады. 15. Қағазға тіл бітірген қағаз. 16. Көпті сөккен көгермес. 17. Көп алғысы көгертер.

§ 42. ДАРА ЕТІСТІК ПЕН КҮРДЕЛІ ЕТІСТІК

Етістіктер құрамына қарай **дара етістік** және **күрделі етістік** болып екіге бөлінеді.

Бір ғана сөзден тұратын негізгі етістік **дара етістік** деп аталады. Мысалы: *Өнер-білім бар жұрттар, тастан сарай салғызды.* (Ы. Алтынсарин) *Қозының жамырағанын Байторының сақ құлағы бағана сезген.* (М. Әуезов) Бұл сөйлемдердегі **салғызды, жамырағанын, сезген** деген етістіктер дара етістіктер болып табылады. Өйткені бұлар — бір ғана сөзден тұратын негізгі етістіктер. Әрқайсысының өз алдына мағынасы

бар, белгілі бір сұраққа жауап беріп, сөйлем мүшесі қызметін атқарады: **жұрттар не істеді?** *салғызды* (баяндауыш), **нені сезген?** — *жамырағанын* (толықтауыш), **құлағы қайткен?** — *сезген* (баяндауыш).

Екі я одан да көп сөзден құралып, бір ғана мағынаны білдіріп, бір сұраққа жауап беріп, сөйлемнің бір ғана мүшесі қызметін атқаратын етістіктер **күрделі етістіктер** деп аталады. Мысалы: *Ауылда қосақтағы қойлар маңырап жатыр екен.* (М. Әуезов) *Бір кішкентай қыз әкесінің шапанын жамап отыр екен.* (Ы. Алтынсарин) *Ерте барсам жерімді жеп қоям деп, Ықтырмамен күзеуде отырар бай.* (Абай) Берілген сөйлемдердегі *маңырап жатыр екен* (қойлар қайткен?), *жамап отыр екен* (қыз не істеген?), *жеп қоям деп* (не себепті отыр?) дегендер — күрделі етістіктер. Олар бір ғана лексикалық мағынаны (*маңырау, жамау, жеу*) білдіреді, бір сұраққа жауап беріп, сөйлемнің бір ғана мүшесі қызметін атқарады.

Әдетте күрделі етістіктің құрамындағы бірінші етістік **негізгі етістік** болады да, негізгі мағынаны сол білдіреді, кейінгісі оған **көмекші етістік** болады. Кейде көмекші етістік біреу емес, бірнешеу болуы да мүмкін (жоғарыдағы сөйлемдердегі *жатыр екен, отыр екен, қоямын деп*). Негізгі етістік көбінесе көсемше тұлғасында (*келе жатыр, барып қалды* т.б.) және есімше тұлғасында (*барған екен, жүретін болды, айтпақ болды* т.б.) болып келеді де, көмекші етістік сөйлемдегі орны мен мағынасына және қызметіне қарай етістіктің барлық түрлерімен тұлғаланып қолданыла алады. Мысалы: *Үнсіз күліп тұрған* — *бағанағы бала шәкірті.* (М. Әуезов) *Ешнәрсені көре алмай жатса, көзіне түсті алыстан жалғыз қарға.* (Ы. Алтынсарин)

218-жаттығу. Мәтінді оқып, мазмұнын қысқаша жазындар. Күрделі етістіктерді қалай жасалып тұрғанын көрсетіндер.

Үлгі: еріп — *дара етістік*; жиылып отырды — *күрделі етістік*, **жиылып** дейтін көсемше тұлғалы негізгі етістік пен **отырды** дейтін көмекші етістік-тен тіркесіп жасалған.

Атай Ықыласты әңгіме етті: — Менің баларақ күнімде төрт-бес кісі Сәтбайға еріп, Ықыластың аулына келдік. Ықыластың үйі үлкен қоңыр үй екен. Үйге түстік. Үйге бірсыпыра жұрт жиылып отырды. Сәтбай Ықаңның қобызын сағынғанын айтты. Біреу қобызды алып берді. Мен екі көзімді алмай, телміріп қарап отырмын. Ықылас қобызын жөндеп алып, ақырын сыза бастады. Ықаңның ұзын саусақтарының ұшынан ыңыранған мұңды күй сарнай бастады. Еңіреген, күңіренген күйлер көктен құйылып отырғандай болды. Менің жүрегім лүп-пілдеп, бүкіл жұлын тұтам шымырлап кетті.

(С. Сейфуллин)

219-жаттығу. Мәтінді оқып, ат қойындар. Дара, күрделі етістіктерді ажыратындар.

Ауылдан шыққан бойда екі жігіт өзен жағасына тартты. Жүріп келе жатқан жолдарында шаң жоқ. Алдарында өзенге тақап қонған көп үйлі кедей ауыл отыр. Соған қарап бет алып келеді.

— Дәкеңе сәлем берейін. Сыншыл қарттың көреген көзі тағы нелерді біліп, бағып отыр екен? — деп, Әбіш әзіл аралас сөйледі. Дәркембай өз үйінің қасында ағаш шауып отыр екен. Қалың қол ағашты мүсіндеп жатыр. Қолындағы шапашоты жеңіл қозғалады. Қолды өзі жетелеп, лыпып тұрғандай. Шапашотын сілтеп отырып Әбіштен:

— Оқуың бітті ме, Әбіш? Елге мүлде келдің бе? — деп сұрады. Әбіш келер жылы оқуын тамамдап қайтатынын айтты.

Дәркембай: — Тағы да кете берем десеңші! — деп, біраз үндемей қалды.

(М. Әуезов)

* Мәтінде қазақтың қандай ата дәстүрі байқалады? Осы дәстүр туралы өз ойларыңды айтыңдар.

220-жаттығу. Күрделі етістіктің құрамын анықтандар. Олардың қалай жасалғанын айтыңдар.

Жаратылысынан сұраншақ көршісі Қожанасырдан тағы да есегін сұрап келіпті.

Бұл жолы ашуланған Қожанасыр «Енді сұрамайтын шығар?» деген оймен: «Есек жоқ», — дейді. Көршісінің аулаға шыққаны да сол екен, жем дөметкен есегі ақырып жіберіпті. Сұраншақ қуанғанынан үйге жүгіріп келіп: — Қожеке, есегіңіз қорада тұр ғой, — дейді. Сонда ығыр болған Қожеке:

— Аппақ сақалды маған сенбей, ақырып тұрған есекке сенесің, ештеңеге түсінбейтін қандай немесің? — деген екен.

(«Ел аузынан» кітабынан)

* Қожаның көршісіне мінездеме беріңдер.

221-жаттығу. Берілген сөздердің қайсысы туынды етістік, қайсысы негізгі етістік екенін анықтандар.

Шығар, жаптыр, отыр, жазғыз, жар, өргіз, көгенде, буландыр, күркіре, барған, жүгір, сөйле, оқы, ал, келтір, кешір, жарып, келетін, айт, төсе, қоюлан, ағарту, көгеріп, жеткен, қайт, қал, аула, ұста, мұнарту, біл, көр, үйрен, көмектес, жалқауланба.

§ 43. БОЛЫМДЫ ЖӘНЕ БОЛЫМСЫЗ ЕТІСТІКТЕР

 Етістік негізгі түбірде де, туынды түбірде де қимылдың, іс-әрекеттің болуын білдіреді. Сондықтан етістік негізгі я туынды түбір күйінде

болымды мәнді білдіреді. Оларды **болымды етістік** дейді. Етістіктің түбірі бұйрық райдың жекеше анайы II жақ тұлғасымен сәйкес келеді. Мысалы: *кел-ді — сен кел, бер-генбіз — сен бер* т.б. Бірақ бұл екеуі бір емес. Етістік шақ, рай т.б. тұлғаларда жұмсалғанда, оның түбірінде бұйрықтық мағына болмайды. Мысалы, (мен) *ойнасам*, (ол) *көр-інті*, (сен) *айтқансың* т.б. етістіктердің түбірлері *ойна*, *көр*, *айт*. Бірақ бұларда бұйрықтық мағына жоқ. Сонымен бірге бұйрықтық мағына, демек, бұйрық рай тұлғасы, тек бір түбір тұлғада ғана емес, етістіктің кейбір басқа тұлғаларында да болып отырады. Мысалы, *сен кел-тір-ме*, *сен ойна-т-қыз*, *сен ойла-н-ыңқыра* т.б. етістіктер бұйрық рай болғанымен, түбір тұлғалар емес. Бұның өзі етістіктің түбірі дегенмен, бұйрық райдың жекеше анайы II жағы деген ұғымдар бір емес екендігін көрсетеді.

Сонымен бірге етістік қимылдың, іс-әрекеттің болмауын, іске аспауын да білдіреді. Ондай етістіктерді **болымсыз етістік** дейді. Болымсыз етістік негізгі я туынды түбір етістіктерге **-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе** жұрнақтары жалғану арқылы және белгілі шақ тұлғасындағы болымды етістікке **жок, емес** сөздерінің тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы: *бар-ма*, *көбей-ме*, *тісте-ме*, *айт-па* және *берген жоқ*, *айтқан емес*, *кеткен жоқ*, *қайтатын емес*, *жазар емес* т.б.

222-жаттығу. Болымды етістіктен болымсыз етістік жасандар.

Үлгі: *асық — асықпа*, ...

Асық. Жүгір. Шула. Айқайла. Тарық. Кешік. Бөгел. Сүрін. Күл. Жағалас. Сыз. Теп. Ти. Ұмыт. Жоғалт. Атта. Секір. Боя. Өшір. Қи. Ал. Аш. Тасы. Сұра. Төк.

* Бір сыңары болымды, бір сыңары болымсыз етістік болатын қос сөздерді кірістіріп үш сөйлем құрандар.

223-жаттығу. Мәтіндегі іс-әрекетті білдіріп тұрған сөздерге сұрақ қойып, етістіктің қай түрі болып тұрғанын айтындар.

Үлгі: *қашып келеді — болымды етістік, баяндауыш.*

Рәбиға зұлымдық пен зорлықтан қашып келеді. Қалың қарға омбылап, малтығып келеді. Ол бүгінгі күні бауыры Мұқашқа ат әкел деп тапсырған болатын. Соның берген уәдесіне сеніп, үйінен жалғыз шығып кеткен. Кеш батты, түн бола бастады. Көз байланып, дүние қараңғы тартты. Маңайдағы көп нәрсе көрінбеуге айналды. Рәбиғаның басы айналды. Әуелгі бетінен адасты. Есінен танып, жалғыз өзі аласұра бастады. Бауырының атын атап шақырады, жылайды.

Рәбиға қиналған күйде: «Енді өлдім-ау!» — деп бойұсына берген уақытта ғана көмегіне сеніп шыққан бауыры Мұқаш келіп, тауып алды.

(М. Әуезов)

224-жаттығу. Сөйлемдердің құрамындағы етістіктерді тұлғасына қарай талдандар.

Үлгі: *басталды — етістік. Сұрағы — қайтті? Түбірі — бас,-та-л-ды — жұрнақтар.*

Жарыс басталды. Тәуке бірден алға түсті. Ержан да Тәукені қуып жетті. Ол таяқты бірқалыпты сілтеп, жеңіл сырғанап келеді. Екі беті алмадай қызарып кетіпті. (С. Сарғасқасев) Шам жағылысымен, бірдеме гүрс етіп құлаған тәрізденді. (Ғ. Мұстафин) Үнсіз-тілсіз бейнелер теңіздей терең ойлар мен сырларды қозғайды. (С. Омаров) Қолдан сепкен тұқым мұндай біркелкі түскенін көрген емес. (Ғ. Мұстафин)

225-жаттығу. Өлең жолдарындағы етістіктің мағынасын анықтап, болымсыз етістіктердің қалай жасалып тұрғанын айтындар.

Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба...
Болмасаң да ұқсап бақ,
Бір ғалымды көрсеңіз.
Ондай балмақ қайда деп,
Айтпа ғылым сүйсеңіз.
Сізге ғылым кім берер,
Жанбай жатып сөнсеңіз?..
Жақынның сөзі тәтті деп,
Жақыным айтты дей көрме.
Надандықпен кім айтса,
Ондай түпсіз сөзге ерме,
Сөзіне қарай кісіні ал,
Кісіге қарап сөз алма.
Шын сөз қайсы біле алмай,
Әр нәрседен құр қалма...

(Абай)

Пысықтауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Етістік нені білдіреді? 2. Етістік қандай сұрақтарға жауап береді? 3. Етістік құрамына қарай қалай бөлінеді? 4. Туынды етістіктер қалай жасалады? 5. Етістіктің түбірі қандай тұлғамен сәйкес келеді? 6. Етістіктің түбірі мен бұйрық райдың (жекеше, анайы, II жақ) тұлғасын қалай ажыратуға болады? 7. Болымсыз етістік деген не және ол қалай жасалады?

§ 44. САБАҚТЫ ЕТІСТІК ПЕН САЛТ ЕТІСТІК

 Етістіктер мағынасына қарай сабақты етістік және салт етістік болып екіге бөлінеді. Мағынасы жағынан тура объектіні, табыс септіктегі сөзді қажет етіп тұратын етістіктер **кімді? нені?** (кейде табыс септіктің жасырын түрі — **не?**) деген

сұрақтарға жауап беретін табыс септіктегі сөзбен байланысады. Мысалы, *Сөзді сен баста. Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін.* (Абай) *Баламды медресеге біл деп бердім.* (Абай) *Бетті бастым. Қатты састым.* (Абай) Бұл сөйлемдердегі *баста, жазбаймын, бердім, бастым* деген етістіктер *сөз, өлең, балам, бет* деген сөздердің табыс септікте тұруын талап етіп тұр. Кейде ондай сөздер табыс септіктің жасырын түрінде тұруы да мүмкін. Ондайда екі сөздің (табыс септікті сөз бен етістіктің) арасына басқа сөз келтіріп қолданып көру керек. Мысалы: *өлең айт — өлеңді сен айт, кітап оқыды — кітапты бала оқыды, хат жаздым — хатты жолдасыма жаздым* т.б. Сонда табыс септігі айқын байқалады. Кейде тура объект мәнін білдіріп тұратын табыс септіктегі сөз сөйлемде қолданылмауы да мүмкін. Ондайда етістіктен сұрақ қою керек. Етістіктен **кімді?, нені?** деген сұрақ қоюға болса, онда ол — сабақты етістік. Мысалы, *айт, көр, оқы, бер, сайла* т.б. етістіктерден *кімді (нені) айт?, кімді (нені) көр?, нені оқы?, нені бер?, кімді (нені) сайла?* деп сұрақ қоюға болады.

Мағынасы жағынан тура *объектіні* — табыс септіктегі сөзді қажет етпейтін етістіктер **салт етістіктер** деп аталады. Салт етістіктер барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктегі сөздермен тіркесе беруі мүмкін, бірақ табыс септіктегі сөзбен байланыспайды. Мысалы, *қаладан қайт, ауылға қайт, жолдасыңмен қайт* немесе *түсінде келді, үйден келді, баламен келді, үйге келді* т.б. болып қолданылса да, *нені (ауылды т.б.) қайт?, нені (қаланы т.б.) келді?* деп айтуға болмайды. Сондықтан да бұлар — салт етістіктер.

Кейбір *етіс* жұрнақтары салт етістіктерді сабақты етістіктерге немесе сабақты етістіктерді салт етістіктерге айналдыру қызметін атқарады.

Мысалы, **өзгелік етіс** жұрнақтары -*ғыз*, -*гіз*, -*қыз*, -*кіз*, -*дыр*, -*дір*, -*тыр*, -*тір*, -*ыр*, -*ір*, -*р*, -*т* салт етістікке жалғанса, оны сабақты етістікке айналдырады: *шам сөнді — шамды сөн-дірді, бала кетті — бала-ны кет-ір-ді, гүл өседі — гүл-ді өс-ір-еді, ол өкпеледі — о-ны өкпеле-т-ті* т.б. **Алырықсыз** (кейде өздік) етіс жұрнақтары сабақты етістікке жалғанып, оны салт етістікке айналдырады: *әңгіме-ні айтты — әңгіме айт-ыл-ды, хатты жазды — хат жаз-ыл-ды, кітап-ты түгел оқыды — кітап түгел оқы-л-ды* т.б.

226-жаттығу. Етістіктің тіркесіп тұрған сөздерінің қай септікте екенін анықтаңдар, оларға сұрақ қою арқылы етістіктің салт не сабақты екенін ажыратыңдар.

Үлгі: *несіне сенеді?* — білегіне сенеді — *етістік барыс септігіндегі сөзбен тіркескен, табыс септіктегі сөзді керек етпейді, сондықтан ол салт етістік.*

1. Жарлы білегіне сенеді,
Жігіт жүрегіне сенеді.
2. Жақсы жұмыстан жан рақат алады.
3. Еріншектің ертеңі бітпес.
4. Құс балапаны үшін тұзаққа түседі.
5. Жалғыз жүрсең, жолмен жүр,
Жолдан жолдас қосылар.
6. Отан үшін отқа түс, күймейсің.

227-жаттығу. Мақал-мәтелдерді көшіріп жазып, салт етістіктердің астын ирек сызықпен сызыңдар.

1. Талапты ерге нұр жауар.
2. Болат қайнауда шынығады,
Батыр майданда шынығады.

3. Халықтан қайырымдылықты,
Қариядан байымдылықты үйрен.
4. Жаманға жан жуымас,
Жалқауға мал жуымас.
5. Жақсы адам жолдасынан танылар.
6. Жоқтыққа жүйрік жетпейді.
7. Жақсы кісі өлмесін,
Жамандықты көрмесін.
8. Жаманға сырынды айтпа.
Сырынды айтсаң да, шыныңды айтпа.

228-жаттығу. Сабақты етістігі бар сөз тіркестерін бір бағанға, салт етістігі бар сөз тіркестерін екінші бағанға бөліп жазындар.

**Үлгі: салт етістікті
сөз тіркесі:**

досыңа көмектес

**сабақты етістікті
сөз тіркесі:**

тапсырманы орында

Досыңа көмектес, тапсырманы орында, мектептен шықты, малды өргіз, ісіңе абай бол, дұрыс киін, анық сөйле, ініңе қара, аттан түс, үйде отыр, көшеде даурықпа, үй жина, кітап оқы, өзінді ұстай біл, сабақтан қалма, адамгершілікті ескер, аңанды ренжітпе.

229-жаттығу. Мәтіннен сабақты етістікті тауып, оны өзі тіркесіп тұрған сөзбен бірге теріп көшіріңдер.

Парламентте дауға түсіп жүрген бір мәселе — Жер дауы. Конституция айтады: Жер — мемлекеттікі. Ал, халық болмаса, ұлт болмаса мемлекет бола ма? Сондықтан Жер, ең алдымен, халықтікі. Халық болғанда да осы жерде атам заманнан бері өмір сүріп келе жатқан, осы жер үшін ата-бабалары қанын төккен, жанын қиған халықтікі.

Рас, Қазақстан — көп ұлтты мемлекет. Басқа ұлт өкілдерін шөміштен қағайын деп отырған ешкім жоқ. Бірақ олар басынбасын. Қазақтың кеңдігін, дарқандығын, қонақжайлылығын сыйласын. Қазақ — кеңпейіл, кеңқолтық. Соған қарап оны мәнжубас, момын, жуас екен деп ойламасын. Қазақ қойдан жуас көрінер. Ол жабайы жылқыдай тарпаң. Тарпаңдығына тап болма!

(Ш. Мұртаза)

§ 45. ЕТІСТЕР

Қимылдың, іс-әрекеттің орындаушыға, яғни қимыл иесінің істелетін іске қатысын білдіру үшін белгілі бір қосымшалар арқылы жасалатын етістіктің түрі етіс деп аталады. Мысалы: *Ол жуынды. Ол баласына кітап оқытты. Әңгіме айтылды. Олар бір-бірімен хат жазысты* деген сөйлемдерде жуу қимылы іс иесінің (орындаушының) өзіне қарай бағытталғанын, оқу іс-әрекеті тікелей қимыл иесі (ол) арқылы емес, екінші бір іс иесі (*баласы*) арқылы орындалғанын, айту іс-әрекеті өздігінен орындалғандай болуын, жазу іс-әрекеті қимыл-іс иесінің біреу емес, бірнешеу (*олар*) екенін білдіріп тұр да, ол мағыналар түбірге **-ын, -т, -ыл, -ыс** жұрнақтары жалғану арқылы берілген. Соған орай етістер төрт түрге бөлінеді: **өздік етіс, өзгелік етіс, ырықсыз етіс және ортақ етіс.**

Болымсыз етістік жұрнағы етіс жұрнағынан кейін жалғанады: *айт-қыз-ба, ки-ін-бе, сөйле-с-не* т. б.

§ 46. ӨЗДІК ЕТІС

Қимыл, іс-әрекет орындаушысына, іс иесіне бағытталып, тікелей соған қатыстылығын білдіріп, әдетте сабақты етістіктерге **-ын, -ін, -н** жұрнағы

жалғану арқылы жасалатын етістіктің түрі **өздік етіс** деп аталады. Мысалы: *Таң атқанша тарандық. (Махамбет) Оқушылар ерте тұрып, жуынды. Бала өзі киінді* деген сөйлемдердегі *тарану, жуыну, киіну* қимылдары әрі белгілі бір іс иесі (*орындаушы*) — біз (*тарандық*), оқушылар (*жуынды*), бала (*киінді*) арқылы орындалғанын, әрі қимыл сол иесіне бағытталғанын білдіріп тұр.

230-жаттығу. Қажетті жұрнақтарды жалғап, берілген сөздерден өздік етіс жасандар.

Үлгі: сабақты етістіктер:	жұрнақтар:	өздік етістер:
<i>ора</i>	<i>-н</i>	<i>оранды</i>
...	...	...

Ора. Көр. Сез. Жасыр. Қара. Сыла. Тазала. Сұрт. Ки. Сал. Гүлде. Бу. Біл. Байла. Арқала. Күй. Түй.

231-жаттығу. Көшіріп жазып, өздік етістің астын сызындар, қалай жасалғанын айтындар.

Ай, қарт Қожак! Сен бесікте жатқанда, бала болып жыламадың. Омырауы жұпарлы, он саусағы қыналы анаң сүйінді! Қабағы тастай түйілген, жеңсіз берен киінген, елінің тыныштығы үшін егеспен күн кешкен әкең сүйінді! Қызыл-жасыл киініп, белінді қынап буынып, қызыл балықтай асыр салдың. Жиын-тойда ақ балтырың түрініп, өзіңнен жарты мүшел үлкен жігітпен балуанға түстің. Ағайын-туғаның сүйінді!

(М. Мағауин)

232-жаттығу. Өленді оқып, өздік етістерінің қалай жасалғанына көңіл аударындар. Оларды мәтіннен теріп жазындар.

Жау қарасы көрінді,
Жиылған әскер бүлінді...

Тебінгі теріс тағынбай,
Темір қазық жастанбай,
Түніменен түйіндік,
Таң атқанша тарандық.
Таң ағарып атқан соң,
Төңірек жаққа қарандық.

Қанды көбе киініп,
Бір Аллаға сыйынып,
Кезенген жауға кез келдік...
Ер төсектен безінбей,
Ұлы төске ұрынбай,
Түн қатып жүріп түс қашпай,
Қу толағай бастанбай,
Ерлердің ісі бітер ме?!

(Махамбет)

§ 47. ӨЗГЕЛІК ЕТІС

Өзгелік етіс қимылдың, іс-әрекеттің сөйлемдегі іс иесі, яғни субъектінің тікелей өзі емес, екінші бір басқа субъект, қимылды орындаушы арқылы істелетінін білдіріп, белгілі бір жұрнақтар арқылы жасалады. Ол жұрнақтар мыналар:

1) **-ғыз, -гіз, -қыз, -кіз:** отыр-ғыз, жүр-гіз, айт-қыз, жет-кіз, жаз-ғыз, көр-гіз;

2) **-дыр, -дір, -тыр, -тір, -ыр, -ір:** сал-дыр, сен-дір, ас-тыр, тік-тір, кет-ір, ас-ыр;

3) **-т:** жаса-т, сөйле-т т.б.

Демек, өзгелік етісті сөйлемде қимылды, іс-әрекетті іске асырушы екі субъект болады: бірі — сол қимылды орындатушы, екіншісі — қимылды тікелей орындаушы. Мысалы: *Ол баласына өлең айтқызды. Үй иесі бізге малды күзеттірді. Сен жұртты сөйлетпедің* деген сөйлемдердегі айту, күзету, сөйлеу қимылдарын істеуші — *ол, үй иесі, сен*. Бірақ бұлар өздері тікелей істеп отырған жоқ,

 қимыл, іс-әрекетті екінші біреу арқылы, яғни *баласы, біз, жұрт* арқылы істеп отыр.

Кейбір түбірге өзгелік етістің бірнеше жұрнағы бірінен кейін бірі жалғана береді: *сөйле-т-кіз-беді, қаз-дыр-т-қыз-ды, оқыт-т-тыр-мады* т.б.

233-жаттығу. Берілген сөздерден қажетті жұрнақ арқылы өзгелік етіс жасап жазыңдар.

Үлгі: *көбей-т-тір, ...*

Көбей. Ойлан. Оқы. Өсір. Жуын. Айқайла. Ал. Өшір. Құтқар. Жина. Жап. Түсір. Сын. Күй. Өт. Ақта. Апар. Әкел. Жет. Күл. Бас. Ойна. Жаз. Айт.

234-жаттығу. Сөйлемдердің құрамынан өзгелік етісті теріп алып, олардың түбірі мен жұрнақтарын дефис арқылы ажыратып жазыңдар.

Үлгі: *тарт-тыр-ып, ...*

1. Ызғарлы аяз жан иесінің бәрін де жауратып, жүдеу тарттырып, жылы жайды іздеттіргендей. Қалың қар жүрісіне бөгет болып, қозғалысын өндірмейді. Өмір бойында Абайдың ең алғаш рет ұйқысыз түндер өткізіп, қабағы қатып, қажыған жолы осы еді. Ұлжан Абай мен Ерболға бір-бір кесе қымыз ішкізді де, өзі ертіп барып қонақ үйге жатқызып, үстерін жауып қойды.

(М. Әуезов)

2. Біз келгенде ойын жаңа басталған екен. Шұғалар өлеңдерін тоқтатып, арқаннан түсті. Жай әзілмен көп уақыт оздырдық. Домбыра алдырып, Әбдірахман ән салды. Өлеңді түйдектетіп үзбестен соқты. Мынау — Медеу деген батырағың. Әркімге бір оқыттырып, орысша-қазақша хат танытып келем.

(Б. Майлин)

235-жаттығу. Берілген өзгелік етістерді қолданып, сөз тіркесі мен сөйлем құраңдар.

Үлгі: *жыр айтқыз. Абай үйге келген қонақтарға жыр айтқызды.*

Айтқыз. Түсірт. Көрсеткіз. Оқыттыр. Алдырт. Өсірт. Асырт. Жинаттыр. Тазалатқыз. Өндірткіз.

§ 48. ЫРЫҚСЫЗ ЕТІС

Іс-әрекеттің атқарушысы, қимыл иесі арнайы айтылмай, өздігінен істелетіндігі көрініп, **-ыл, -іл, -л** түбірдің ішінде **л** дыбысы болса, **-ын, -ін, -н** жұрнақтары арқылы жасалатын етіс түрі **ырықсыз етіс** деп аталады. Ырықсыз етіс тек сабақты етістіктен жасалады және өзі жалғанған сабақты етістікті салт етістікке айналдырады: *сөз айт-ыл-ды, уәде бер-іл-ді, шарт жаса-л-ды, үй-тазала-н-ды, қамал ал-ын-ды, үй сал-ын-ды* т.б.

236-жаттығу. Етістіктердің түбірі мен қосымшаларын дефис арқылы ажыратып жазыңдар.

Үлгі: *жина-л-ма-ды, ...*

Жиналмады. Ашылды. Аттандырылды. Ілінбеді. Көшірілді. Өткізілді. Төселді. Шегеленбеді. Сөндірілді. Терілмеді. Орылды. Көрсетілмеді. Салынды. Алмастырылды. Бергізілді. Жинақталды. Тазартылды. Қаланды.

237-жаттығу. Төленді, салынды, отырғызылды, кешіктірілмеді, шақырылды, өсірілді деген ырықсыз етістерді қолданып, сөйлем құраңдар.

Үлгі: *Өзбекстанның көптеген аудандарында жаңа мектептер мен балабақшалар салынды.*

238-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жазындар. Ырықсыз етістерді тауып, қандай жұрнақтар арқылы жасалып тұрғанын айтындар.

Бұның бәрі «Құнанбай аулы» деп аталады. Жер ошақтан шыққан түтіндері де біріне-бірі қосылып, тұтасқан көкшіл мұнардай тарайды. Үлкен үй мен күншығыс жаққа тігілген қонақ үйдің екі арасында бір топ жан тұр екен. Бұл топқа қарай ауылдың үлкендері жан-жақтан ағылып келіп жатыр. Қысылып қалған бала шешесінің салқын сабырының мәнін ұқты да, әкесіне қарай бұрылды.

Әкесі құшақтаған бойында үлкен үйге кірген Абай ымырт жабылғанша осында болды.

(М. Әуезов)

§ 49. ОРТАҚ ЕТІС

Қимыл, іс-әрекеттің орындаушысы біреу емес, бірнешеу болып, **-ыс, -іс, -с** жұрнақтары арқылы жасалатын етістің түрі **ортақ етіс** деп аталады. Мысалы: *Омар мен Оспан хат жаз-ыс-ты. Қыз бен жігіт сөйле-с-ті. Ол бізге үй сал-ыс-ты* деген сөйлемдердегі жазу, сөйлеу, салу қимылдары бір ғана субъект (іс иесі) тарапынан емес, бірнеше орындаушы (*Омар мен Оспан, қыз бен жігіт, ол мен біз*) арқылы іске асатынын көрсетеді.

Ырықсыз етіс пен өздік етіс жұрнақтары сабақты етістікке жалғанып, оны салт етістікке айналдырады: *әңгімені айтты — әңгіме айтылды, сөзді сөйледі — сөз сөйленді, қолын жуды — қол жуылды* т.б. Өзгелік етіс жұрнағы салт етістікке жалғанса, салт етістікті сабақты етістікке айналдырады: *шам сөнді — шамды сөндірді, оқушы орындықта отырды — оқушыны орындыққа отырғызды, хат жеткізілді — хатты жеткізді* т.б. Ал ортақ етіс жұрнағында ондай қызмет жоқ: *(хат) жазысты — сабақты етістік, сөйлесті — салт етістік.*

 Етіс жұрнақтары кейде бірінің үстіне бірі қабаттасып та жалғана береді: *Сөйле-с-іл-ді, жүргіз-дір-іл-ді, айт-ыс-тыр-ды* т.б.

239-жаттығу. Берілген етістіктерге жұрнақ жалғап, ортақ етіс жасандар. Түбір мен қосымшаның арасын дефис арқылы ажыратып жазындар.

Үлгі: *айт-ыс-ты, ...*

Ал. Бөге. Тасы. Тік. Бақ. Тазала. Жу. Айт. Қой. Жөнде. Апар. Тоқы. Тер. Жаз. Жина. Тара. Сал. Бітір. Тұрғыз. Сөйле. Іл. Ақта. Көтер. Жек. Шегеле.

240-жаттығу. Сөйлемдерден ортақ етісті тауып, қалай жасалып тұрғанын байқандар. Оларға тұлғалық талдау жасандар.

Үлгі: *Ортақ етіс* — дуылдасып. *Түбірі* — дуыл, -да — *бұйрық рай тудыратын жұрнақ*, -с — *ортақ етіс жасайтын жұрнақ*, -ып — *көсемшенің жұрнағы*.

1. Ел ішін Еламаннның дақпырты алып барады. Оның келе жатқан хабарына қуанып, дуылдасып жатыр. Тәңірберген ағасымен оңаша сөйлескісі кеп отырған-ды.

(Ә. Нұрпейісов)

2. Мектепте бірге оқыған, студент тұрмысының ащы-тұщысын бірге татысқан жолдастар шетінен ыстық көрінеді. Соларды бір көрсем, сырласып, шер тарқатсам деп аңсайсың... Аспанда мың сан жұлдыздар жымындасып, гауһар тастай жалт-жұлт етеді. Мадияр мен Бұғыбай шықты. Балзия қақпаның алдында бір қызбен сықылықтасып күлісіп, мәз болып тұр екен. Екеуі шүңкілдесіп, ретін тауып тілдесіп қалайық деген оймен қыздардың қасына барды.

(С. Омаров)

241-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жазындар. Құрамындағы етістерді түрлеріне қарай ажыратып, тұлғалық талдау жасандар.

1. Жолаушыларды Ахмет басқарды. Адам тізбегі он километр бойына созылған. Жолаушылар электршілермен ғана емес, өзара да жарысуда. Өзіл-күлкі, кейде анадайдан дауыстап сөйлескен үндері тұтасып, тынымсыз күшті гуіл естіліп тұр. Әр қилы адамдар көрінді.

(*Ғ. Мұстафин*)

2. Жаз бойы күнде қанат серпісіп, күнде қамшы сілтесіп, қақтығысып келген екі байдың аядай жерге арқа тіресіп қонып жатқандары жай емес сияқты.

(*Ғ. Мүсірепов*)

Пысықтауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Сабақты етістік пен салт етістіктің мағыналық ерекшеліктері неде? 2. Олардың мағыналық ерекшеліктері сөйлемде қалай көрінеді? 3. Сабақты етістікті салт етістікке, салт етістікті сабақты етістікке айналдыруға бола ма? Мысал келтіріңдер. 4. Етіс нені білдіреді? 5. Етістің қандай түрлері бар және олар қалай жасалады? 6. Бір түбірге бірнеше етіс жұрнағы қалай жалғанады?

§ 50. ЕСІМШЕ

Есімше — етістіктің ерекше түрі. Себебі есімше сөйлемде екі түрлі мәнде, екі түрлі қызметте қолданылады. Бірде ешқандай қосымшасыз тұрып, **қандай? қай?** деген сұрақтарға жауап беріп, бастауыш я баяндауыш қызметін де атқарады. Мысалы: *Көрген көзде жазық жоқ* (*көрген* — анықтауыш); *Көрмес түйені де көрмес* (*бірінші көрмес* — бастауыш, соңғы *көрмес* — баяндауыш). Бастауыш я анықтауыш қызметін атқарып тұрған есімшелер есім сөздерше түрлене алады. Мысалы: *айтар-ың, естімег-ім*.

Енді бірде жіктеліп келіп, қимылды, іс-әрекетті белгілі бір шаққа қатысты білдіреді де, сөйлемнің баяндауышы қызметін атқарады. Мысалы: *Ардақ бағана кетіп қалған.* (Ғ. Мұстафин) *Сен менің айтқанымды ұғып, орнын келтірсең, жақсы, түзік кісі болып өсерсің.* (Ы. Алтынсарин) Берілген сөйлемдерде *кетіп қалған*, *өсерсің* деген етістіктер есімше тұлғаларда жіктеліп келіп (*кетіп қал-ған* — III жақ, *өс-ер-сің* — II жақ), қимыл, іс-әрекетті білдіріп тұр. Атап айтқанда, Ардақтың кетіп қалуы (*Ардақ кетіп қалған*) өткен шақты білдіріп тұр; сенің өсуің (*сен өсерсің*) келер шақты білдіріп тұр. Сөйтіп, бұл сөйлемдегі есімшелер (есімше тұлғалы етістіктер) белгілі бір шақты (өткен шақ немесе келер шақ) білдіріп, жіктеліп келіп, баяндауыш қызметін атқарып, белгілі заттың қимылын көрсетіп тұр. Бұл — есімшенің етістікке тән қасиеті.

242-жаттығу. Мәтінді көшіріп, есімшелерді табындар. Олардың түбірі мен қосымшасын ажыратып айтындар.

Үлгі: **есімше:** кел-ген. *Бұрынғы өткен шақ, III жақ тұлғасында тұр, -ген деген жұрнақ арқылы жасалған.*

Құдасының аулына Ұлжан отыз шақты кісімен келген. Алшынбай бұлар келер қарсаңға мол сулы, кең бір жазыққа кеп қонған екен. Қазыбектің өзінен тараған қырық шамалы ауыл осы жерге сіресе қоныпты...

Құнанбайдың екі аулы да Жидебайға жиылған. Әр үйде қысыр сауылып, қара сабалар ертелі-кеш пісіліп жататын. Биылғы қыс жайлы боп, жақсы өткен. Сүр мол. Құнанбайға сыбаға деп арнаған семіз қойлар, жабағылар, арда емген тайлар болатын.

(М. Әуезов)

243-жаттығу. Мақал-мәтелдерден есімшелерді тауып, қандай жұрнақтар арқылы жасалып тұрғанын айтындар.

1. Асыққан жетпес, бұйырған кетпес. 2. Құтырған ит иесін қабады. 3. Қайта көрер есікті қатты жаппа. 4. Көрмес — түйені де көрмес. 5. Адаспайтын адам жоқ, сүрінбейтін тұяқ жоқ. 6. Елден безген ер оңбайды. 7. Бас кеспек бар, тіл кеспек жоқ. 8. Жақсы тігілген етік тозбайды. 9. Суға кеткен тал қармайды. 10. Біреуі сөйлесе бәрі тындар, ал, бәрі сөйлесе кім тындар? 11. Иттерді таластыратын аң емес, сүйек-аяқ. 12. Сөйлей білген жақсы, тындай білген — одан да жақсы. 13. Қарусыз жанды өлтірмес болар. 14. Жаба алмайтын есігіңді ашушы болма. 15. Амандасар көршіңмен араздаспа.

244-жаттығу. Мәтінді көшіріп, есімшелердің астын сызындар.

1. Жүйесін тауып айтылған сөз жүйкені босатады. (*Ф.М.*) 2. Көшіп келе жатқан — Абай аулы мен көрші ауылдар. (*М.Ә.*) 3. Кейде мүлде күтпеген жағдай болып қалады. (*Б.М.*) 4. Ақыл көпке жеткізер, өнер көкке жетізер. (*Мақал*) 5. Адал еңбекпен мал іздемек — арлы адамның ісі. (*А.*) 6. Есік алдында тұрған қос күрең арбаға отырар-отырмастан ала жөнелді. (*Ж.Т.*) 7. Ер мойнында қыл арқан шірімес. (*Мақал*) 8. Әлі өмір танымайтын жас буын өз тірлігін үрке сүйеді. (*М.Ә.*) 9. Ұн тартатын комбинатта болдыңыз ба? (*С.Сарғ.*) 10. Оның не көрсетпек болғанын енді түсіндім. (*М.И.*) 11. Өзінің жақсы көретін оқушыларының бірі Әділ екен. (*«Жалын»*) 12. Суды шым тоқтатар, сөзді шын тоқтатар. (*Мақал*)

§ 51. ЕСІМШЕНІҢ ЖАСАЛУЫ МЕН ТҮРЛЕРІ

Есімше етістіктің негізгі және туынды түбірлеріне, сондай-ақ етіс және болымсыз етістік тұлғаларына төмендегідей жұрнақтар қосылуы арқылы жасалады.

1) **-қан, -кен, -ған, -ген** жұрнақтары арқылы өткен шақ есімше жасалады: *ал-ған, көр-ген, берме-ген, айт-қан, көрсет-кен, жүргіз-ген* т.б. Сөздің соңғы дыбысы дауысты, не үнді, не ұяң болса, жуан буыннан кейін **-ған**, жіңішке буыннан кейін **-ген** жалғанады. Қатаң дыбысқа біткен сөзге жуан буыннан кейін **-қан**, жіңішке буыннан кейін **-кен** жалғанады;

2) **-ар, -ер, -р** және болымсыз етістіктен кейін **-с** жұрнақтары қосылу арқылы болжалды келер шақ есімше жасалады: *бар-ар, көр-ер, айт-ар, сөйле-р, жүргіз-ер, берме-с, көрме-с, айтпа-с* т.б. Дауыссыз дыбысқа біткен сөзге жуан буыннан кейін **-ар**, жіңішке буыннан кейін **-ер** жалғанады да, дауысты дыбысқа біткен сөзге **-р**, етістіктің болымсыз тұлғасынан кейін **-с** жалғанады.

3) **-мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек** жұрнақтары арқылы мақсатты келер шақ есімше жасалады: *бар-мақ, кел-мек, қара-мақ, сен-бек, жаз-бақ, кет-пек, жарат-пақ* т.б. Сөздің соңғы дыбысы дауысты не ауыз жолды үнді (л, р, у, й) болса, жуан буыннан кейін **-мақ**, жіңішке буыннан кейін **-мек** жалғанады. Сөздің соңғы дыбысы мұрын жолды үнді (м, н, ң) немесе ұяң болса, жуан буыннан кейін **-бақ**, жіңішке буыннан кейін **-бек** жалғанады. Қатаң дыбысқа біткен сөзге жуан буыннан кейін **-пақ**, жіңішке буыннан кейін **-пек** жалғанады.

Ескерту: Бұл жұрнақ етістіктің болымсыз тұлғасына жалғанбайды.

4) **-атын, -етін, -йтын, -йтін** жұрнақтары арқылы ауыспалы өткен шақ есімше жасалады: *бар-атын, кел-етін, қара-йтын, сөйле-йтін* т.б. Дауыссыз дыбысқа біткен сөзге жуан буыннан кейін **-йтын**, жіңішке буыннан кейін **-йтін** жалғанады.

Бұл жұрнақ құранды қосымша **-тын, -тін** бөлегі *тұрған* деген көмекші етістік болған да, ол **-а, -е, -й** тұлғалы көсемшемен тіркесіп қолданып, біртіндеп қосымшаға айналып кеткен: *баратын* деген сөз о баста *бара + тұрған* болған да, кейін *баратұғын* болып, одан *баратын* болып қалыптасып кеткен.

Есімше тұлғаларына *емес, жоқ* сөздері тіркесіп, болымсыздық мағына беріледі: *барған емес, баратын емес, барар емес, бармақ емес. Жоқ сөзі -ған, -ген, -қан, -кен* тұлғалы есімшемен ғана тіркеседі: *барған жоқ.*

245-жаттығу. Қарамен жазылған есімшелердің қандай жұрнақтар арқылы жасалып тұрғанын және олардың мағынасын түсіндіріңдер.

Үлгі: **есімше** — түсінгенге: *түбірі* — түсін, **-ген** — есімшенің *жұрнағы*, *өткен шақты білдіреді*, **-ге** — *барыс септігінің жалғауы.*

Түсінгенге сөздерім,
Құлағына хат **болар**.
Түсінбейтін жаманға,
Мал қимайтын сараңға,
Айтқаның мен **айтпаған**
Бәрі бірдей сап **болар**.
Қалағандарың сөз болса,
Мен жырлауға дайынмын.
Көріліктің белгісі —
Көңілдің қошы **келмеген**.

Жалғыздықтың белгісі —
Өзіне-өзі **сенбеген**.
Сақилықтың белгісі —
Халықтың қамын **көздеген**.

(Ақтан Керейұлы)

246-жаттығу. Құрамында есімше кездесетін бес сөйлемнен тұратын мәтін құрастырындар. Есімшелерге тұлғалық талдау жасаңдар.

247-жаттығу. Жаңылтпаштардан есімшелерді тауып, жұрнақтарын дефис арқылы бөліңдер.

Жаңылтпаштар

1. Етігімнің басы
Қайқаяр, қайқаймас,
Қайқаяр, қайқаймас.
2. Ол алқапты олар оар,
Бұл алқапты бұлар оар.
Орал ормаса, Омар оар.
3. Айыр атынды жүк қартайтар,
Семіз қойды май қартайтар.
Күйгелек менің атамды —
Жас қартайтпас, ой қартайтар.

§ 52. КӨСЕМШЕ

 Көсемше де — етістіктің ерекше түрі. Есімше сияқты көсемше де екі түрлі мәнде, екі түрлі қызметте қолданылады. Бірде жіктеліп келіп немесе күрделі етістіктің негізгі етістік сыңары көсемше тұлғасында келіп, көмекші етістік жіктеліп, қимылды, іс-әрекетті белгілі бір шаққа байланысты білдіреді де, сөйлемнің баяндауышы қызметін атқарады. Мысалы: *Қораның төбесі ашылып қалыпты.* (М. Әуезов) — Анау өрмекшіні

көресің бе, не істеп жүр? — Көремін, өрмек тоқып жүр. (Ы. Алтынсарин) Берілген сөйлемдердегі *ашылып қалыпты, көресің, көремін* деген етістіктер көсемше тұлғасында (**-ып, -е** жұрнақтары) жіктеліп келіп (III жақта **-ты, II жақта -сің, I жақта -мін**), іс иесінің қимыл-әрекетін белгілі бір шаққа байланысты білдіреді: *төбесі* (яғни ол — III жақ) *ашылып қалыпты* — өткен шақ, *сен* (II жақ) *көресің* — ауыспалы осы шақ. Сондай-ақ сөйлемдегі *ашылып қалыпты, істеп жүр, тоқып жүр* деген күрделі етістіктердің алдыңғы негізгі етістік сыңары да — көсемше тұлғалы етістіктері іс иесінің қимыл-әрекетін білдіріп тұр, қимылдың негізгі мәнін осы негізгі етістіктер (*ашылып, істеп, тоқып*) білдіріп тұр, көмекші етістіктер (*қалыпты, жүр*) жаңағы негізгі қимылдың шағы (біріншісі — өткен шақ: *қалыпты*, оны білдіріп тұрған **-ып** көсемше жұрнағы, екінші мен үшіншісі — нақ осы шақ) мен қимыл иесінің жағын (үшеуі де — III жақ — ол) білдіріп тұр. Бұл — көсемшенің етістікке қатысты сипаты.

Көсемше сонымен бірге кейде қимыл, іс-әрекеттің тура өзін білдірмей, оның амалын, сынын, себебін, мезгілін, болу мақсатын білдіріп, үстеу мәнінде жұмсалады. Мысалы: *...Түбімнен қатты ұрып, жемісімді жерге түсіріп алып жейді.* (Ы. Алтынсарин) *Абай да, Жұмабай да қызыға тыңдасты.* (М. Әуезов) *Төр үйдің пешін жапқалы Назыкеш төбеге шығып еді.* (Ғ. Мүсірепов) *Көзінде жайнай жанған от білінді.* (М. Әуезов) Берілген сөйлемдердегі *түсіріп алып, қызыға, жапқалы, жайнай* деген көсемше тұлғалы етістіктер қимылдың, іс-әрекеттің нақ өзін емес, оның (қимылдың) амалын, сынын, мақсат-себебін білдіріп тұр: қалай жейді? — *түсіріп алып*, қалай тыңдасты? — *қызыға*, неге, не мақсатпен шығып еді? — *жапқалы*, қалай жанған? — *жайнай*.



Сөйтіп, бірде жіктеліп келіп немесе күрделі етістіктің құрамында (негізгі етістік болып) қимыл, іс-әрекетті білдіріп, екінші бірде қимыл, іс-әрекеттің өзін емес, оның әр түрлі сипатын, амал-сынын, себеп-мақсатын, мезгілін білдіріп, екі түрлі мәнде (бірі етістік мәнінде, екіншісі үстеу мәнінде) қолданылып, екі түрлі қызмет атқаратын етістіктің ерекше түрін **көсемше** дейміз.



248-жаттығу. Суретке қарап, жазғы тау көрінісі туралы мәтін құрандар. Мәтінге ат қойындар. Қандай етістік түрлерін қамтыдыңдар? Көсемшелер бар болса, астын сызындар.

249-жаттығу. Көсемшелерді көмекші етістіктермен тіркестіріп, күрделі етістік жасаңдар.

Үлгі: *жүгіре жөнелді, жүгіріп келеді, жүгіргелі тұр.*

Жүгіре. Айтып. Тауып. Күрескелі. Қарап. Санай. Алып. Көргелі.

250-жаттығу. Мақалдардан көсемше тұлғалы етістіктерді тауып, олардың қандай жұрнақтар арқылы жасалып тұрғанын айтыңдар.

1. Ақылсыз адам айқайлай келеді,
Жан-жағын жайпай келеді.
Ақылды адам жай-жай келеді,
Жан-жағын байқай келеді.
2. Сыпайы киімді киіп тоздырады,
Сараң киімді жиып тоздырады.
3. Адамды өмір үйретеді,
Үйренбесе күйретеді.

4. Жолға шықпай тұрып, жолдасыңды сайла.
5. Сыпайы сызып айтады,
Шешен қызып айтады.
Шорқақ үзіп айтады,
Жаман бұзып айтады.

251-жаттығу. Мәтінді түсініп оқыңдар. Көсемшелерді теріп жазып, олардың жұрнақтарын түбірден дефиспен бөліңдер.

Созылар сөздің үзіле бастағанын сезіне қойған Тілеуімбет би сөйлеп кетті. Сөзшең екен. Орағытып, оспақтап, мақалдап, мәтелдеп келіп, аяғында шамданып, күш көрсетіп қалды:

— Қазақ қазақ болғалы,
Өз алдына ел болып,
Онаша бір конғалы,
Хандығынан айрылса —
Ел болудан қалғаны,
Бұқардан келген тай қазан —
Бәрі адыра болғаны...

Тілеуімбет осылай айбар шегіп тоқтады. Есенеі оған жауап бергісі келмей, Мүсірепке иек қақты.

— Отағасы, сіз, қашанғы хандықты, қай хандықты айтып отырсыз? Уәлихан қайтыс болғалы жиырма жылдан асып кетті. Сіз біздің елге екі рет келіп, осы тақпағыңызды екі рет айттыңыз... Тілеуімбет би Мүсірептің сөзін естігісі келмей көзін жұмып, тұнжырап қалды.

(F. Мүсірепов)

§ 53. КӨСЕМШЕНІҢ ЖАСАЛУЫ МЕН ТҮРЛЕРІ

 Көсемше етістік түбірлеріне (негізгі және туынды) немесе етіс, болымсыз етістік тұлғаларына мына жұрнақтар жалғану арқылы жасалады:

1) **-а, -е, -й** жұрнақтары арқылы ауыспалы осы шақ көсемше жасалады. Дауыссыз дыбысқа біткен сөздерге жуан буыннан кейін **-а**, жіңішке буыннан кейін **-е**, дауысты дыбысқа біткен етістікке **-й** жұрнағы жалғанады: *жаз-а, күл-е, айт-а, сөйле-й, қара-й* т.б.;

2) **-ып, -іп, -п** жұрнағы арқылы өткен шақ көсемше жасалады. Дауыссыз дыбыстарға біткен етістіктерге жуан буыннан кейін **-ып**, жіңішке буыннан кейін **-іп**, дауысты дыбысқа біткен етістікке **-п** жұрнағы жалғанады: *жаз-ып, күл-іп, айт-ып, сөйле-п, қара-п* т.б.;

3) **-ғалы, -гелі, -қалы, -келі** жұрнағы арқылы көсемшенің үшінші түрі жасалады. Дауысты, үнді, ұяң дауыссыз дыбыстарға біткен етістіктерге жуан буыннан кейін **-ғалы**, жіңішке буыннан кейін **-гелі** жалғанады да, қатаң дыбыстарға біткен етістіктерге жуан буыннан кейін **-қалы**, жіңішке буыннан кейін **-келі** жалғанады: *жаз-ғалы, бер-гелі, қара-ғалы, сөйле-гелі, айт-қалы, кет-келі* т.б.;

-а, -е, -й және **-ып, -іп, -п** тұлғалы көсемшелер жіктеледі де, **-ғалы, -гелі, -қалы, -келі** тұлғалы көсемшелер жіктелмейді. Көсемше тұлғасына көптік, септік, тәуелдік жалғаулар жалғанбайды.

252-жаттығу. Көсемшелерді теріп жазып, тұлғалық талдау жасандар.

Белес басына шыққанда, жұрт киімдерін желпісіп, бір көтеріліп қалды. Пысық жігіттер той мерекесін өткізудің тәртібін кеңесіп жатты: алдымен бәйгенің аттары жіберіледі. Аттың шабатын межесі Ала-көлдің арғы белесіндегі қара жол болады.

— Ау, қара жолдың осы арадан он бес шақырым екенін білесіндер ме? Мына ыстықта ат жазым болмай ма? — деп айтқандар болып еді.

— Шаппай бәйге алайын деп пе едің? Он бес шақырымсыз аттың бауыры жазылмайды, — деп атына сенгендер киіп кетті. Сақадай іріктелініп жиырма ат шықты. Он бес-он алтыдағы балалар бастарына ақ орамал байлап алып, жүйріктердің басын шұлғытып, жеке топтың қатарына қосылып жатты.

(Б. Майлин)

* Мәтінге ат қойындар. Қазақтың ұлттық ат ойындарын атандар.

253-жаттығу. Көсемшелерді тауып, сұрақ қойып, сөйлемде қандай мүшенің қызметін атқарып тұрғанын айтындар.

Адам тығыз болғандықтан, түрменің іші ысып кетеді. Бірақ терезені ашқызбайды. Бөлменің ауасы да тазартылмайды. Қарауыл солдат тәуір болса, терезенің алдынан жақындарымыз өткенде, аман-дасып, сөз қатысып қаламыз.

Мен терезеден көп қараймын. Терезенің алдына мініп алып, қарап отырамын. Терезеден көкпенбек болып қала көрінеді. Біздің терезенің қарсысындағы үйге Кременскийдің балалары көбірек келеді. Олар біздің терезеге әлгі үйдің терезесінен дүрбімен қарайды, ымдайды. Біз түсінбейміз. Кременскийді терезеге алып келеміз. Шал баласының ымына түсінеді, оны бізге баян етеді.

(С. Сейфуллин)

254-жаттығу. Ертегіні көшіріп жазып, көсемшелердің астын сызындар.

ҮШ ЖАЛҚАУ

Ертеде бірінен-бірі өткен ағайынды үш жалқау болыпты. Бар бітіретіндері бас көтермей ұйықтай беру екен.

Бірде үшеуі жолға шығыпты. Тоғай арасына келгенде, мәуелі ағаш көлеңкесіне қисая кетіпті. Бірінші жалқау:

—Е... құдай, мына өріктер піссе, — депті.

Екіншісі:

—Ауызға келіп түссе, — депті.

Сонда үшіншісі оларды міней сөйлеп:

—Түу, соны айтуға қалай ерінбейсіндер, — депті.

Пысықтауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Не себепті көсемше етістіктің ерекше түрі деп аталады?
2. Көсемше қызметі мен мағынасы жағынан үстеуге жақын келетінін мысалдармен дәлелдендер. 3. Көсемшенің жасалу жолдарын мысалдармен талдап көрсетіндер. 4. Көсемшенің түрлерін айтыңдар. 5. Көсемшенің жіктелу ерекшеліктері қандай? Көсемшенің қай түрі жіктелмейді?

255-жаттығу. Мақал-мәтелдерден етістіктің есімше, көсемше түрлерін тауып, олардың қандай жұрнақтары арқылы жасалып тұрғанын және қалай түрленгенін айтыңдар.

1. Ақылды кісі азбайды,
Асыл бұйым тозбайды.
2. Ақылды адам арын қорғайды,
Сараң адам малын қорғайды.
3. Білмегенді кісіден сұра,
Үлкен болмаса, кішіден сұра.
4. Оқып сөйлеме,
Көңліңе тоқып сөйле.
5. Сауатсыздың сөзіне сүрініп құлайсың.
6. Көре-көре көсем боласың,
Сөйлей-сөйлей шешен боласың.

§ 54. ТҰЙЫҚ ЕТІСТІК

Тұйық етістік — етістіктің ерекше түрі. Мағынасы жағынан ол қимылдың, іс-әрекеттің атын білдіреді де, шақпен де, жақпен де байланысты болмайды. Сөйтіп, тұйық етістік қимылдың, іс-әрекеттің атауы ретінде қолданылады да, етістік тұлғаларына тән шақтық мағынаны да, жақтық мағынаны да білдірмейді.

Тұйық етістік етістіктің негізгі және туынды түбіріне, етіс және болымсыз етістік тұлғаларына -у жұрнағы жалғану арқылы жасалады. Мысалы: *сұра-у, жүр-у, бар-у, шегеле-у, айт-қыз-у, сөйле-с-у, кел-ме-у, бөге-ме-у*. Бұл сөздер сұрау, жүру, бару, шегелеу, айтқызу, сөйлесу, келмеу, бөгемеу қимыл, іс-әрекеттерінің атын білдіріп, солардың атауы болып тұр. Сондықтан да тұйық етістік заттық мағынада, зат есім мәнінде жиі қолданылады. Тіпті тұйық етістіктердің кейбірі белгілі заттың, көбіне құралдың атын білдіріп, зат есім болып кеткен. Тілімізде *көсеу* (отты, шоқты көсейтін темір), *сабау* (жүнді сабайтын шыбық) *егеу* (темірді егейтін құрал), *жасау* (қызға жиналған дүние-мүлік), *қашау* (ағашты тесетін, жонып, қырнайтын құрал), *тұсау* (малдың алдыңғы екі аяғын бекітетін есілген жіп), *ою* (ойып салынған өрнек) сияқты зат есімдер тұйық етістіктен жасалған. Мысалы: *Көсеу ұзын болса, қол күймейді*. (Мақал) Тұйық етістік зат есім сияқты түрленеді.

Тұйық етістік тікелей септеле де, тәуелдене де алады, бірақ жіктелмейді. Тұйық етістікке көптік жалғауы жалғанса, одан кейін тәуелдік жалғауы жалғанып қолданылады. Сөйтіп, зат есімдерше түрленіп, шақпен де, жақпен де байланысты болмай, қимылдың, іс-әрекеттің атын білдіретін етістіктің ерекше түрін **тұйық етістік** дейміз.

256-жаттығу. Көшіріп жазып, тұйық етістіктердің астын сызындар.

Тегінде қай мамандық саласында жүрген адам болса да, шын интеллигент дәрежесіне жету үшін әдебиетті білу — жалпыға ортақ шарт. Әр адамның жақын досы — бала күннен өмір досы — кітап болған-ды. Сол нәрлі достық ең әуелі әдебиет кітабымен достасудан басталады.

...Жұрт көбінше орыс тіліндегі әдебиетті оқиды. Өзінің интеллигенттік қалпын, мән-дәрежесін сол әдебиетті оқу, білу арқылы қалыптайды.

Екі тілдің мәдениетін бойға сіңіру ол адамды кең тынысты етеді. Молырақ жағынан кеңірек көрсетіп, қос қанатты көреген ете түседі... Екі тілдей ана тілін білу екі тел өскендей екі жақты, егіз екі нәр, қасиет, қуат береді.

(М. Әуезов)

257-жаттығу. Тұйық етістіктерді тауып, қандай тұлғада тұрғанын ажыратындар, зат есім сияқты түрленуіне назар аударындар.

Үлгі: сую — атау септікте.

МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР

1. Отанды сую от басынан басталады.
2. Аяққа кісен салуға болар,
Тілге кісен салынбас.
3. Жақсының қасиеті — жарастыру,
Жаманның қасиеті — таластыру.
4. Орынсыз ашу — от шашу.
5. Уәдені бұзу ұяны бұзумен тең.

258-жаттығу. Берілген сөздерді әрі тұйық етістік ретінде, әрі зат есім ретінде қолданып, әрқайсысына екі сөйлем құраңдар.

Жалғау. Көсеу. Құрсау. Оқу. Басу. Жабу.

§ 55. ТҰЙЫҚ ЕТІСТІКТІҢ ЕМЛЕСІ

1. Дауыссыз дыбыстарға біткен етістіктерге тұйық етістің -у жұрнағы дауысты болып жалғанады: *бар-у, қайт-у, көр-у, кел-у*. Дауысты дыбыстарға біткен етістіктерге тұйық етістіктің -у жұрнағы дауыссыз болып жалғанады: *ойна-у, сөйле-у, барма-у, келме-у, сана-у*.

2. Дауысты **ы, і** дыбыстарына біткен етістіктерге тұйық етістіктің -у жұрнағы жалғанғанда, түбірдің соңындағы *ы, і* дыбыстары жазылмай, *у* дыбысының құрамына еніп кетеді де, ол (*у*) дауысты дыбыс болып есептеледі. Мысалы: *оқы + у = оқу, тасы + у = тасу, кемі + у = кему, ері + у = еру*.

3. Қатаң **п, қ, к** дыбыстарына біткен етістіктерге тұйық етістіктің -у жұрнағы жалғанғанда, түбір соңындағы *п* дыбысы *б*-ға, *қ, к* дыбыстары *ғ, г* дыбыстарына айналады. Мысалы: *ақ + у = ағу, кеп + у = кебу, тап + у = табу, үк + у = үгу, ық + у = ығу*.

259-жаттығу. Тұйық етістіктерді тауып, олардың қандай септіктерде тұрғанын ажыратындар.

Үлгі: *ұнауымен* — *ұнау* — тұйық етістік, *-ы* — тәуелдік жалғауы, *-мен* — көмектес септігінің жалғауы.

Сөздің асыл болуы — адамға ұнауымен. Сөз мағына жағының күштілігімен, көркемділігімен ұнайды. Сөйлеудің екі түрі болады: бірі — жалаң, екіншісі — көрнекі. Сөйлеуді осы екі түріне қарай ажыратамыз. Көрнекі сөйлеуді жырлау-толғау дейміз. Жырлау-толғауда айтылатын көрнекі, әсерлі сөзді дарынды сөз деп айту қолайлы.

(А. Байтұрсынов)

260-жаттығу. Тұйық етістіктерді тауып астын сызындар.

1. Тілді қадірлеу дұрыс сөйлеуден басталады. (F.M.) 2. Қой бағу — қиын кәсіп. («Д.д.») 3. Бұл — әнге, ерлікке бас ию. (I.Ж.) 4. Өзім де басқа шауып, төске өрледім. (A.) 5. Салт аттылардың үстеріндегі қарды қағуға жігіттер көмектесіп жатыр. 6. Әдебиет кітаптарын төселе оқу керек, сүйіп оқу керек. (Б.Бұлқышев) 7. Сөз тауып жеткізу керек. (А.Лек.) 8. Байдың бәйбішесі қызына іс тігуді үйретпекші болыпты. 9. Ол жіптің ұшын түюді ұмытып кеткен екен. (Ертегі)

261-жаттығу. Берілген мақал-мәтелдерде тұйық етістікті сөздердің қандай өзгерістерге ұшырағанын айтындар.

1. Қылышыңды қынабынан шығарма, шығарсаң — шауып жібер. 2. Көрген кісі бар жерде естушінің керегі жоқ. 3. Өгіз өлуді сүймейді, адам сөгуді сүймейді. 4. Тауып сөйлесең күміссің, таппай сөйлесең мыссың. 5. Сөйлегің келсе, алдымен тыңдаушыңды тауып ал. 6. Арыстан айға шауып мерт болыпты. 7. Дана тауып айтады, надан қауып айтады. 8. Кеме жасаушы — етік тігушіге таң қалыпты. 9. Кірмей тұрып — шығуыңды ойла. 10. Еріншек асқа десе — сауығады, іске десе — ауырады.

§ 56. ЕТІСТІКТЕН ӨТКЕНДІ ҚАЙТАЛАУ

262-жаттығу. Етістіктерді тауып, олардың нешінші жақта қалай жіктеліп тұрғанын айтындар.

Сонан бері қарай хабар жоқ. Тірі жүр ме, өліп қалды ма, оны біз білмейміз. Ұлымнан жәрдем болмаса, өз бетіммен борыштан құтыла алар емеспін. Байдың қолынан босанып шығамын деген үмітім

жоқ. Тұрған тұрмысымыз ит қорлығында. Анда-санда болмаса, тоя тамақ жемейміз. Киім-кешекке жарымаймыз. Есік-терезесі жоқ суық қорада тұрамыз. Бұл тұрмыстағы адам жалғыз мен емеспін. Мен секілді нашар тұратын адамдар Тегеранда толып жатыр.

(С. Шарипов)

263-жаттығу. Негізгі етістік пен көмекші етістікті тауып, олардың мағыналық ерекшеліктерін айтындар.

Үдере көшкен көп ауыл Айтақырға жеткенде, түн ортасы ауды. Жалпақ ел жайлау жұртынан жырылып, теріскей асып, жөңкіліп келеді. Жан азып, мал титықтағанда ғана аяқ суытады. Әр жұртта қалып жатқандар мен өліп жатқандар көбейді. Оның үстіне елсіз өмірдің аш қасқырлары түн баласына тыным бермейді.

Қалың көш Айтақырға тоқтады. Күн ұзын тынымсыз қыбырлаған жұрт тұрған-тұрған жерлеріне жығыла кетті. Біреуді-біреу біліп болмайды. Үрке безіп, ыдырай тозып келе жатқан көштің ас-суы да тапшы. Қолдарына найза, сойыл, айбалта, қылыштарын ұстаған ер адамдар кейін қалды. Олар ашқарақтана ұмтылған жауға тосқауыл болып келеді.

(С. Сматаев)

264-жаттығу. Есімшелерді бір бөлек, көсемшелерді бір бөлек теріп жазындар.

Он шақты жыл бұрын үлкен балам жұмыс іздеп, Мазандаранға барған. Ұзақ уақыт жұмыс таба алмай жүріпті. Аштан өлуге таянғанда, бір жақсы адамдарға кездесіпті... Балам біраз ақша тауыпты. Ойындағы мақсаты: тоқсан түмен ақша жинап алып, менің борышымды төлеп, басымды босатпақ. Бір айдан соң жалақысын алып, бізді көшіріп әкетуге Тегеранға келді.

(С. Шарипов)

265-жаттығу. Қарамен жазылған сөздердің тұлғаларын ажыратып, морфологиялық талдау жасандар.

Балаларымды ойыншық дүкеніне ертіп әкелдім. Мол дүниенің ішіне **кірген** соң, ұлдардың **есі шығып кетті**. Машина, бульдозер, көтергіш кран... Бронеотранспортер, ракета, ұшақ... Аю, жолбарыс, арыстан, маймыл, тасбақа, құрбақа... Бірін алды, екіншісін тастады. Ақыры тандап **тоқтасты**. Қолтықтарына бір-бір автоматты қысып алған. «Осыны алдық», — деп еңтігіп тұр. Мен бұлардың әдетін жақсы білемін. Дәл осындай екі автоматты **қыстығүні** ғана әпердім. Бірі қашып, бірі қуып тура екі күн атысқан. Әбден берекемізді **кетірген**. Үшінші күні автоматтың батареясы таусылған соң ғана тыныш тапқанбыз.

— Автоматты алмайсыңдар! — деп кесіп айттым. Қолайлы ойыншық іздедім. Екеуі автоматтарын құшақтаған күйі қыңқылдап соңымда жүр.

— Енді бұзбаймыз, ақымақ болмаймыз, — дейді.

(М. Мағауин)

ҮСТЕУ

§ 57. ҮСТЕУ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Тілімізде кимылдың, іс-әрекеттің әр түрлі белгісін, амалын, тәсілін, мекенін, мезгілін, себебін, мақсатын т. б. сипаттарын білдіретін сөздер **үстеу** деп аталады. Мысалы: *Ескі Еділ ерді көрген бұрын талай.* (И. Б.) *Ауыл ілгері көшті. Көзіңді ашып-жұмғанша, жылдам хабар алғызды.* (Ы. А.) *Жоғары-төмен үйрек-қаз ұшып тұрса сымпылдап.* (А.) *Ішім өлген, құр денем сау, Босқа үрейім жүр менің. Жарамайды бекер алдау. Теңің емес мен сенің.* (А.)

Берілген мысалдардағы *бұрын, талай, ілгері, жылдам, жоғары-төмен, босқа, бекер* деген

сөздердің мағынасына, тұлғалық, ерекшеліктеріне назар аударып қарайық. *Бұрын* сөзі көру іс-әрекетінің болған мерзімін, іске асу мезгілін білдіріп, **қашан?** деген сұраққа жауап беріп тұр (қашан көрген?). *Талай* сөзі көру іс-әрекетінің мөлшерін білдіріп, **қанша?** (немесе **қалай?**) деген сұраққа жауап беріп тұр (қанша көрген?). *Ілгері* сөзі көшу қимылының мекенін (бағытын, орнын) білдіріп, **кайда?** деген сұраққа жауап беріп тұр. *Жылдам* сөзі хабар алғызу қимылының амалын білдіріп, **қалай?** деген сұраққа жауап беріп тұр (қалай хабар алғызды?). *Жоғары-төмен* қос сөзі *ұшып тұру* қимылының әрі амалын, бейнесін, әрі мекенін білдіріп, **қалай?** деген сұраққа жауап беріп тұр (қалай ұшып тұрса?). *Босқа* сөзі жүру қимылының себеп-мақсатын, амалын білдіріп, **қалай?** немесе **кайтіп?, не себепті?** деген сұраққа жауап беріп тұр (кайтіп... жүр?). *Бекер* сөзі алдау іс-әрекетінің себебін білдіріп, **қалай?** деген сұраққа жауап беріп тұр (қалай алдау?).

Сөйтіп, бұл сөздердің қолданылуында мынадай ерекшеліктер байқалады. Біріншіден, мысалдардағы талданған сөздер қимылды, іс-әрекетті білдіретін сөздермен, яғни етістіктермен тіркесіп жұмсалған. Екіншіден, олар етістіктердің, яғни қимылды, іс-әрекетті білдіретін сөздердің әр түрлі белгісін, қасиетін (мекенін, мезгілін, амалын т.б.) білдіреді. Бірақ сөйлемде ондай мағынада қолданылған сөздердің бәрі бірдей үстеу бола бермейді. Мысалы: *Тастан түлкі табылар аңдығанға.* (А.) *Еділ үшін егестік.* (М.) *Аспандап ұшқан қызғыш құс!* (М.) *Құсалықпен өтті ғой, Махамбеттің көп күні!* Бұл сөйлемдердегі *тастан* (қайдан?) табылу іс-әрекетінің мекенін, *Еділ үшін* (не үшін?) егесу қимылының мақсатын, *аспандап* (қалай?) ұшу қимылының амалын білдіріп тұр. Сөйте тұрса да, бұлар үстеу бола алмайды.

 Сөйлемде қимыл, іс-әрекеттің, сын-сапаның әр түрлі белгілерін, сипатын, жай-күйін білдіретін, өзгертуге, грамматикалық тұлғалармен түрлендіруге көне бермейтін сөздерді үстеу деп атайды.

266-жаттығу. Көшіріп, үстеулерді табындар. Сұрақ қою арқылы олардың қай сөзге қатысты екенін анықтандар.

Үлгі: биыл — *қашан алғаны?*

Биыл Әлімнің Жарасов мәслихаты бойынша машинаға алғаны — Қожахмет. (М. Ә.) Ол ауыл жартылай көшіп, Шақпаққа қонған. (М. Ә.) Еділден асып айқара, Зулатты мені отарба, Жорғадайын шайқала. (Ж.) Арагідік үйдегі бала-шағасын елестетіп, іші қан жылайды. (М.Сқ.)

267-жаттығу. Үстеулерді тауып, сұрақ қою арқылы қандай мағына білдіріп тұрғанын көрсетіндер.

Үлгі: бүгін — *қашан аттанған?*

Бүгін таңертең алакөбеңнен аттанған шолғыншылар қамал іші әдеттегіден өзгеше жым-жырт екенін аңғарыпты. Қазір ойлап отырса, дәл сол мезетте бұл есеңгіреген кісіше орта жолда сілейіп қатып қалса керек. (М. Сқ.) Есейген сайын көз алдым ашылып, жүрген сайын көкжиек әрі жылжып өте береді. (Ү. Уайдин) Ұйықтап кетсе, біраз тыным табар еді, бірақ қасақана соңғы күндері түн баласында көзін іліндіре алмай әлек. (Ө. Қанахин)

268-жаттығу. Үстеулерді тауып, сұрақ қою арқылы қандай мағына білдіріп тұрғанын көрсетіндер.

Үлгі: қатты — *қалай жүрген?*

Ақ күріштің атасы Ыбыкең қатты жүрген молотилканың жем берушілеріне өзі жәрдемдесіп, өзі

де араласып кетеді. Бункеріне құйылған дәнді әрен тазартып, қырманның қорына әкеліп, үздіксіз қосып жатыр. Ағаш шанасын сүйретіп, таудай маяларды көшіріп жүрген тракторлар әлсін-әлсін келіп, қайта оралып кетіп жатыр.

Қызулы еңбекке бас-көз болып тұрған Ыбекенді біресе председател, біресе агроном шақырып, түскен өнімнің алғашқы қорытындысын айтқалы жатыр.

269-жаттығу. Ертегіні көшіріп жазып, үстеулердің астын сызындар.

ОЛАҚ ҚЫЗ

Ертеде бір байдың бойжеткен қызы болыпты. Біраз жасқа келсе де, ол көк инені көктей шаншуды білмейді екен. Бұған намыстанған байдың бәйбішесі жұрттың көзінше қызына іс тігуді үйретпекші болып, жіп, ине беріпті.

Қыз инеге жіпті сабақтап, матаға шаншып алып, тарта беріпті, тарта беріпті... Біраздан соң дымы құрыған қыз «Жеттім-ау!» — деп тартып қалса, жіптің екінші ұшы зып ете қалыпты. Сөйтсе, ол жіптің ұшын түюді ұмытып кеткен екен.

Міне, осыдан бастап, жұрт оны «Олақ қыз» деп атапты.

§ 58. ҮСТЕУДІҢ ҚҰРАМДЫҚ ТҮРЛЕРІ

Үстеулер құрамына қарай **негізгі үстеулер, туынды үстеулер және күрделі үстеулер** болып үшке бөлінеді.

I. Негізгі үстеулерге қазіргі кезде құрамы жағынан түбір және қосымшаға бөлшектеуге келмейтін үстеулер жатады. Мысалы: *жылдам, тез, ақырын, ерте, кеш, бұрын, жота, жоғары, төмен, қазір* т.б.

Негізгі үстеудің көпшілігіне сын есім шырайының **-рақ, -рек, -ырақ, -ірек** және **-лау, -леу, -дау, -деу, -тау, -теу** жұрнақтары жалғана алады. Мысалы, *жылдам — жылдамырақ, жылдамдау (жүр), тез — тезірек, тездеу (бер), ілгері — ілгерірек, ілгерілеу (отыр), кеш — кешірек, кештеу (кел)* т.б.

II. **Туынды үстеулерге** жұрнақ жалғану арқылы және кейбір септік жалғауларының түбірмен сіңісіп, көнеленуі арқылы жасалған үстеулер жатады.

Туынды түбір үстеу тудыратын жұрнақтар:

1) **-ша, -ше:** *адамша* (сөйледі), *балаша* (күлді), *бұлбұлша* (сайрады), *көзінше* (айтты), *өзінше* (оқыған) т.б.;

2) **-лай, -лей, -дай, -дей, -тай, -тей:** *шикілей* (әкелді), *қыстай* (дайындалды), *осылай* (жаз), *ақшалай* (берді) т.б.;

3) **-дайын, -дейін, -тайын, -тейін** (бұл — **-дай, -дей, -тай, -тей** және **-ын, -ін** қосымшаларынан құралған құранды жұрнақ): *тотыдайын* (таранған), *сұңқардайын* (сыланған), *бұлақтайын* (сарқырап), *жорғадайын* (шайқалып) т.б.;

4) **-шама, -шеме** (-ша + ма, -ше + ме) және **-шалық, -шелік** (-ша + лық, -ше + лік) құранды жұрнақтар: *осыншама* (сөйледі), *соншалық* (қуанды), *осыншалық* (жүру) т.б.;

5) **-майынша, -мейінше, -байынша, -бейінше, -пайынша, -пейінше** құранды жұрнақтар: *айтпайынша* (келмейді), *оқымайынша* (білмейді), *тыңдамайынша* (түсінбейді) т.б.

Түбірмен сіңісіп, көнелену арқылы үстеу жасалған септік жалғаулар:

1) барыс септіктің көнеленуімен қалыптасқан үстеулер: *бірге* (жүр), *кешке* (қайт), *босқа* (жүрме), *зорға* (көтерді), *текке* (ұрысты) т.б.;

2) жатыс септіктің көнеленуімен қалыптасқан үстеулер: *баяғыда* (болыпты), *аңдаусызда* (сөйлеп қалды), *қапыда* (қалды) т.б.;

3) шығыс септіктің көнеленуімен қалыптасқан үстеулер: *шалқасынан* (құлады), *кеңінен* (әңгімелесті), *шетінен* (біледі), *тосыннан* (сөйледі), т.б.;

4) көмектес септіктің көнеленуімен қалыптасқан үстеулер: *жөнімен* (айт), *кезекпен* (бар), *шынымен* (ойлады), *ретімен* (жүрді) т.б.

III. Күрделі үстеулер екі я одан да көп түбірдің немесе сөздің бірігіп, тіркесіп немесе қосарланып тұрақтануынан жасалады:

1) сөздің бірігуі арқылы жасалған күрделі үстеулер: *жаздыгүні* (жаздың + күні), *таңертең* (таң + ертең), *ендігәрі* (енді + гіден + әрі), *биыл* (бұл жыл), *бүгін* (бұл + күн) т.б.;

2) сөздердің қосарлануы мен қайталануы арқылы жасалған күрделі үстеулер: *жоғары-төмен*, *анда-санда*, *жата-жастана*, *енді-енді*, *әрең-әрең*, *қолма-қол*, *бет-бетімен*, *қолды-қолына* т.б.;

3) сөздердің тіркесуі арқылы тұрақтанып қалыптасқан күрделі үстеулер: *күні бүгін*, *ала жаздай*, *ертеден қара кешке дейін*, *қаннен-қаперсіз*, *күн ілгері*, *күн ұзаққа* т.б.

270-жаттығу. Көшіріп жазып, үстеулерді тауып, оларды құрамы жағынан талдандар.

Үлгі: *әрі-беріден — қосарланған күрделі үстеу.*

Әрі-беріден кейін мылтық даусы естілгенде, үйдегілер елең ете қалды. (*Н. Әбутәлиев*) Шыдамы таусылған милиция: «Айтпасыма қоймадың ғой, қарағым, ол жігіт бағана таңға салым жан тәсілім етті», — демесі бар ма. Осынша түлей болар ма. (*М. Сқ.*) Әрлі-берлі дөңбекши беруге серіктерімді оятып алармын деп тағы қысылдым. Жастығын темір керуеттің арқалығына тақай биігірек қойып,

екі қолын желкесі астына салған күйі көзін андасанда бір ашып қойып Ахмедияр шалқасынан жатыр. (Ө. Қанахин) Ысқақты алғаш жүзбе-жүз көріп отырғаным осы. (М. Ә.) Әнеугүні келетін ақтар әскерлерінің бастығы түсіп, орнына жаңа бастық келді деп есіттік. (С. С.)



271-жаттығу. Сурет бойынша төмендегі үстеулерді кірістіре отырып, мәтін құрандар.

Кеше. Жаздай. Зорға. Байқаусызда. Биыл.

272-жаттығу. Өздерің қалаған көркем әдеби мәтіннен үстеулерді тауып, құрамына қарай талдандар.

Үлгі: биыл — *бұл* және *жыл* деген сөздерден біріккен күрделі үстеу.

§ 59. ҮСТЕУДІҢ МАҒЫНАЛЫҚ ТҮРЛЕРІ

Үстеулер білдіретін мағынасына қарай мынадай түрлерге бөлінеді: 1) мезгіл үстеуі, 2) мекен үстеуі, 3) сын-қимыл (бейне) үстеуі, 4) мөлшер үстеуі, 5) күшейту (күшейткіш) үстеуі, 6) мақсат үстеуі, 7) себеп-салдар үстеуі.

§ 60. МЕЗГІЛ ҮСТЕУІ

Мезгіл үстеуі қимылдың, іс-әрекеттің мезгілін, мерзімін білдіреді де, **қашан?**, **қашаннан?** деген сұрақтарға жауап береді. Мезгіл үстеуі етістікпен тіркесіп қолданылады. Мысалы: *бүгін келді, ертең барады, таңертең тұрады, бұрын жүрді, күні бойы дайындалды, күні-түні оқиды, жазғытұрым келеді* т.б. Мезгіл үстеулері құрамы жағынан **негізгі** я **туынды түбір** немесе **күрделі түбір** бола береді.

273-жаттығу. Мәтінді оқып, мезгіл үстеулерін атандар, сұрақ кою арқылы қай сөзбен тіркесіп тұрғанын көрсетіндер.

Үлгі: енді: *қашан тынығайық?* — **енді тынығайық.**

ЖҰМЫС

— Ал, енді тынығайық, — деді, тамақтан кейін біраз отырып әңгіме қозғаған атасы сөзін доғарып, орнынан ырғала түрегеліп, — Ертең ерте тұрып, шөпке баруым керек.

Керім де қозғалып:

— Ата, мені де ертерек, өзіңіз тұрғанда оятыңызшы! — деді өтініп. Бұған:

— Сенің қалып бара жатқан қандай шаруаң бар еді? — деп күлді атасы.

— Ертең мектепке барамын ғой?!

— Ә, айтпақшы, солай екен-ау, оның да дұрыс, — деді атасы Керімді қоштап. — Жарайды, оятайын.

— Қарағым-ау, сен қайда асығасың? — деп таңданып қалды әжесі. Әлденеге асыққан немересінің соңынан қарады. Керім артына бұрылып, түсінік берді:

— Әже-ау, ертең бірінші қыркүйек — менің оқуым басталатын күн емес пе?!

— Ә, солай ма, айналайын!.. — деп, ойға шомды әжесі. — Өтіп бара жатқан уақытты сезбейді екен-біз-ау...

Керім үнсіз қалған әжесінің көңлін аулағандай жай-жапсарды толық баяндады:

— Мана мектепке барып, Кәріма апайға сәлемдесіп қайттым. Атам ешқашан кешікпейді ғой. Мен де сабақтан кешікпейін!

— Дұрыс, балам! — деді атасы Керімді қапсыра құшақтап. — Қандай жұмыс істесең де, қайда жүрсең де тиянақты, тындырымды болып үйренгенің жөн. Ер жігіт ылғи да сергек болуы керек!..

(К. Толыбаев)

274-жаттығу. Мезгіл үстеулерін тауып, сұрақ қою арқылы қандай сөзбен тіркесіп тұрғанын көрсетіндер.

Үлгі: бүгін — *қашан кешігіп келді?* — *бүгін кешігіп келді.*

Нағашым бүгін әдеттегісінен кешігіп келді. (Ә. Дәникеев) Қасен менің басыма бұрын келмеген ойды әкеп салды. Былтырлар оның сауда обороты губерниялық тұтынушылар кооперациясынан асып кетті деген. (С. М.) Бүгін бір кез әкесімен Ұран-қайда отырғанда Әбіш сахара тіршілігінің мұны таң қалдырған бір жайын сөз қылды. Абайға әзірге әрбір сөзді ұзаққа созған жоқ. (М. Ә.) Қазір Еркебұлан сол ақ отаудың төрінде жалғыз отыр. (Ғ. М.)

275-жаттығу. Мезгіл үстеуінің құрамдық бір түріне үш сөйлемнен мысал келтіріндер.

§ 61. МЕКЕН ҮСТЕУІ

Мекен үстеуі қимылдың, іс-әрекеттің болу орнын, бағытын білдіріп, **қайда?**, **қайдан?** деген сұрақтарға жауап береді. Мекен үстеулері де негізінен етістікпен тіркеседі. Мысалы: *ілгері жүр, жоғары тартты, төмен түсті, алды-артын орады, әрі-бері жүрді, жолшыбай ала кетті* т. б.

Мекен үстеулері де құрамы жағынан **негізгі** я **туынды түбір** немесе **күрделі түбір** бола береді.

276-жаттығу. Берілген мекен үстеулерін кірістіре отырып, сөйлем құрандар.

Кейін. Алда. Бері. Жоғары. Ілгері. Төмен.

277-жаттығу. Мекен үстеулері тауып, қалай жасалғанын айтындар. Сұрақ қою арқылы тіркесіп тұрған сөзін табындар.

Үлгі: ілгері — негізгі мекен үстеуі, қайда жылжып? — ілгері жылжып.

1. Аққасқа ырылдағанда, алдында отырған Бейсембайдың жотасы мұздап, еті тітіреп кетеді, ентелеп ілгері жылжып, отқа қарай мінбелей береді. 2. Барлық аттылар жан-жаққа шаба жөнелді. 3. Аққасқа жан-жақтағы қағушылардың бәрінің де алдына қарап өтеді. 4. Көксерек жалт беріп, жоғары қарай салды. 5. Көксерек артына қарап тұрып, байқамай қалып еді. 6. Ойдан төмен құлағанда, қандай қасқыр болса да, омақасып тұмсығымен шаншыла түсуші еді. 7. Оның бейіті Ұлытаудың бөктерінде алыста қалды. 8. Құрмаш аулы мен Қасен аулының арасы жақын болатын. (М. Әуезов) Оның жан ұшырдым деген шамасы сол болу керек, іле зу еткен тас еңіске қарай құлдилап барып, канал жиегіне топ ете түсті де, бір секіріп, әрі қарай домалап кетті. (М. Қабанбаев)

278-жаттығу. Берілген мәтіннен мекен үстеулерді тауып, сұрақтарын қойындар.

1. Қарсымыздан өткінші жауын құйып кетті. (З.Иманб.) 2. Тыстан үйге ауыр ылғал иіс келеді. (Х.Ес.) 3. Тау жақтан ескен самалдың лебі салқын. (Қ.Тол.) 4. Алыстан мотор үні талып естіледі. (Ө.Күм.) 5. Бейсен Жомартпен кейін қайтты. (Ғ.Мұст.) 6. Біз жоғарыда малды ауылдардың техникамен жабдықталғанын атап өткенбіз. («Д.д.») 7. Біз ілгері жүріп кеттік. («Терб. тың дала») 8. Орталап қалған ай батысқа қарай сызылып барады. (М.Ә.) 9. Екі күннен бері жауды ілгері жібермей ұстап тұрмыз. (Б.Мом.) 10. Үшеуі әңгімемен жоғарыдан төмен түсті. (Ғ.Мұст.) 11. Таза бұлақ тасада қалмас. (Мақал)

§ 62. СЫН-ҚИМЫЛ (БЕЙНЕ) ҮСТЕУІ

Сын-қимыл (бейне) үстеуі қимылдың, іс-әрекеттің, амалын, сынын, бейнесін, тәсілін білдіріп, **қалай?, қайтіп?, қалайша?, кімше?** деген сұрақтарға жауап береді. Сын-қимыл (бейне) үстеуі көбінесе етістікпен тіркесіп жұмсалады. Мысалы: *ақырын жүрді, тез келді, бірдей сөйледі, шалқасынан құлады, балаша мәз болды, емін-еркін отырды, бостан-бос жүрді* т.б.

Сын-қимыл (бейне) үстеулері де құрамы жағынан **негізгі** я **туынды түбір** немесе **күрделі түбір** бола береді.

279-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жазып, сын-бейне үстеулерінің астын сызындар, олардың қалай жасалғанына көңіл аударындар.

Үлгі: емін-еркін — *қосарланып жасалған*.



1. Топтанып келіп жылқыға да шапты. Бірақ қоңын ойып алған, жағын сыдырып алған тай болмаса, ешбірін жығып алып, емін-еркін жей алған жоқ. 2. Қараңғы ала көлеңкеде жатқанда екі көзі қып-қызыл шамша жанады. 3. Аққасқаның жұлып кеткен екпінімен етпетінен құлаған Көксерек енді атып тұрып, тап берді. 4. Аққасқа көлденең келіп, Көксеректі құлақ шекеден ала түсті.

(М. Әуезов)

280-жаттығу. Берілген сөйлемдерді көшіріп жазып, сын-бейне үстеулерінің астын сызындар, тіркескен сөзімен байланыстырып, оларға сұрақ қойындар.

Үлгі: ақырын: — *қалай әңгімелесіп келеміз? — ақырын әңгімелесіп келеміз.*

1. Асан екеуіміз ақырын әңгімелесіп келеміз. Әрең дегенде ауылдың шетіне келіп тоқтадық. Қыз-бозбалалар еркін сөйлесіп тұр. Дереу бізді көріп, бет-бетімен үйге тарқаса бастады. (Б. М.) 2. Жай соққандай сарт етіп, әлденесі сынды да, конвейер кенет тоқтап қалды. (Ғ. Мұст.) 3. Сәуле шұғыл өзгеріп, әлдебір жоғалғаны табылғандай қуана кетті. (Ә. Ә.) Әбіш ұсынған скрипканы алған Мұқа өзінше бір күй тартып кетті. (М. Ә.) 4. Жаңбыр бірте-бірте ашыла бастады. Бұлттың арасынан күннің көзі әрең дегенде көріне бастады. (С. С.) 5. Жетімдік бұған өзінің барлық суық пішінін емін-еркін танытты. Қатал тағдыр мықты қолымен қатты ұстады. (М. Ә.) 6. Бекен өксіп балаша жылады. (Б. М.)

281-жаттығу. Берілген сөйлемдерден қимыл-сын үстеуін тауып, оларға сұрақ қойындар.

1. Жағалай-жағалай тас қойдым,

Жирен атты бос қойдым. (Жұмбақ: *Тіс, тіл*)

2. Ақын өзінің шағын кабинетінде тапжылмай отыр. 3. Екеуі бірін-бірі сағынысқан бауырларша айқаса кетті. (Ә. Көшімов) 4. Екеуіміз де үнсіз, ақырын жүріп келеміз. (А. Лек.) 5. Керей сәл ойланып қалды. (М. И.) 6. Бастықтар енді жұмыс басына жиі-жиі келе бастады. (С. Сарғ.) 7. Дәрігерлер қанымды алып, шұғыл тексеріп жатыр. (С. Омаров) 8. Су әрбір дененің өмір сүруіне тікелей қатысып отырады. (Т. Омаров) 9. Сынып есігін серпе аштым. (С. Сарғ.) 10. Күздің салқын күнінде үй адамдарының сондай отты жағалай отыратын әдеті. (С. Мұқанов) 11. Бұлардың даусы ерекше қатты шығады. (Х. Досп.) 12. Дауыс көтеріңкі шыға бастады. (Ғ. Мұст.) 13. Науаи қарт — ақынның бетіне жалт қарады. (Газ.) 14. Асқақтата шырқалған ән құлаққа анық естіледі. (А. Б.) 15. Баймағамбет келе жатқандарға маңқия қарады. (Ғ. Мұст.)

§ 63. МӨЛШЕР ҮСТЕУІ

Мөлшер үстеуі қимылдың немесе сынның мөлшерін, көлемдік дәрежесін, шама-шарқын білдіреді де, **қанша?**, **қаншама?**, **қаншалық?**, **қаншалап?** және кейде **қалай?**, **қалайша?** деген сұрақтарға жауап береді. Мөлшер үстеулері бірде етістіктермен тіркесіп, қимылдың мөлшерін, шама-шарқын білдірсе, енді бірде сын есімдермен тіркесіп, сынның мөлшерін білдіреді. Мысалы: *онша жараспайды, анағұрлым көбейді, недәуір өсіпті* дегенде етістіктермен тіркесіп, **қалай?**, **қанша?** деген сұраққа жауап беріп, ал *онша биік емес, анағұрлым үлкен, недәуір ұзын* дегенде, *онша, анағұрлым, недәуір* мөлшер үстеулері *биік* (емес), *ұзын, үлкен* тәрізді сын есімдермен тіркесіп, **қалай?** немесе **қанша?** деген сұраққа жауап беріп, сынның мөлшерін, көлемдік дәрежесін білдіріп тұр.

Мөлшер үстеулері құрамы жағынан **туынды** не **күрделі түбір** болып келеді.

282-жаттығу. Сөйлемдерден мөлшер үстеулерді табыңдар.

1. Көлемді жүк болмаса да, салмағы жағынан едәуір болатын. 2. Есігі түрулі кең үйге көктем тынысы мол кіріп тұр. (*М.Ә.*) 3. Қоңыр үйдің ішінде жасау-жиһаз шамалы екен. 4. Көңлімізді онша жабықтырғымыз келмейтін шығар. (*С.Аманж.*) 5. Оған аздап көмектесуге болады. (*С.Сарғ.*) 6. Гүлнар өзі туралы қысқа ғана сөйледі. (*Н.Фабд.*) 7. Комбатпен біраз оңаша сөз бар еді. (*Б.Мом.*) 8. Қарт мұғалима Жақыпбекке ойлы көзімен біраз қарап отырды. (*М.И.*) 9. Қораның ішінде көп жүрдім. (*«Д.д.»*) 10. Ташкенттегі университетте оқығанымда, онша қиындық көрмедім. (*С.Аманжолов*) 11. Біз соларды аралап көп жүрдік. (*С.Мұқанов*)

283-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жазып, мөлшер үстеулерінің астын сызындар. Тіркескен сөзімен байланыстырып, сұрақ қойып айтындар.

Үлгі: біраз: *қанша иіскелеп алған соң? — біраз иіскелеп алған соң.*

1. Аққасқа ізді көріп, біраз иіскелеп алған соң, тұмсығын ізден алмай отырып, жонды адырға қарай шауып жөнелді. 2. Үнемі от шашып тұратын қыпқызыл көз. 3. Аққасқа тау басында қазіргі отырыстың не мәні барын әбден түсініп, ұғынып отырған сияқты. 4. Қасымның кішкентай әлсіз басы тағдырдың бұның басына келерлік барлық соққысын түгелімен көріп шыққан. 5. Қасым әппақ болып куарып жүдеп, қабағы ылғи түйіліп, қайғы сызымен түксиіп алды. (М. Ә.) 6. Өміртайдың жылағаны да онша білінбейді. (С. М.)

284-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жазып, мөлшер үстеулерінің қалай жасалғанын айтындар. Сұрақ қою арқылы қандай сөзбен тіркесіп тұрғанын ажыратындар.

Үлгі: аз: *негізгі түбір, қалай саябырлады? — аз саябырлады.*

1. Жігіттің даусы аз саябырлады да, қақпаны қайта ашты. 2. Біз күткен поезд мезгілінен біраз кешігіп, түн ортасы ауа келді. Адам деген осыншама қиындыққа төзеді деп кім ойлаған? Түн әлі де тастай қараңғы. Күндіз ептеп жобалап қойған тас жолмен вокзалға жаяу тартып келемін: Қызылжардікімен салыстырғанда, Омбы вокзалы едәуір үлкен де салтанатты көрінді. (С. М.) 3. Құрмаштың өлгені әкесіне ерекше батып еді. 4. Әбіш азғантай қабақ шытып, кеудесінен қолын түсірді. 5. Абай көп іркілмей, осында келген шаруасын айта бастады. (М. Ә.)

§ 64. КҮШЕЙТКІШ ҮСТЕУ

Күшейткіш үстеу сынның немесе қимылдың, іс-әрекеттің белгісін я сапасын күшейтіп, я солғындатып көрсетеді. Күшейткіш үстеулер, көбінесе, сапалық сын есімдермен тіркесіп жұмсалады да, онымен тұтасып келіп, сын есімнің күшейтпелі шырай түрін жасауға негіз болады. Мысалы: *ең әдемі, тым биік, өте жақсы, аса терең, орасан зор* т.б.

Күшейткіш үстеулердің біразы етістікпен тіркесіп, **қалай?** деген сұраққа жауап беріп, қимылдың сипатын күшейте я солғындата көрсетеді. Мысалы: *мүлдем білмейді, әбден шаршаған, сәл жүріңкіре, керемет сөйлейді* т.б.

Құрамы жағынан күшейткіш үстеулер **негізгі түбірлер** болып келеді.

285-жаттығу. Күшейткіш үстеулерді тауып, қандай сөзбен тіркесіп тұрғанын және қандай мағына беріп тұрғанын ажыратындар.

1. Содан бері қысқы жүні жетіліп, өңі ажарланып, қатты құлпырып алған. 2. Осы кезде созыла шапқылаған тосушылардың барлығы да мүлдем шаршаған болатын. 3. Мұнда бүгін аса үлкен әбігер бар. Абай мен оның барлық үй іштері, іні-шәкірт, достары үшін ең қадірлі әбігер. (М. Ә.) 4. Тауық етінен жасалған бұл кеспе өте дәмді піскен екен. (С. М.) 5. Ауыл реңі мүлдем жүдеу еді. Сырт ажарында тіпті тірлік белгісі жоқ. (М. Ә.)

286-жаттығу. *Тым, аса, орасан, нағыз* және *әбден, дәл, сәл, мүлдем* үстеулерімен сөйлем құрап, ерекшеліктерін көрсетіндер.

287-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріңдер. Күшейткіш үстеулерді тауып астын сызындар.

1. Науқасы өте ауыр. 2. Досымбек науқасынан әбден айығып, ауруханадан шықты. (*С.Омаров*) 3. Қуана біліп, мұңая білмесең, тіпті жақсы! (*Ғ.Мүс.*) 4. Біздің үй — Қойтастағы ең шеткі үйдің бірі. 5. Сенің айтып тұрғаның — нағыз шындық. (*Х.Ес.*) 6. Бұл — аса жауапты жұмыс. («*Тең. тарл.*») 7. Теңіз — Атыраудың ең шалғай аудандарының бірі. («*Д.д.*») 8. Мен еңбек жолымды нағыз қиын жерден бастадым. (*С.О.*) 9. Халық аққуды кез келген шалшық көлде кездесе бермейтін аса талғампаз екендігін біліп қадірлейді. (*Ә.Жұмад.*) 10. Әкем мені өте жақсы көреді. (*А.Байт.*) 11. Өз кәсібімді мейлінше жақсы көремін. (*Газет.*) 12. Ол кезде ауылды жердегі ең зор мектеп те осылар еді. (*С.Аманжолов*) 13. Ата, маған гүл мен көбелек өте керек. («*Д.д.*»)

§ 65. МАҚСАТ ҮСТЕУІ

 Мақсат үстеуі қимылдың, іс-әрекеттің болу мақсатын білдіреді де, **қалай?, не мақсатпен?** деген сұрақтарға жауап береді. Мақсат үстеулері сан жағынан көп емес. Оған: *әдейі, жорта, әдейілеп, қасақана* т.б. сөздер жатады. Мысалы: *әдейі келдім, жорта айтты, әдейілеп шақырды, қасақана үндемеді* т.б.

288-жаттығу. Сөйлемнен мақсат үстеулі сөздерді табындар. Оған сұрақ қойындар.

1. Жанына жәйімен жайғасып әжесі отырды. 2. Мұрат інісі Досболды Ерболмен күрестіру үшін әдейі шақырды. 3. Жеңгесі той болатын күні әдейі емханаға жатып алды. 4. Куәгер есебінде шақырылған Жәнібек Гүлжанды көріп қасақана үндемеді. 5. Оның ашу-ызасын келтіру үшін ол жорта айтып тастады. 6. Тахмина ерте келіп, әдейілеп бірінші партаға отырып алды. 7. Дүкен қасақана жабылып қалыпты. 8. Оны көндіру мақсатында балмұздақты көп алып келді.

289-жаттығу. *Қасақана, әдейі, әдейілеп*, жорта үстеулерін қоса отырып, сөйлем құрастырындар. Олардың ерекшеліктерін ажыратындар.

§ 66. СЕБЕП-САЛДАР ҮСТЕУІ

 Себеп-салдар үстеуі қимылдың, іс-әрекеттің болу себебін білдіреді де, **не себепті?, неге?, қалай?** деген сұрақтарға жауап береді. Себеп-салдар үстеуіне: *босқа, құр босқа, амалсыздан, лажсыздан, шарасыздан, бекерге* сияқты сөздер жатады. Мысалы: *босқа әуре болма, амалсыздан келіп отыр, бекерге айтқансың* т.б.

290-жаттығу. Сұрақ қою арқылы мақсат және себеп-салдар үстеулерін тауып, бір-бірінен айырмашылығын көрсетіндер.

Үлгі: *әдейі: не мақсатпен (қалай) қонған? — мақсат үстеуі; амалсыздан: қалай айтқанда? — себеп-салдар үстеуі.*

1. Жаздыгүнгідей емес, ауыл үйлері біріне-бірі әдейі жақын қонған. (*М. Ә.*) 2. Қарағандыға Лизалардың тойына әдейілеп академик келді. (*С. Е.*) 3. Мана үйде бірер әнді айтқанда Балuanның даусы зор сияқты емес еді, енді амалсыздан сол әнді айтқанда, даусы дауыс емес, мөлдір судай кіршіксіз дауыс. Әдемі әнді құмарта тындаған қалың жұрт лажсыздан таң ата у-шу болып тарқады. (*С. М.*) 4. Айлакер Дэнни әр түрлі айла-шарғымен уақытты жорта оздырып, бірінші раундтағы қатты соққыдан есін әбден жиып алғысы келіп жүр. (*Джек Лондон*)

291-жаттығу. *Әдейі, жорта, амалсыздан, босқа, бекерге* деген мақсат және себеп-салдар үстеулерін қатыстырып, бірнеше сөйлем құрап жазындар.

292-жаттығу. Сөйлемдерден үстеуді табындар, олардың түрлерін ажыратындар, қай сөзбен тіркесіп тұрғанын айтындар.

Үлгі: қасқырша: *сын-қимыл үстеуі — қасқырша кезіп.*

1. Бандылар күшігін алдырған қасқырша кезіп, елдің тағы да үрейін ала бастады. Олар бүгін бір жерден көрінсе, ертең барып күндік жерден шығады. Таңертең я түнде бір ауылға жердің астынан шыға келгендей жетіп, қасқыр тигендей қатын-баласын шу еткізеді. 2. Таңертеңгі шуақ күннің ойнаған алтын шұғыласы Хамитке өте көңілді әсер етуші еді. Енді бұған өзін барасын, тез қимылдамасақ болмайды. 3. — Қане, мына отырған исполкомның нұсқаушысы болса, тысқа шықсын! — депті. 4. Былтыр аулына барғанда, шешесінің құшақтап жылағаны есіне түсті. (С. С.) Қараадыр сыртында елсізде екі үлкен ащы көл бар. 5. Аққасқыр ін маңында болады. (М. Ә.)

293-жаттығу. Сөйлемдерден үстеулерді тауып, сұрақ қою арқылы түр-түріне ажыратындар.

Үлгі: күні-түні: *қашан ұшып? — мезгіл үстеуі.*

1. Дұшпан ұшақтары қала үстінде күні-түні ұшып, бомбаларды боратып жатыр. 2. Енді бір қарасаң көк аспан қып-қызыл болып жанып жатқан сияқты. 3. Күн көзі жер анаға емін-еркін қызуын төге бастады. (Ә. Нұрмаханова) 4. Ұлжан бықсыған отты түрткілеп жандыра отырып, Күлзипаның сөзінен өзінше қорытынды жасады. 5. Ашуланған Бәкен мүлде терісіне сыймай булықты. 6. Бұл отырған жұрт тегіннен-тегін жиналған жоқ. (Б. М.)

294-жаттығу. Төмендегі үстеулер қандай сөзбен тіркесетінін және үстеудің қай түріне жататынын ажыратындар.

Төмен, енді, алды, ілгері, тұс-тұстан, анда-санда, әскерше, бүгін.

Үстеудің мағыналық түріне қарай бөліну кестесі

Үстеудің түрлері	Сұрақтары	Мысалдары
1.Мезгіл үстеуі	қашан?	бүгін, былтыр, биыл, ертең, таң-ертең,кешке, қазір, енді, ендігәрі, бұрын, күндіз, ертеден, бүрсігүні, күні бүгін, қыстай, ала жаздай, бағана, күні-түні бойы, қыстыгүні, әлгінде, таң сәріде, баяғыдан т.б.
2.Мекен үстеуі	қайда? қайдан?	ілгері, кейін, әрмен, мұнда, осында, сонда, әрі, бері, жоғары, төмен, алға, тысқары, артта, арттан т.б.
3.Сын-қи-мыл (бей-не) үстеуі	қалай? қайтіп? қалайша? кімше?	әрен, ақырын, бірден, бірге, бірте-бірте, бұрынғыша, қолма-қол, осылай, сөйтіп, өйтіп-бүйтіп, әрең-әрең, келе сала, емін-еркін, лезде, каннен-қаперсіз т.б.
4.Мөлшер үстеуі	қанша? қанша-шама? қаншалық? қаншалап? қалай? қалайша?	онша, сонша, соншалық, мұнша, неғұрлым, мұншама, соғұрлым, анағұрлым, әжептәуір, қыруар, бірқыдыру, талай, бірталай т.б.
5.Күшейт-кіш үстеуі	қалай? (қандай?)	әбден, тым, ең, ылғи, кілең, сәл, өңкей, тіпті, нақ, әнтек, мүлдем, дәл, нағыз, керемет, орасан, ерен, әрең, аса, өте т.б.
6.Мақсат үстеуі	қалай? не мақсатпен?	әдейі, әдейілеп, жорта, қасақана т.б.
7.Себеп-салдар үстеуі	не себепті? неге? қалай?	босқа, бекерге, жокқа, құр босқа, лажсыздан, шарасыздан.

§ 67. ҮСТЕУДІҢ ЕМЛЕСІ

1. Негізгі және туынды үстеулер көбінесе айтылуынша жазылады. Мысалы: *ертең, кешке, кейін, сонда, әрі, бері, төмен, бірге, әрең, талай* т.б.
2. Сөздердің бірігуінен жасалған күрделі үстеулердің көпшілігі сынарлары қалай дыбысталса, солай жазылады. Мысалы: *бүгін, биыл, қыстыгүні, жаздыгүні, ендігәрі, анағұрлым* т.б. сөздер осылайша айтылуынша жазылады. Бұлар *бұл + күн, бұл + жыл,*

қыстың + күні, жаздың + күні, ендігіден + әрі, ана + құрылым деген сөздерден біріккен. Ал таңертең (тәңертең емес), бірқыдыру (бірғыдыру емес), әлдекімше (әлдегімше емес) сияқты күрделі үстеулердің сыңарлары әрбір тұлғасын сақтап жазылады.

3. Сөздердің қайталануынан я қосарлануынан жасалған күрделі үстеулер дефис (-) арқылы жазылады. Мысалы: *тез-тез, бірте-бірте* (жүріп кетті), *жол-жөнекей* (соқты), *қолма-қол* (берді), *емін-еркін* (отырды), *күні-түні* (істеді) т.б.

4. Сөздердің тіркесуінен құралған күрделі үстеулердің әрбір сыңары бөлек жазылады. Мысалы: *таң сәріде* (тұрды), *күні бойы* (дайындалды), *ала жаздай* (ән салып) т.б.

295-жаттығу. Сөйлемдерді оқып, үстеулерді табындар. Оларды түріне қарай ажыратындар.

Үлгі: өте — *күшейткіш үстеу*.

1. Бұл өте батыр екен.

2. Екі айылын берік тартып,
Тарғын сынды батырың,
Енді атына мінеді...

3. Бұл батыр әскер басы болған соң, күн-түн жарақтанып жүрді.

4. Бұрын батыр болсаң да,
Сенің басың бұл күнде
Жерде жатқан қу тезек...

(«Ер Тарғын» жырынан)

5. Хамит қонған үйдің иесінен де, ауыл жігіттерінен де мардымды сөзге жарымай, ілгері жүріп кетті. (С. С.)

6. Сонда ақын-азаматтың туған елімен еңбектес және мұраттас замандастарымен, күні-түні бірге соққан жүрек лүпілімен талай-талай қанығасыз.

(«Қазақ әдебиеті» газетінен)

296-жаттығу. Мәтіндегі үстеулерді өздерінің тіркескен сөздерімен бірге теріп жазындар.

Үлгі: *әбден ұзап, ...*

Аяғында, ауылдан әбден ұзап шықты. Көксерек өзгелерді жіберіп, өзі бір күшік қасқырмен бөліне, оң жақ бүйірге қарай тартты. Әлі де түйе бақырады, Көксерек түйенің артына түсті. Бірақ әлі онша жақындаған жоқ. Түйе енді ақырын жүре бастады. Кейде тоқтап, алды-артына қарайды, әрлі-берлі бұрылып қозғалақтайды. Көксерек ағындай шауып, түйенің жанына жақындай, қиыс өте берді. Сол кезде түйе үстінен бір нәрсе гүрс ете түсті.

(М. Әуезов)

297-жаттығу. Мәтіндегі үстеулерді тіркескен сөздерімен бірге теріп жазындар. Үстеудің қай түрі екенін айтындар.

Үлгі: енді тым-тырыс болды — *мезгіл үстеуі*.

Түн мұнарына батқан айнала енді тым-тырыс болды. Кейіннен келе жатқан ешбір дыбыс білінбейді. Айша шабдар атты тоқтатып, артына қарады. Біраз жүрген соң, тағы да жан-жағына қарап тұрды. «Үкіжан бәйбіше қыз күнінде еркекше киініп жалғыз қашыпты. Ол бір күн, бір түн жүріпті. Таңертең ерте Тұрсекеңдікіне түскен екен». Айша ат үстінде келе жатып, осыны ойлады. «Қасқыр! Жын! Шайтан!» деген сезімдер бірін-бірі қуалап, жүрегі лезде тыпырлағандай болды. Қыңсылаған, ұлыған дыбыс енді оңынан, солынан, алдынан айнала шығып, тіпті жақындап қалған сияқты болды. Қыстыгүні екі ауылдың ортасында жаяу келе жатқан Қаранай дегенді қасқыр жеп қойғаны Айшаның есіне түсті. Таңның да ақ қанаты айқындалып келе жатты. Бұрын көзден көлегей тұрған нәрселердің бәрі көріне бастады. Жақыннан бір

оба көрінді. Айша қырындай, ақырын жанына келді. Кісі емес, обаның басында отырған бүркіт екен. Тіпті жақын көрінді. Бүркіт жан-жағына мойнын бұрып, қанатын сілкіп алды да, Айшаға қарады. Айша ішінен: «Жануар, мұны да жаңағы боздаған үн ертерек оятты-ау! Әлгі қасқырлар осыған көрінер ме еді?! Мынаны білген немелердей бола қалғанын жауыздардың!..» деп артына бұрылып қарады. Шабдар ат қымсынып селк етті. Айша бүркіттің жоғары ұшып бара жатқанын көрді. Жоғары көтеріліп, адыр-тауларға қарай жөнелді.

(С. Сейфуллин)

298-жаттығу. 1. Сөйлемдерден негізгі үстеу мен туынды үстеулерді ажыратып, олардың қалай жасалғанын айтындар.

1. Мариямды тауып алған соң, Раушан мүлдем көңілденіп кетті. (Б. М.) 2. Мейрам оңаша забойларды емін-еркін аралап жүріп, бір жерге келгенде, аялдады. (Ғ. Мұст.) 3. Кешке қарай күн аспанда ақырын жылжиды, оқтын-оқтын соғып тұрған жел қоңыр самалға айналады. (Ж. С.) 4. Өз ісінің сәті түсіп келе жатқанын сезген бала шабыттана қимылдады. Ол байырғы кетпеншілерше қимылдады. Тұрысы да мығым. Кетпенді де бір қалыпты сілтейді. 5. Қазыбек атын тебініп, төмен түсе бастады. Үнсіз қозғалған серіктері де тез қозғалды. (С. Сматаев) 6. Памирден күндіз-түні ыстық жел соғады. (З. Ш.)

2. Берілген үстеулерді қатыстырып, мәтін құрап жазындар.

Үлгі: *Мектеп оқушылары жаздыгүні егіс басына барып, ата-аналарына көмектеседі.*

Жаздыгүні, қыстыгүні, күздігүні, ендігәрі, әлдекімдерше, құсша, лезде, ақырын, әлсін-әлсін, бейберекет.

299-жаттығу. Сөйлемдерді оқып шығып, негізгі үстеулерді бір бөлек, туынды үстеулерді бір бөлек тіркескен сөздерімен бірге теріп жазыңдар.

Үлгі: **негізгі үстеулер:**
ерте

туынды үстеулер:
түнде

ӘЖЕ

Қамқа кемпір күндегісінен де ерте оянды. Таң енді бозарып келеді екен. Сипалап жүріп түнде бас жағына тастай салған пальтосын тауып алды. Қақпақты көк шелекті қолына ұстап үйден шықты. Кеше кешкісін қар қылаңдап еді, түнге қарай жаңбыр жауыпты. Қамқаның соңынан қалпағын қисайта киіп, сүт кезегінің алдын бермейтін қара бала қуып жетті. Өзі тым үйірсек. Кемпір:

— Осы сен қайда тұрасың, қарағым? — деп еді.

— Ана-ау-у жақта, — деп қалың бау ағаштарының арғы жағын сілтеді. — Апам ауру, көкем түнгі кезекте істейді. Таңертең өзім тұрамын, — дейді.

— Е, айналайын-ай, қайтесің енді, — деп кемпір оны қатты аяп кетті. Екеуі жол-жөнекей әңгімелесіп сүт сататын жерге келді. Кезекте тұрғандар біртіндеп тарасып жатты. Шуылдасқан жұрттың ара-арасымен балаға ере Қамқа кемпір де топтан шықты.

— Әже, жайлап жүріңіз, — дейді бала алдында келе жатып. Өзі тіпті көңілді.

— Әже, сүтке күнде бірге барып тұрайықшы, — дейді. Шын ықылысымен айтып тұр. Кемпір оны бұрынғыдан да жақсы көріп кетті.

(Т. Нұрмағамбетов)

Пысықтауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Үстеудің мағыналық сипаты қандай? Яғни үстеу нені білдіреді? 2. Үстеудің ерекшеліктері қандай? 3. Үстеу қандай сөз табымен тіркесіп колданылады? 4. Үстеудің құрамдық түрлері қандай? 5. Туынды түбір үстеулерді тудыратын жұрнақтарды атап, мысал келтіріңдер. 6. Үстеу тудыруда кейбір

септік жалғауларының қандай мәні бар? 7. Күрделі үстеулердің жасалуы мен емлесін айтып, мысал келтіріңдер. 8. Үстеудің мағыналық түрлері мен әрқайсысының ерекшеліктері қандай?

КӨМЕКШІ СӨЗДЕР

§ 68. КӨМЕКШІ ЕСІМДЕР

Лексикалық мағынасынан айырыла бастап, сөйлемде екінші бір сөздің жетегінде ғана қолданылатын зат есімдер бар. Мысалы: *сырт, іш, маң, тұс, алд(ы), арт(ы), аст(ы), үст(i), қас(ы)* сияқты сөздер сөйлемде екінші зат атаулының жетегінде жұмсалады: *Ауылдың жаны терең сай.* (Абай) Осындай сөздер **көмекші есім** деп аталады. Әдетте көмекші есім тәуелдік жалғауында тұрып, негізгі зат есіммен тіркесіп, сөйлемнің бір ғана мүшесі болады.

300-жаттығу. Мәтінді оқып шығып, көмекші есімдерді табындар. Оларды тіркесіп тұрған сөздерімен бірге теріп жазындар да, сөйлемнің қай мүшесі қызметін атқарып тұрғанын айтындар.

1. Қаусаған арбаның дөңгелектері кетіп, көпті көрген көне жол үстінде баяу ғана сықырлайды. Кәрі ат, қартайған адам. Екеуі жолға түсіп ілбіп басып барады. Артта қаусаған арба, алдарында күлгін-күңгірт қараңғылық. Танабай қарт ұзақ жылдар ішінде осы атқа байланысты өткен-кеткеннің бәрін есіне алып келеді.

(Ш. Айтматов)

2. Жалғыз жаяу жүріп келемін. Бір жерде отырған, киіз үйге шыққан үш-төрт ауылдың жанынан өттім. Одан бір бұйраттың ішіндегі Ілияс айтқан иесіз көлге келдім.

(С. Сейфуллин)

3. Әскери тұтқындар лагері Днепр маңындағы Хоцко селосында болатын.

(К. Қайсенов)

301-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жазып, көмекші есімдердің астын сызындар.

1. Сүт бетінде бал қаймақ. Ол — қай бал қаймақ. (Жаңылтп.) 2. Биік сүйек төсек жанында оңаша отырған Абайға есіктен кірген самал да жайлы. 3. Үй жанынан кішкене тұяқтарымен топыр салып, қозы-лақтар жүгіріп өтті. (М.Ә.) 4. Жол биік егіннің арасын бойлап келеді. (З.Иманб.) 5. Шарадағы судың түбі көрініп, мөлдіреп жатыр. 6. Шаңның ішінен серпілген қара шұбар жылан көрінді. (А.Сейдім.) 7. Аспан астында тыныштық жоқ. («Тең. тарл.») 8. Акқу мекендейтін көлдер маңын егіске жыртуға байланысты, оның саны азайып кетті. (Ә.Жұмад.) 9. Жас кезімізде дөңкиіп жатқан тастардың үстіне отыра-отыра қалатынбыз. 10. Олардың көбінің дидарын көз алдына елестетті. («Д.д») 11. Вагон іші жылы, жарық екен. (З.Иманб.) 12. Бұлардың жанында интернат болды. (С.Аманжолов) 13. Телефоншы Сәмет ағаш арасында тұрған полк штабымен сөйлесіп жатыр. (Ә.Н.)

§ 69. КӨМЕКШІ ЕТІСТІКТЕР

Етістіктер білдіретін мағынасына, соған сәйкес сөйлемде атқаратын қызметіне қарай екі түрлі: **негізгі етістік** және **көмекші етістік** болып бөлінеді. Мысалы: *Атасы он жасар ұл баласымен далада келе жатып, баласынан сұрады.* (Ы. Алтынсарин) *Әсемпаз болма әрнеге, Өнерпаз болсаң, арқалан. Сен де бір кірпіш дүниеге, Кетігін тап та, бар, қалан.* (Абай) Берілген екі сөйлемде бірнеше етістік қолданылған: *келе, жатып, сұрады, болма,*

болсаң, арқалан, тап, бар, қалан. Білдіретін мағынасы жағынан және соған (мағынасына) байланысты атқаратын қызметі жағынан бұл етістіктер бірдей емес. *Кел, сұрады, арқалан, тап, бар, қалан* деген етістіктер лексикалық мағынасы бар сөздер, сондықтан олар тікелей сұраққа жауап бере алады және сөйлем мүшесінің қызметін де атқара алады: басты қимыл — *келу, сұрау, арқалану, табу, бару, қалану: не істеп? — келе (жатып), не істеді? — сұрады, не істе? — арқалан, тап, бар, қалан* — бәрі де баяндауыш. Ал *жатып, болма, болсаң* деген етістіктердің лексикалық мағынасы толық сақталмаған: әрі *келіп*, әрі *жатуға* болмайды ғой, бұл жерде әңгіме жатуда емес, келуде. Сондай-ақ *болма, болсаң* дегендер бір жерде тұру емес. Бұлар жеке тұрып сұраққа жауап бере алмайды, сөйлем мүшесі де бола алмайды. Сөйтіп, бұл сөздер лексикалық мағынасынан айырылып, екінші сөздің жетегінде ғана қолданылады: *жатып — келе жатып, болма — әсемпаз болма, болсаң — өнерпаз болсаң* түрінде қолданылған.

Сөйтіп, жеке тұрып сұраққа жауап бере алатын және өз алдына сөйлем мүшесі бола алатын толық мағыналы етістіктер **негізгі етістік** деп аталса, өз алдына жеке тұрып сөйлем мүшесі бола алмайтын, толық мағынасы жоқ, тек негізгі етістіктермен, есім сөздермен тіркесіп қана қолданылатын етістіктер **көмекші етістіктер** деп аталады.

Қазақ тілінде етістіктердің біразы әрі негізгі, әрі көмекші етістік мәнінде қатар жұмсала береді. Жоғарыда берілген сөйлемдерде *жатып, болма, болсаң* дегендер көмекші етістік болса, *Қонақтар жатып қалыпты. Сен үйде болма. Үйде болсаң, жұмыс істе* деген сөйлемдерде олар — негізгі

етістіктер. Керісінше, *айтқым келеді. Таудан асып барады* дегенде *келеді, барады* — көмекші етістік те, *айтқым, асып* — негізгі етістіктер.

Қазақ тілінде тек екі етістік қана: *е* (еді, екен, емес), *жазда, ет, де* (деп, десе, деген, дер) көмекші етістік мәнінде пайдаланылады. Бұлар негізгі етістік болып жұмсалмайды, жұмсалса да, өте сирек қолданылады. Өйткені бұлар — лексикалық мағынасынан бүтіндей айырылып қалған етістіктер. Мысалы: *Оны әлі күнге өз ырқынан шығарған емес.* (М. Әуезов) *Асан қуанып, жұмыртқаны алайын деп еді.* (Ы. Алтынсарин) *Тәңірі қосқан жар едің сен. Жар ете алмай кетіп ем.* (Абай)

302-жаттығу. Мәтінді оқып, етістіктерді табындар, олардың қайсысы негізгі, қайсысы көмекші екенін айтып беріндер.

Үлгі: кетіп — *негізгі етістік*: бара жатқан — *көмекші етістік*.

Кетіп бара жатқан Тарғынның астындағы Тарлан ат пысқырады. Жау жақындағанда, пысқыратын әдеті ғой. Тарғын бұрылып қараса, алыста жалғыз кісі көрінеді.

Сонда Тарғын айтады:

— Ай, Ақжүніс, тағдырың менімен қосақталған жолдас едің. Тілегі табысқан мұндас едің. Әлпештеген хан қызы бола тұра, ашынған арыстандай мені таңдап едің. Жүрегім ешқашан жаудан таймаған. Осы жолы бойым тіксініп тұр. Тәңірім нендей сыбаға әзірлегенін білмеймін. Арт жағымнан жөңкіген қара бұлттай, қайнап біткен болаттай жалғыз қара көрінді. Жүре берсек, «қашып барады» дер, — деді де, атының басын бұрды. Тарғынның күш-қайратына сенетін Ақжүніс те тізгінін тартты.
(М. Мағауин)

303-жаттығу. Негізгі және көмекші етістіктерді ажыратып, олардың сөйлемдегі қызметін анықтандар.

Түсте қапырық шатырдың іші ысып кетті. Күн жеп тастаған кенеп шатырдың исі қолқаны атып барады. Қалайы кружканың қара шайын қанша ішкенімен, шөлі қанбайды. Таң атқалы далада, күннің өтінде жүрген жігіттер ыстық татқылары келіп, ысылдап-пысылдап біраз отырып еді, шыдай алмады, дастарқанды жинай бастады. Тек Құрбан ақсақал ғана сыр білдірмеді, көк шайдан бас көтерер емес. Жасы жетпістен асса да, ол шапшаң сөйлеп, шапшаң қимылдайды. Жер-жердің бәрінің атын біледі. Құрбан ақсақал келгелі картаның беті шүпірлеген жазуға толып кетті.

(Ә. Кекілбаев)

304-жаттығу. Негізгі етістік пен көмекші етістіктерге тұлғалық талдау жасап, олардың қалай түрленіп тұрғанын айтындар.

Ұйқысыз түнді дамылсыз үһлеумен өткізген Жұман бай ертерек тұрып кетіп еді. Әр қыраттың басы шоғырланған жылқы. Шапқыласқан жылқышылар екені де сезіледі. Шым-шытырық араласып кеткен көп жылқы үйір-үйірімен жіктеле алмай, шұрқырасып жүрген сияқты.

Жол соқты болып келген Игілік бұл күннің не әкеле жатқанын анықтап алғысы келгендей, айналаны түгел барлай үйінің қасында тұр. Семіз үш қара кер ат жолға түсіп алған соң құйындай жүйткіп, боратып кетті.

(F. Мүсірепов)

§ 70. ТІЛ МӘДЕНИЕТІ

 Тіл екі түрде қызмет етеді. Бірі — сөйлеу тілі, екіншісі — жазба тіл. Сөйлеу тілі мен жазба тілдің бір-бірінен үлкен-үлкен айырмашылықтары бар. Сөйлеу тілі бетпе-бет сөйлеу арқылы жүзеге

асады. Сондықтан ол көбіне диалог түрінде өтеді. Ал жазба тіл — әр түрлі жазба әдебиеттердің тілі. Ол — қолма-қол оқуға да, келесі ұрпақтардың оқып үйренуіне де, білуіне де арналатын мәңгілік мұра.

Сөйлеу тілі тікелей бетпе-бет сөйлесу арқылы және сұрақ-жауап, түсіндіру негізінде көрінетіндіктен, сөйлем құрамы да ерекше болады. Онда дауыс ырғағы (интонация), ым, ишара, бет, қол қозғалыстары да белгілі мәнде жұмсалады. Жазба тілде ойды жеткізуге себін тигізетін ондай қосалқы әдістер болмайтындықтан, сөйлем ойды нақты да толық білдіре алатындай жүйелі әрі түсінікті етіліп құрылады.

Тілдің қызметі мен ойдың айтылу мақсатына қарай сөйлем құрауда соған сәйкес сөздер, грамматикалық тұлғалар, тіркестер сұрыпталып, талданып қолданылады. Ал ойдың әсерлі, көркем болуы, тыңдаушысын, оқушысын баурап әкетуі тілде сөздердің орынды қолданылуына, көркемдегіш, бейнелеуіш құралдардың сәтті жұмсалыуына тікелей байланысты.

Әркімнің сөз қолдану ерекшеліктері әр түрлі болады. Көсіліп сөйлейтін көсем де, тандайынан бал тамған, тыңдаушысын тамсандыратын шешендер де сөйлегенде сөзді сұрыптап қолданады, сол арқылы ойын дәл де әсерлі жеткізеді. Оқушының сезіміне әсер ету үшін сөздер бейнелі мағынада, астарлы түрде, көркем мәнде қолданылады.

305-жаттығу. 1. Мәтінді түсініп оқындар. *Ақыл-білімді ауыр, оқу-ғылымды терең, адам өмірін ыстық, тәкаппардың көңлін биік деудің мәнісін түсіндіріңдер.*

БАЛА БИДІҢ БІЛГІРЛІГІ

Бала би қартайған шағында елінің игі жақсыларымен кеңесіп отырып: «Жерден ауыр не, судан те-

рең не, оттан ыстық не, көктен биік не?» — деп сұраған екен.

Бұған ешкім ауыз тұшырлықтай жауап бере алмапты. Сонда бала бидің өзі шешіп берген екен дейді:

— Жерден ауыр дегенім — ақыл-білім,
Судан терең дегенім — оқу-ғылым.
Оттан ыстық дегенім — адамның өмірі.
Көктен биік дегенім — тәкаппардың көңлі.

(«Ел аузынан» кітабынан)

2. Қай сөз ауыспалы мағынада қолданылған? Неліктен? Себебін түсіндіріңдер.

306-жаттығу. 1. Оқып шығыңдар. Мазмұнына мән беріңдер.

СЫРЫМНЫҢ ЖАУАБЫ

Сырым батыр бір сапарында Үргеніш ханына сәлем беріп барады. Сырымның батырлығын, шешендігін «ұзын құлақтан» жақсы білетін хан оны сынамақ болып, өзінің ең бір жақсы шешенімен айтыстырады. Шешен сонда Сырым батырға мынадай сұрақ қояды:

— Дау мұраты не?
Саудагер мұраты не?
Қыз мұраты не?
Жол мұраты не?

Сырым батыр сәл ойланады да, оған:

— Дау мұраты — біту.
Саудагер мұраты — ұту.
Қыз мұраты — кету.
Жол мұраты жету, —

деп жауап қайырады. Сырым батырдың тапқырлығына риза болған Үргеніш ханы оны жақсылап қонақ етіп, ат мінгізіп шығарып салыпты.

(«Ел аузынан» кітабынан)

2. Сырымға қойылған сұрақтардағы «мұраты не?» деген сөздің мәнін түсініп алындар. 3. Сырым батырдың жауабындағы айтылған нәрселердің мұраты не екеніне назар аударып, оның себебін түсіндіріңдер. 4. Сөздің әсерлілігін арттырып тұрған не деп ойлайсыңдар? *Тапқыр жауап, ішкі мағына, ұйқас, өлең* сөздерін пайдаланып жауап беріңдер.

307-жаттығу. Мәтінді оқып, мазмұнын айтыңдар. Осы мәтіннің өзіндік ерекшелігі болып табылатын тілдік құралдарды, оқиғаны нақтылы баяндауын аңғарыңдар. Мақаланың тақырыбына назар аударыңдар.

ДАНАЛАРДЫҢ ДАНАСЫ

Әлішер Науаи бабамыз 1441 жылдың 9 ақпанында Хират қаласында дүниеге келген. Ол бала кезден-ақ адамдардың назарын өзіне аударды. Біріншіден ол өте әдепті болған. Көп кітап оқыған. Зейінді болғандықтан ғазелдерді жатқа білген. Кішкентай кезінде жазған өлендеріне ұстаздары да таң қалған. Ана тілін жақсы біліп, парсы, араб тілдерін де жақсы игерген.

Ең бірінші өз ана тілінде «Хамса» (бес дастан) жазған.

Науаи бабамыздың көптеген өлең жолдары халық мақалы мен нақыл сөздеріне айналып кеткен. Мәселен:

«Тілге құрмет,

Елге құрмет», — деген өзінің сөзін Науаи бабамыздың өзі жақсы ұстанған.

Науаи бабамыздың шығармаларын оқыған сайын терең түсіне бастаймыз. Кейде өткір мағыналы шығармаларын оқығанда, бізге оның түсінігі ауыр болып жатады. Себебі, ол шығармалар бұдан бес ғасыр бұрын жазылған. Сондықтан ұлы ұстаздың: «Біл-

мегенді сұрап үйренген — ғалым» деген насихатына сүйене отырып, сұрап-сұрап үйрене береміз.

Қысқасы, ұлы ұстаздың шығармаларын дарияға ұқсатамыз... Сол үшін Науаи бабамыз елге танылып, даналардың данасы болып қалған.

(П. Момын)

308-жаттығу. Мәтінді оқып, шешендік сөздердің өміршен болу себебін түсіндіріп көріңдер.

ЖИРЕНШЕ ШЕШЕН

Бір күні хан нөкерлерін ертіп серуенге аттаныпты. Еріккен ханға ермек керек, қасына Жиреншені шақырып алып, сампылдап әңгімені соғып келеді. Күн желдеу болса керек. Бір адырдан аса бергенде, ханның алдынан жел қуған бір түп қаңбақ домалап, ұшып бара жатады.

— Уа, Жиренше, анау қайдан келеді, қайда барады екен? Сұрап келші! — деді хан.

Жиренше шауып ала жөнеледі: жетіп барып, қаңбақты камшымен ұрып тоқтатып, біраз бөгеледі де, аздан кейін қоя беріп, ханға қайтып келеді. Жел қуған қаңбақ бөгелсін бе, домалай жөнеледі.

— Уа, Жиренше, сөйлестің бе, не айтты қаңбақ? Қайдан келеді екен, қайда барады екен дөңгеленіп? — дейді хан.

— Сөйлестім, тақсыр! Сөгіп салды өзімді, — деп жауап береді Жиренше.

— Ал, айт қаңбақтың не дегенін.

— Тақсыр, соны сұрап не қыласыз?! «Желдің өтінен шықтым, ығына қарай ығып барам: желге ұшам, сайға қонам, оның несін сұрайсың? Білмеуші ме едіңдер! Ұшарымды жел біледі, қонарымды сай біледі. Осыны сұрата жіберген хан ақымақ па, сұрай келген сен ақымақ па?» — деді де, қаңбақ ұша жөнелді, тақсыр, — дейді Жиренше.

Хан ұялғанынан еш нәрсе дей алмай қалыпты.

(«Сөз тапқанға қолқа жоқ» кітабынан)

Тапсырма. 1. Рөлге бөліп (бір оқушы — автор, екіншісі — хан, үшіншісі Жиренше болып) мәнерлеп оқып шығындар. 2. Не себепті хан Жиреншені қаңбақтың қайдан келіп, қайда бара жатқанын сұрауға жібереді? Өз ойларыңды айтындар. 3. Қаңбақтың жауабын айтып, ханның ұялу себебін түсіндіріңдер.

§ 71. ЖҰРТ АЛДЫНДА СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІ

Жұрт алдында сөйлеуге адам бірте-бірте дағдыланады. Сондықтан сөйлеуге үйренудің жолдарын меңгеру әр адамға қажет нәрсе. Ол үшін, біріншіден, адам сөйлеуге өзін-өзі психологиялық жағынан дайындауы тиіс. Өз бойындағы қорқынышты, сенімсіздікті жоюдың бірден-бір жолы — сол сөздің айтылу қажеттігіне деген сенім, не айтатыныңды және не үшін айтатыныңды анық түсіну, өз ойыңды қалай жеткізетініңді жоспарлап алу.

Екіншіден, жұрт алдында сөйлейтін сөздің мағыналы, жүйелі шығуы үшін, әрине, күнделікті оқып, жинайтын ақпараттардың мәні зор. Атап айтқанда, түрлі ғылыми-көпшілік әдебиеттер, баспасөз материалдары, көркем әдебиеттер саған үлкен көмек береді. Оларды жай оқып қана қоймай, олардан қажетіңді іріктеп жазып алып отыруға, дәйек сөздерді арнайы қойын кітапшаңа түсіріп алуға дағдылансаң, ол қашан да саған сүйеніш болады. Оның үстіне, қаламмен қағазға жазғаның ойыңа жазғаның емес пе?! Өзіңнің жеке папкінде газет-журнал қиындыларын, өзіңе ерекше әсер еткен сұрақтарды, үлкен оқымыстылардан естіген сөздеріңді жинақтаудың да көмегі үлкен.

Үшіншіден, сөйлеу техникасына төселуің қажет. Оңашада айнаға қарап, өзіңнің бет-құбылысыңды байқап, дене, қол қимылдарыңды басқаруға үйренуге тырыс. Даусыңды айтатын сөзіңе қарай құбылту —



тындаушыны еліктірудің бір тәсілі. Сөзің қанша мәнді болса да, оны соған лайық әуенмен, әуезбен айта білмесең, еңбегің еш болатынын жадында ұста!

Төртіншіден, ауызша сөйлейтін сөзінді ең әуелі жазбаша құрып ал. Сонда сөзің әрі жүйелі, әрі көркем болып шығады. Бірақ, мүмкіндігінше, қағазға қарамай сөйлеуге дағдылан. Қағаздан оқып сөйлеу сөздің әсерлілігін төмендетеді.

Бесіншіден, шешендердің сөзіне үнемі құлақ түріп жүр. Өзің үлгі тұтатын достарыңның, мұғалімдеріңнің, ата-аналарыңның сөзін мұқият бақылап, жақсысын үйренуден, жаманнан жиренуден жалықпа!

Егер осы кеңеске құлақ асып, үнемі есте ұстасаң, сен де өзіңнен кейінгілер үлгі алатын шешен боларың анық. Саған табыс тілейміз, оқушым!

309-жаттығу. Міне, сен 6-сыныпты да аяқтап қалдың. Ана тіліңнің қаншама сырлы әлеміне бойладың. Осы өзің өткен тақырыптардың ішінде ерекше есінде қалған, я болмаса өзгеше ой туғызғандары болды ма? Болса, олар несімен ұнағанын ой таразысына салып көр. Ойыңды сабақ үстінде достарыңмен бөліс. Сөйлер алдында жоғарыдағы кеңесті тағы бір қайталап оқып ал.

310-жаттығу. Өздерің ұнататын өнер түрі туралы шағын шығарма жазыңдар. Мәтіндегі сөздердің мағыналы, жүйелі, әсерлі болуына көңіл бөліңдер. Биылғы өткен грамматикалық тақырыптардың пайдасы тиді ме, өзіңе есеп бер.

311-жаттығу. 5-6 оқушыдан бірігіп, өздерінді толғандыратын бір мәселе төңірегінде «Дөңгелек үстел» ұйымдастырыңдар. Мысалы: «Сыйлы оқушы деген кім?», «Егер мұғалім болсам...», «Қай оқулық ұнайды?», «Мектеп өмірі қайтсе қызықты болар еді?» т.б.

312-жаттығу. Балалар, сендер жақсы сөйлеу үшін тыңдай білудің маңызы зор екенін білесіңдер. Ендеше, мақал-мәтелдерден, шешендік сөздерден, жыраулар поэзиясынан тыңдау әдебі туралы жазылған ой-пікірлерді тауып, оларға талдау жасандар.

ЖЫЛДЫҚ ҚАЙТАЛАУ

313-жаттығу. Төмендегі сөздерді сабақты, салт етістіктерге ажыратып, екі топқа бөліп жазыңдар.

Үлгі: **сабақты етістіктер:** *оқы, ...*

салт етістіктер: *кел, ...*

Оқы, тында, кел, барла, шарла, біл, сөн, бол, шық, жаса, айт, тында, ажырат, анықта, түсір, тұр, жу, төк, сұра.

314-жаттығу. Мәтіннен зат есімдерді теріп жазып, оларды құрамына, тұлғасына қарай ажыратыңдар.

Үлгі: жүктерін — *түбірі* — жүк, -тер — жалғау, -ін — *жұрнақ*.

Ауласы бар жаңа үй Тіллаевке ұнады. Жүктерін машинадан түсіріп жатқанда Құрбанбай бір сөз айтып қалды:

— Сізге енді бір ит асырау керек, жолдас Тіллаев. Ит үйдің сәулеті болады. Сондықтан ит бағыңыз. Өзім бір өзгешелеуін тауып беремін. Тіллаевтің ит асырауға онша құлқы жоқ еді, үндемей қоя салды. Құрбанбай әйелінің қарсылығына қарамай үйдің еденін де өзі жуып, кілемді де сыртқа алып шығып, қағып-сілкіп келді.

— Ие, ие, біз тұрғанда сіз неге еден жуасыз, апа? Өзіміз қатырып тастаймыз, мен кілемді қағып-сілкім, ал сіз тамашалап қарап тұрыңыз. Бірақ бәрібір иттің ерекшесін бағу керек. Көшеден кірген адам, директор болсаң, сондай ит асыра, деп қызығатын болсын.

Құрбанбай үйдегі заттарды орын-орнына қойып болған соң да кетуге асыға қоймады. Үйдің ауласын біраз айналып жүрді. Ит байлайтын жерді өзі белгіледі.

— Жо-о-қ, Жолдас Тіллаев, иттің мәселесін бізге қалдырыңыз. Міне, иттің орны осы жер болады. Кішкентай ғана үйшік құрып берсе, иттің де жаны кіріп қалады.

— Жарайды, біз кеттік.

Құрбанбай кетті.

— Бұл адам кім? — деді Тіллаевке әйелі ол үйден шығып кеткен соң, есіктің ілгегін іліп келе жатып:

— Анығын өзім де білмеймін, гаражымызда жұмыс істесе керек. Көшуге машина сұрағанымда, завгар көмектеседі, деп қосып жіберген еді, — деді Тіллаев.

— Дұрыс адамға ұқсайды. Ширақ екен.

Ертесіне Тіллаев жұмыстан келіп жуынып жатқанда, Құрбанбай үлкен ит жетектеп келді. Ол итті баспананың ұстынына байлап, жымыды:

— Аты — Қаблан, Тіллаев ака. Адамның жақсысын дереу таниды. Сізге тез үйреніп кетеді. Ертең жақсылап үйшік жасап беріп кетемін. Ол қолын жуып келіп, жарым сағаттай отырып ит туралы әңгімелеп берді...

(Сайд Ахмад)

315-жаттығу. Төмендегі болымды, болымсыз етістіктерді қатыстырып, мәтін құрандар.

Айт, оқы, бол, ашуланба, қарама, өтірік сөйлеме, ерсі күлме, орынсыз жүрме.

316-жаттығу. Сөйлемдердегі зат есім, сын есім, есімдік, етістіктерді тауып, оларды қызметіне қарай талдандар, сөйлем мүшелеріне ажыратындар.

Жауған оқ бәсеңдеп, жым-жырт бола қалды. Енді уақыт өткізуге болмайды, ұзаңқырап кету керек. Барлық жүкті арқама асып алдым да, Аркашаны қолтықтап, дөңес жаққа жүгірдім. Жаралы Аркаша одан әрі жүре алмады. Осы арада оның кішкентай,

жеңілдігінің пайдасы тиді. Мен оны қап көтергендей, иығыма нығыта салып алдым да, алға қарай жүгіре бердім. Өзім де әбден қалжырадым. Аркашамен бірге жерге құлап түстім. Ол әбден әлсірепті. Оны бір ағаштың түбіне сүйеп қойдым да, жаралы жерін іздестіре бастадым.

(Қ. Қайсенов)

317-жаттығу. Сөйлемдерді оқып, қарамен жазылған сөздердің синонимімен бірге көшіріңдер.

1. Ара **ағайынның** сөзін айтсаң, қарындастың көз жасын айттың, шырағым Абай, қарындасқа қайрымы бар бала деп есептеуші ем. 2. Оразбай өзінің **қыңыр**, қияс, қаскөй мінезі бойынша орайын тапты. 3. Қысылған **халқыңа**, қаумалаған қарындасыңа, бауырыңа пана табар бәйтерек бол. 4. Бұның ар жағындағы ішкі **тайталас**, тартыс, дау-жанжалдың біреуін де Әзімбай айтқан жоқ. Абаймен **араз**, қырбай болса... 5. Дәрмен өз ішінен Абай қабіріне қарап, үздіксіз бір **ант**, серт айтып отырғандай болды.

(М. Әуезов)

318-жаттығу. Төмендегі синоним сөздерге сөйлем ойлап жазыңдар.

1. Әдемі, әсем, көрікті, келбетті, ажарлы.
2. Қашық, шалғай, алыс.
3. Жат, бөтен.
4. Тез, шапшаң, лезде, жылдам.

319-жаттығу. Мәтінді оқып шығып, ондағы *ар, сақ, мекен, ұран* сөздерінің мағынасын тауып жазыңдар.

Айтушылардың айтуынша, естушілердің естуінше, бізге жеткен аңыз, ертегіде былай екен. Иә, алдымен айта кетейін: Отан, атамекен, ата-баба, ұрпақ, қазан-ошақ, ағайын-туыс деген қасиетті сөздер сол шақта да нақ осы күнгі сияқты мән-мағынада болған. Әр

кезде, әр мезгілде жігіттің намысын оятып, арын қамшылайтын да осы сөздер... Бірде Сүнейдің алдына Тарғалдақ деген адам келіпті. Ол алғашқы кезде қорқып, жау жағына өтіп кеткен адам екен. Енді кешірім сұрағанда: «Басқасы басқа, атамекенді сатқан сатқын ешқашан еліне опа бермейді. Сен өзінді жазала. Одан соңғысын өзім білемін», — деген екен. Және де сол кезде сақтар жауға ұрандасып шабатын болыпты. Білгір, саққұлақ көне көздердің айтуынша сақтар: «Мекен! Мекен! Бала-шаға! Бала-шаға!» «Қарындас! Қарындас!» — деп ұран тастайды екен. Мұның «мекен-мекен» дегені — Отаны, жері, өскен жері деген сөз. Бұл — ең бастысы. Бұдан соң «бала-шаға». Бұған сендер тәрізді балалар, келер ұрпақ, ата-ана кіреді. Ал «қарындас-қарындас» дегені, осы күнгідей қыз балаға айтылатын жай сөз емес. Ол заманғы «қарындас» бір қарыннан шықтық, туыс, бауырымыз деген мағынада айтылған. Қалай дегенмен де, сақтардың ұрандарында ерекше мән болған. Мекенін сүймейтін кім бар? Бала-шағасын сүймеген адам хайуаннан да жаман.

(С. Б., «Алтын адам»)

320-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп, антоним сөздерді жұп-жұбымен астын сызындар. Олар қандай сөз табына жататынын анықтаңдар.

1. Бұлардың тобынан жырылып қалған сұлу қыз ақ көйлек, қара камзолымен ауылдың түсін ашқандай. Жаңа қара шапанын ақ білегіне арта салыпты. Құнанбайдың сырты бұлардың ішін білмеген, елемеген кісі тәрізді болатын (М. Ә.)
2. Қыран баласына дүние әрі кең, әрі тар. Достары да аз емес, жаулары одан да көп. Азияның аязына, Африканың ыстығына шыдар ұрпақ керек. (F. M.)
3. Жақсы бала жеткізеді мұратқа, жаман бала қалдырады ұятқа. (Мақал)

321-жаттығу. Төмендегі сөздердің антонимдерін теріп жазындар.

Үлгі: *алыс — жақын*

Алыс, ескі, жас, ұзын, қуану, терең, оңай.

322-жаттығу. Мәтінді рөлге бөліп оқып шығып, ондағы әр адамның сөзіне мән беріндер.

Қазыбек беріде елге белгілі болған кезде, бір балаға дауласып, екі әйел алдына келіп жүгінеді. Әйелдердің бірі:

— Мынау баламды мен есін білмейтін жас күнінде жоғалттым, соны мынау тауып алды ма, әлде ұрлап алды ма, оны білмеймін, әйтеуір асырап алыпты. Бүгін танып сұрасам, «өз балам» деп бермейді, — дейді. Екінші әйел тұрып:

— Балам өзімдікі, өзім таптым. Мынау босқа жармасып тұр, — дейді. Қазыбек екі әйелдің сөздерін тыңдап болып, біраз ойланып отырып қалады. Содан кейін:

— Бірің балаңды жоғалтқаныңды, енді бірің тапқаныңды растап шығарлық мұнда басқа куә жоқ. Сондықтан мынадай билік еткім келеді, — дейді де, баланың екі қолынан екі әйелге ұстатып қойып, қара балтаны ұстап көтеріп тұрып: «Екеуіңе қара қылдай қақ бөліп беремін, осыған ризасындар ма? — дейді. Сонда балаға ие болып жүрген әйел:

— Біреуге тірі кеткенше, жартысы болса да, өзімде қалсын, бөлсең бөл! — деп безеріп тұрып алады. Ал баланы таныған әйел:

— Ойбай, биеке-ай! Қайда жүрсе де, тірі болсын, шаба көрмеңіз! — деп безек қағады. Содан барып Қазыбек:

— Бала мына жоғалтқан әйелдікі, өйткені ол баланың тірілігін тілеп тұр, баласын өзіне бер, — деп билік айтады.

(«Ел аузынан» кітабынан)

МАЗМҰНЫ

§ 1. Қазақ тілінің төркіні — түркі тілдер	4
§ 2. Ана тілінің құдіреті	5
§ 3. Әдеби тіл және оның нормалары	8
§ 4. Әдеби тіл мен мәтіннің байланысы	11

Сөзжасам морфологиясы

§ 5. Сөз тұлғасы	35
§ 6. Түбір мен қосымша	36
§ 7. Дара сөздер мен күрделі сөздер	39
§ 8. Біріккен сөздер	41
§ 9. Біріккен сөздердің емлесі	43
§ 10. Қос сөздер	45
§ 11. Қайталама қос сөздер	47
§ 12. Қосарлама қос сөздер	49
§ 13. Қысқарған сөздер	53
§ 14. Тіркесті сөздер	55
§ 15. Морфология. Сөздердің түрлері	59

Сөз таптары морфологиясы

§ 16. Зат есім	62
§ 17. Зат есімнің жасалуы	64
§ 18. Деректі және дерексіз зат есімдер	66

Сын есім

§ 19. Сын есім туралы түсінік	69
§ 20. Сын есімнің жасалуы	73
§ 21. Сын есімнің мағыналық түрлері	80

Сан есім

§ 22. Сан есім туралы түсінік	86
§ 23. Дара және күрделі сан есімдер	88
§ 24. Сан есімнің түрлері	90
§ 25. Есептік сан есім	90
§ 26. Реттік сан есім	92
§ 27. Жинақтық сан есім	93
§ 28. Болжалдық сан есім	95
§ 29. Топтау сан есім	97
§ 30. Бөлшектік сан есім	98
§ 31. Сан есімнің емлесі	100
Сан есімді қайталау	102

Есімдік

§ 32. Есімдік туралы түсінік	108
§ 33. Жіктеу есімдігі	110

§ 34. Сілтеу есімдігі	112
§ 35. Сұрау есімдігі	113
§ 36. Өздік есімдігі	115
§ 37. Жалпылау есімдігі	117
§ 38. Болымсыздық есімдігі	119
§ 39. Белгісіздік есімдігі	121
§ 40. Есімдіктердің емлесі	124
Есімдікті қайталау	127

Етістік

§ 41. Етістік туралы түсінік	130
§ 42. Дара етістік пен күрделі етістік	132
§ 43. Болымды және болымсыз етістіктер	135
§ 44. Сабақты етістік пен салт етістік	138
§ 45. Етістер	142
§ 46. Өздік етіс	142
§ 47. Өзгелік етіс	144
§ 48. Ырықсыз етіс	146
§ 49. Ортақ етіс	147
§ 50. Есімше	149
§ 51. Есімшенің жасалуы мен түрлері	152
§ 52. Көсемше	154
§ 53. Көсемшенің жасалуы мен түрлері	157
§ 54. Тұйық етістік	161
§ 55. Тұйық етістіктің емлесі	163
§ 56. Етістіктен өткенді қайталау	164

Үстеу

§ 57. Үстеу туралы түсінік	166
§ 58. Үстеудің құрамдық түрлері	169
§ 59. Үстеудің мағыналық түрлері	172
§ 60. Мезгіл үстеуі	172
§ 61. Мекен үстеуі	174
§ 62. Сын-қимыл (бейне) үстеуі	176
§ 63. Мөлшер үстеуі	178
§ 64. Күшейткіш үстеу	180
§ 65. Максат үстеуі	181
§ 66. Себеп-салдар үстеуі	182
Үстеудің мағыналық түріне қарай бөліну кестесі	184
§ 67. Үстеудің емлесі	184

Көмекші сөздер

§ 68. Көмекші есімдер	189
§ 69. Көмекші етістіктер	190
§ 70. Тіл мәдениеті	193
§ 71. Жұрт алдында сөйлеу мәдениеті	198

Ә. Исабаев т.б.
И83 Қазақ тілі. 6-сыныпқа арналған оқулық (Авторлар
Ә. Исабаев, **С. Исаев**, Ж. Дәулетбекова, Г. Нишанова).
Төртінші басылым. Т.: «O‘zbekiston», 2013. -208 б.

УЎК 821. 512.133-512.122
КБК 81.2 Қаз-922

ISBN 978-9943-01-386-5

O‘quv nashri

A. Isabayev, **S. Isayev**,
J. Dauletbekova, **G. Nishanova**

QOZOQ TILI

6-sinf uchun darslik

To‘rtinchi nashr

Редакторы *Д. Айтбаев*
Көркемдеуші редакторы *Х. Кутлуков*
Техникалық редакторы *Т. Харитонова*
Кіші редакторы *Д. Холматова*
Компьютерде беттеген *Г. Құлназарова*

Баспа лицензиясы АІ 158. 14.08.09.
Басуға 2013 жыл 4 июнда рұқсат етілді. Пішімі 60×90¹/₁₆.
Офсеттік басылыс. Офсеттік қағаз. Әріп түрі «Таймс».
Шартты баспа табағы 13,0. Есепті баспа табағы 9,8.
Таралымы 5270 дана. Тапсырыс № 13-53.

Өзбекстан Баспасөз және ақпарат агенттігінің
«O‘zbekiston» баспа-полиграфия шығармашылық үйінде басылды.
100129, Ташкент, Науаи көшесі, 30.

Телефон: (371) 244-87-55, 244-87-20.
Факс: (371) 244-37-81, 244-38-10
e-mail: uzbekistan@iptd-uzbekistan.uz
www.iptd-uzbekistan.uz

Пайдалануға берілген оқулықтың жағдайын көрсететін кесте

№	Оқушының аты, фамилиясы	Оқу жылы	Оқулықтың пайдалануға берілгендегі жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы	Оқулықты тапсырғандағы жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы
1						
2						
3						
4						
5						
6						

Пайдалануға берілген оқулықты оқу жылы аяқталғанда қайтарып тапсырады. Жоғарыдағы кестені сынып жетекшісі төмендегі бағалау мөлшері негізінде толтырады.

Жаңа	Оқулықты алғаш рет пайдалануға берілгендегі жағдай
Жақсы	Мұқаба бүтін, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыралмаған. Барлық парақтары бар, жыртылмаған, көшпеген, беттеріне жазбаған және сызбаған.
Орташа	Мұқаба езілген, аздап қана сызылған, шеттері жейілген, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыраған жерлері бар. Пайдаланушы жағынан қанағаттанарлық жөнделген. Жұлынған, кейбір беттері сызылған.
Нашар	Мұқаба былғанған, сызылған, жыртылған, негізгі бөлігінен ажыраған немесе мүлдем жоқ, нашар жөнделген. Беттері жыртылған, парақтары жетіспейді, сызып, бояп тасталған. Оқулық қалпына келтіруге жарамайды.

Ә. Исабаев т.б.
И83 Қазақ тілі. 6-сыныпқа арналған оқулық (Авторлар
Ә. Исабаев, **С. Исаев**, Ж. Дәулетбекова, Г. Нишанова).
Төртінші басылым. Т.: «O‘zbekiston», 2013. -208 б.

УЎК 821. 512.133-512.122

КБК 81.2 Қаз-922

ISBN 978-9943-01-386-5

O‘quv nashri

A. Isabayev, **S. Isayev**,
J. Dauletbekova, **G. Nishanova**

QOZOQ TILI

6-sinf uchun darslik

To‘rtinchi nashr

Редакторы *Д. Айтбаев*
Көркемдеуші редакторы *Х. Кутлуков*
Техникалық редакторы *Т. Харитонова*
Кіші редакторы *Д. Холматова*
Компьютерде беттеген *Г. Құлназарова*

Баспа лицензиясы АІ 158. 14.08.09.
Басуға 2013 жыл 4 июнда рұқсат етілді. Пішімі 60×90¹/₁₆.
Офсеттік басылыс. Офсеттік қағаз. Өріп түрі «Таймс».
Шартты баспа табағы 13,0. Есепті баспа табағы 9,8.
Таралымы 754 дана. Тапсырыс № 13-54.

Өзбекстан Баспасөз және ақпарат агенттігінің
«O‘zbekiston» баспа-полиграфия шығармашылық үйінде басылды.
100129, Ташкент, Науаи көшесі, 30.

Телефон: (371) 244-87-55, 244-87-20.
Факс: (371) 244-37-81, 244-38-10
e-mail: uzbekistan@iptd-uzbekistan.uz
www.iptd-uzbekistan.uz

УЎК 821. 512.133-512.122
КБК 81.2 Қаз-922
И 83

Авторлар тобы:

Ә. Исабаев, **С. Исаев**,

Ж. Дәулетбекова, Г. Нишанова

Пікір жазғандар: Педагогика ғылымдарының кандидаты,
профессор **А. Қалдыбекова**;
Педагогика ғылымдарының кандидаты,
доцент **Е. Абдувалитов**;
Ташкент облысы, Төменгі шыршық ауданына
қарасты 40-мектептің мұғалімі **Х. Савдашева**.

Қоғамдық негізде арнаулы редакторы — **Жолдас Асабаев**, педа-
гогика ғылымдарының кандидаты, доцент.

Өзіндік (практикалық) тапсырмалар

Оқулықтағы шартты белгілер:

 — күрделі тапсырма

 — шығармашылық тапсырма

 — грамматикалық түсінік

**Мемлекеттік бюджет қоры есебінен
басылды. Тегін.**

ISBN 978-9943-01-386-5

© «ЎЗБЕКИСТОН» баспасы, 2004
© «O'ZBEKISTON» БПШҮ, 2005
© «O'ZBEKISTON» БПШҮ, 2009
© «O'ZBEKISTON» БПШҮ, 2013